

*Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.*

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казахский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ–
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

9/2015 ҚЫРКҮЙЕК

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО–ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлпәш
САРИЕВА, Пиалаш СҮЙІНКИНА.*

МАЗМҰНЫ

Э.ОМАРОВА.	Тиімді әдіс – баршаға ортақ Қазақ әдебиеті сабақтарында сыни ойлаудың маңызы.....3
Г.МҰСАБАЕВА.	Заманауи оқытудың негізгі 7 модулін қолданудың тиімділігі.....10
Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА.	Оқушылардың ауызекі сөйлеу мәдениетін арттыру жолдары.....19
	Тіл тағдыры - ел тағдыры
Б.КӨЛБАЕВА.	Туған тілім - тірлігімнің айғағы.....25
Л.ӘУБӘКІРОВА.	Тіл - аса қадірлеп ұстайтын байлығымыз.....30
Г.МҰҚАНОВА.	Тіл білу - өнер.....40
	Әдістеме әлемінде: қазақ әдебиеті
Л.КЕМАЛАДИНОВА.	Ж.Аймауытов. Өнші.....43
Г.КАМЕНОВА.	Ы.Алтынсарин. Өке мен бала.....46
И.ЖАНАЛИЕВА.	М.Әуезов. Өмірі мен шығармашылығы.....51
	Мұғалімдерге көмек
Р.ҚАНАЙ.	Сапалы білім - Қазақстан дамуының кепілі.....57
	Әдістеме әлемінде: қазақ тілі
Б.ЖАЛПАҚОВА.	Ақпарат құралдары.....61
Ж.ДОСЮПОВА.	Өсімдік түрлері.....69
А.ЖАУКЕНОВА.	Қазақтың тұңғыш ғарышкері - Токтар Әубәкіров.....75
Б.ШЫНБАЕВА.	Қазақстан астаналары.....79
А.РАМАЗАНОВА.	Тарихи орындар.....84
А.КЕШУБАЕВА.	Қазақстан қалалары.....90
А.ТӨЛЕГЕНОВА,	Елімнің тұңғыш президенті.....94
Ш.ӘБЛЕМОВА.	
	Қайталау – оқу анасы
С.МЫРЗАҒАЛИЕВА.	Буын түрлерін қайталау.....97
Ә.ЫҚЫЛАСОВА.	Етістіктің райларын қайталау.....102
	Дананың сөзі - ақылдың көзі
Ш.АҒМАНОВА.	Ғ.Мұстафин. Адам.Өмір.....106
	Сыныптан тыс шара
Г.АХМЕТОВА.	Суды қадірлейік.....110
Г.ДҮЙСЕБАЕВА.	Мемлекеттік тіл-менің тілім.....113
А.ҚАНАШЕВА.	Күш -білімде.....117
Н.ЕМЕЛЬБАЕВА.	Біз қазақша сөйлейміз.....122
Ә.ИБРАЕВА.	Зияткерлік ойын-сайыс.....124
	Қазақ тілі-орыс аудиториясында
Л.ЗАРУБАЕВА.	Қазақстан қалалары.....129
	Білім сынағында
Р. БЕКЕШОВА.	Тест сұрақтары.....133
В.СҮЛТАНҚЫЗЫ.	Қазақ тілі пәнінен 7-сыныпқа арналған модульдік тест сұрақтары.....140
	Ұстаз шығармашылығы
И.ҚАЗЫМБЕК.	Қазақ тілі - азат тіл.....143

Тиімді әдіс – баршаға ортақ

Э.ОМАРОВА,
№23 орта мектеп.
Ақтөбе қаласы

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА СЫНИ ОЙЛАУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Бүгінгі таңдағы оқыту үрдісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды тиімді қолдануды талап етеді. Бұл жолда еңбектенуші әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет екендігі сөзсіз. Осыған орай Қазақстан Республикасының педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының деңгейлік бағдарламасы негіз болмақ. Бағдарламаның негізгі міндеті - қазақстандық мұғалімдердің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу. Сондықтан оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі және кәсіби мән мәтінмен өзара байланыста қарастырылады. Осы Бағдарламаның негізгі қағидасы тәжірибелік қызметті нақты ғылыми зерттеулердің дәлелденген нәтижелерімен кіріктіру болып табылады [1, 12-6.]. Мұның барлығы білім беру мен тәрбиелеудің сапасын көтеруді, әрбір пәнді оқытудың ғылыми деңгейін жоғарылатуды талап етеді. Осы деңгейлерді жоғарылатудың бір түрі ретінде сын тұрғысынан ойлау модулін алып қарастырмақпыз. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту модулінің әдістерін пайдалану арқылы


өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілі пәнімен бірге қазақ әдебиетін де оқыту үлкен жолға қойылып отыр.

Орыс тілді мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудағы мақсат - Республика халқын құрап отырған негізгі ұлттың, яғни қазақ халқы әдеби мұрасының озық үлгілерімен басқа тілді оқушыны етене таныстыру. Орыс тілде оқытатын мектеп баласына қазақ әдебиетін қазақ тілінде оқыту арқылы ұлттың әдеби мұрасы туралы белгілі ұғым қалыптастырумен қатар, көркем мәтіндерді қазақша оқу арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, оқушылардың әдеби шығармаларды өз бетінше оқып, түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру болып табылады. «2013-2014 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатта: «Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің білім мазмұнын іріктеудің өзіндік ерекшелігі бар екені белгілі. Мұнда көркем шығармалар жүйелі, ықшамдалып берілуі қарастырылды. Әдебиеттің теориялық мәселелері, көркем шығармаларды тұтас талдау жүйесі, көркем туындының стильдік ерекшеліктері тұтастай емес, әр тақырыптың өзіндік ерекшелігіне қарай талданады», - деп көрсеткен [2, 24-6.].

Сабақтағы басты тұлға, басты кейіпкер - оқушы екені мәлім. Оқушыны өз бетімен білім алуға, ол үшін ізденуге, терең ойлауға, зерттеуге дағдыларын қалыптастыру қажет. Осыған орай, заманауи білім беру үрдісі, ең алдымен, жеке тұлғаға бағытталғандықтан, тіл үйренушінің іскерлігін, коммуникативтік құзыреттілігін дамыту міндеттерімен ұштасып жатқандықтан, орыс сыныптарына арналған қазақ

әдебиетінің білім мазмұнын құрудың әдіснамасын дұрыс таңдап алу қажеттілігі туындайтыны айдан анық. Ол үшін қазіргі заман талабына сай мемлекеттік тілді меңгертуде озық заманауи технологияларды, ұтымды әдіс-тәсілдерді пайдалану, білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару - еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды мәселелердің бірі болып отыр. Сабақ барысында оқушылардың бұрынғы білетінін жаңа біліммен ұштастыра отырып, белгілі бір идеяны қабылдап, оның неге қатысты екенін зерттеп, салыстыра отырып, сол идеяларға қарсы көзқарастармен тепе-теңдікте зерттеуге бағытталған оқыту технологиясының бірі - сын тұрғысынан ойлау технологиясы. Сын тұрғыдан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Сын тұрғыдан ойлау—бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім» [3, 49-6.]. Сын ойлауға ғалымдар әр түрлі анықтамалар береді. Солардың ішінде ғалым Халперннің берген анықтамасы: «Сын ойлау-когнитивтік техникалар немесе стратегияларды қолданып, қалаған нәтижені алу мүмкіндігін үлкейтеді. Бұл анықтама ойлауға бақылаудан, негізділіктен және мақсаттылықтан әлдеқайда өзгеше мінездеме береді - мақсаттарды шешуде, қорытынды қалыптастыруда, шешімдерді бағалауда және қабылдауда жүгінетін ойлаудың үлгісі. Нақты жағдайдан шығуды көздеген және мақсатқа жетуді ойлаған адам негізі бар және нәтижелі осы дағдыларды қолданады» [4, 8-6.]. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы - әлемнің әр түкпірінен жиналған білім берушілердің еңбектерінің

жиынтығы. Сыни тұрғыдан ойлау -шыңдалған ойлау. Бірақ бұл деңгейдегі ойлау тек ересек адамдарға, жоғары сынып оқушыларына ғана тән деп ойлау дұрыс емес. Жас балалардың да бұл жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда өз даму деңгейіне сәйкес ойы шыңдалып, белгілі бір жетістіктерге жетері сөзсіз. Мемлекетіміздің елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқандай, экономиканың қарқынды дамуы үшін қазіргі нарық қатынасы талаптарына жауап бере алатын, сыни ойлана алатын, шығармашыл адамдар қажет [5, 13-6.]. Осыған орай өзім сабақ беретін орыс тілді сыныптарда оқытуды сын тұрғысынан ойлау бағдарламасымен оқытып, оқушылармен бірлескен әрекетімізде үйренудің тиімді, оңай жолдарын анықтау, маңызды жағдайларды шеберлікпен шеше білу, өз ойын сыни тұрғыда ойлауға қалыптастыру, өз білімдерін бағалауға, ұжым болып жұмыс жүргізе білуге қол жеткізіп келемін. Кембридж бағдарламасының үшінші деңгейін 2012 жылы аяқтап, сертификатқа қол жеткізгеннен бері жұмыс жасаған уақыт ішінде байқалған оңды өзгерістерді мына диаграмма арқылы көруге болады. Мен 2012-2013 оқу жылы алған 5 «б» сынып оқушылары қазақ әдебиеті пәніне 2 жыл көлемінде жылдық қорытынды бойынша төмендегідей(1-диаграмма) нәтижеге қол жеткізді. Менің тәжірибемдегі сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланған қазақ әдебиеті сабақтарының эксперимент және бақыланатын сыныптармен салыстырғанда, білім сапасының өскендігін байқауға болады.



5»А»

5»Б»

(1-диаграмма)

СТО жобасында 80-ге жуық «стратегиялар» бар. Оларды мақсатты, тиімді қолдана білу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Енді осы кезеңдердің ішінде қызығушылықты ояту тізбектелген төрт сабағымда оқушылардың белсенділігін арттыруды көздеймін. Өйткені үйрену - енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы білімімен ұштастырады. Орыс тілді мектептерде мемлекеттік бағдарлама бойынша қазақ әдебиетінен берілген тақырыптарға бір сағаттан берілген. Бұл жеткіліксіз.

Сын тұрғысынан ойлау жобасымен үш жыл көлемінде жұмыс істегеннің өзінде біраз жетістіктерге қол жете

бастады. Оқушыларды әдебиет сабақтарында ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда бес жолды өлең, эссе, елес құшағында, торлы талқылау, раунд robinг, РАФТ, INSERT, болжау, қосжазба күнделігі, еркін жазу, кубик, дөңгелек үстел, қолжазба, кержез, дәлелді эссе сияқты стратегиялардың берері көп [3,35-6.].

Жоғарыда аталған стратегияларды қолдана отырып өткізген бірнеше сабақтарымнан мысалдар келтірейін. М.Әуезовтің «Көксерек» әңгімесін 7-сынып оқушыларына оқытуда қызығушылықты ояту кезеңінде миға шабуыл әдісін пайдаландым. Мақсатым суретке қарай отырып берілген әңгіменің не туралы болатындығын анықтату.

-Әңгіме не туралы деп ойлайсыздар?

А деңгейлі оқушы	В деңгейлі оқушы

Мағынаны тану кезеңінде болжау стратегиясын бейнефильм көрсету барысында тиімді пайдаландым. Мәселен, әңгімені оқымаған оқушылар әр үзіндіні қарап отырып өз болжамдарын айтты. Өз ойларын бейнефильммен салыстырды. Ал «Ой толғаныс» кезеңінде «5 минуттық эссе» әдісі бойынша «Мен Құрмаштың орнында болсам ...» деген тақырыпта эссе жазды. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін пайдалана отырып «М.Әуезов. «Көксерек» тақырыбы бойынша өткен сабағым өте қызықты болды. Орыс тілді оқушылар өз ойларын ашық жеткізе алды. Сыныпта оқылып үлгермеген эсселерді сабақтан тыс уақытта тексеріп, оқушыларды бағаладым.

Қорыта айтқанда, Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасындағы мұғалім үйрену үдерісінде оқушыларға серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап, өз ойын, ақылын көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады.

[4, 14-6.]. Яғни, мұғалім бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады. Мен осы технологияның тиімді стратегияларын қазақ әдебиеті сабақтарында қолдану барысында ең бастысы - оқушылардың сабаққа деген ынтасы артып, олардың бір-бірімен пікір таластырып, ашық, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайтынын байқап келемін. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығып отыратын оқушылар да ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастайды. Сын тұрғысынан ойлаудың стратегиялары белгілі бір мақсатта, тілді меңгеруге деген ынтызарлықты оята отырып, орындаушылық қабілетке де жетектейді.

Стратегиялардың мәні-өздігінен білім алу барысында дәріс алушының тілдік қатынас жасауға деген талабы. Орыс тілді мектептердегі оқушылар қажетті сөздерді үйренсем, тауып айтсам деген ойлау қабілеттерін дамытады. Сондықтан қазіргі таңда педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшеліктеріне қарай қолдана білу - оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Әдебиеттер:

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектебі», ДББҰ, 2012ж.
- 2 www. Nao.kz сайтының материалдары.
- 3 Ташенова А.Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование, 2010. №6.
- 4 «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» -А., №10//2014жыл.
- 5 Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. -Алматы. «Білім», 2009.

ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ 7 МОДУЛІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

«Ел ертеңі - білімді ұрпақ», - деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай ел болашағының көркейіп, өркендеуі үшін білімді де талантты, дарынды да алғыр ұрпақ тәрбиелеп шығару ұстаздар алдындағы бүгінгі күннің басты міндеті болып отыр. Осы орайда Қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибесін жетілдіру мен бағалауда төменде аталған жеті модульдің берері мол.

«Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулінде білім алу - есте сақтау, ақпарат жинақтау, мағынаны ұғыну және анықтау, шынайылықты өзгеше түсіну және түсіндіру ретінде жүзеге асса, білім беру адамның білім алудағы нақты мүмкіндіктерін пайдалану сипатын қалыптастыратын жиынтық болып табылады. Орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал оқыту әдістемелері арасында сындарлы (конструктивті) теориялар (Hattie 2009).

Құзырлы мұғалім сындарлы оқытуда мұғалім-әрекет құрастырушы. Ол (оқытуды) ойлайды, төзімді, психологиялық орнықты (іштей дайын болуы керек), шешім қабылдайды, іс-әрекет көрсетеді. Өзіне сенімді мұғалім дұрыс көзқарасымен нақты шешім қабылдап, іс-әрекет (топтастыру, сергіту, рөлдік ойындар, көрініс, постер) жасатып, түйінді идея шығартып, ол есте сақталады. Бұл бағдарламалар бойынша инклюзивті оқыту деген бар – мұнда мүмкіндігі шектеулі балалар да, дарынды балалар да барлығы бірдей оқытылады және бағаланады. Біз оқушыға жұмысты жүргізудің дұрыс әдісін модельдеуді, тапсырманы және оны орындауды оқушылар қалайша талқылауды, тиісті жоспарлауды, сабақтың әр кезеңіне оқушыларды дайындауды, тапсырманың түйінді идеясын түсіндіруді, үлгілер мен басқа да

креативті идеяларды бере отырып, жазбаша түсініктерді енгізуді, жоғары деңгейге лайық пікірталастарды атап өтеді. Мұғалім-кез келген жағдайдан (ситуациядан) шыға алатын адам. Мұғалімнің кәсіби құндылығы - теориялық білімі болу керек, тәжірибе орталығы нәтижелі болады, яғни, үнемі ізденісте жүретін «Дипак» мұғалім болады. Жақсы мұғалім оқушыны марапаттап, алға ұмтылдырады, сұрақ беріп, ауызекі сөйлеуін дамытады, ілтипат жасап көтермелейді, әлеуметтендіріп іс-әрекет жасатады, Альма сияқты мазасыз, Хана сияқты дәрменсіз, мінсіз Дейв сияқты оқушылардың үнемі сенімін арттырып, ынталандырып көмектеседі.

Өткен ғасырдың 70-80-жылдарындағы оқу туралы көптеген теориялық зерттеулерді гуманистік психологияға негіздеп және өсудің адами әлеуетін «мен» тұжырымдамасына баса назар аудара отырып қарастырған. Түсінуді дамытуда жеке еркіндік, таңдау, ынта сезімдердің мәні де зор екендігі туралы пікір осыған түрткі болған факторлардың бірі болып танылды. Бұл орайда ынтаның иерархиялық моделін әзірлеген Авраам Маслоу (1968) болды. Төменгі деңгейге ол психологиялық қажеттіліктерді орналастырса, жоғары деңгейге өзін-өзі көрсете таныта білуді қойды. Маслоу төменгі деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда ғана келесі деңгейге көшуге болады деп сендірген, себебі төмендегі деңгейде ынта жоғарғы деңгейден анағұрлым күшті болады. Оның кейбір оппоненттері бұл иерархиямен келіспейді, олар адамдар кейбір баспалдақтарды орындамай-ақ ойын іске асыра алады дегенді алға тартады. Соған қарамастан Маслоу деңгейлерді төмендегідей етіп орналастырып, пайдалы талдау құралын жасап шығарды.

1. Аштық, шөлдеу, жыныстық құмарлық, ұйқы, демалу және физикалық тәуелсіздік сияқты физиологиялық қажеттіліктер келесі деңгейге ауыспай тұрып қанағаттандырылуы керек.

2. Болашағы болжанған және бірізділікке негізделген әлем қажеттілігіне орай қауіпсіздікке деген талап туындайды. Егер де ол қанағаттандырылмаса адамдар өзінің әлемін қорғап, қауіпсіздіктің жоғары дәрежесін қамсыздандыру үшін бар күшін жұмсайды. Егер қанағаттандырылса 3-деңгейге ауыса алады.

3. Махаббатқа деген қажеттілік және біреуге қажет екеніңді сезіну адамдарды жылулық және жолдастық қарым-қатынастарға жетелейді.

4. Өзін-өзі құрметтеуге деген қажеттілік күш-жігерге, жетістіктер мен шеберлікке, құзыреттілікке ие болу ниетіне жол ашады. Бұған сенім, абырой және мәртебені жатқызуға болады.

5. Өзін-өзі таныта білу – дарын, қабілет және әлеуеттік шамасын толық көрсете білу.

Карл Роджерстің «Мен» тұжырымдамасы бойынша бізді алға жылжытатын және мінез-құлықтарды бағыттайтын, өзін – өзі өзгертуге жетелейтін әлеуметтік стимул болып табылатын әр түрлі жеке сипаттамалары бар барлық когнитивті және аффективті компоненттердің үйлесуі болып табылады.


1. Осы Маслоу теориясын қолдана отырып, мұғалім оқушыны алдын ала оқытар алдында, оның әлеуметтік жағдайын білу қажет, тамағы тоқ па, қарны аш емес пе, ұйқысы қанған ба? Яғни оқушының денсаулығына назар аударамыз.

2. Сынып оқушылары сабаққа дайын ба, дұрыс жабдықталған ба, баланың оқуына зияны жоқ па?

3. Балада жылулық мейірімін ояту үшін, біреуге керек екенін сезіндіру үшін мұғалімнің өзі де осындай мейірімді, оқушыға деген махаббаты мол болуы керек.

4. Оқушыны өзін-өзі құрметтеуге, жігерлікке, шеберлікке, дарындылыққа, құзыреттілікке, сенімді болуға, абыройлы, мәртебелі болуға үйрету.

5. Өзін-өзі таныта білу.



Дәстүрлі сабақ кезінде мұғалім көп сөйлеп, оқушы тыңдайды, сабаққа қызығушылығы жоқ, еркін болмайды. Берілген тапсырмалар көп, оқушыны шаршатағын еді. Бірін орындаса, бірі орындаусыз қалатын. Мұғалім қазіргі уақытта осы жаңа стратегияларды қолданып, бағыт-бағдар беріп, сабақты ұйымдастырады, ойландырады. Мен осы мектепте тәжірибе кезінде 4 «в» сыныбына төрт сабақ өткіздім. Осы барлық сабақтарды ұйымдастыру кезінде «Оқыту мен оқудың жаңа тәсілдерінің» бірі диалогты қолдандым. Топтық жұмыс арқылы оқушыларды топқа бөліп, ережемен таныстырдым.

Сыныптағы диалогті әңгімені дамыту модулі (Александр, 2004) диалог барысында келісілген нәтижеге жету үшін күш-жігерін жұмсайтын және Мерсер (2000) сипаттағандай «білімді бірлесіп алуда» немесе «пікір алмасу» барысында тең құқылы серіктестіктер болып табылады» - деп көрсеткендей, сабақ барысында «Сыни тұрғыдан ойлау» арқылы сұрақтар беріліп, оқушылардың да, мұғалімнің де сұрақтары мен жауаптары, *мұғалім – оқушы, оқушы – мұғалім, оқушы – оқушы* қатынасы арқылы жүзеге асып, яғни, ынтымақтастықта, белсенді болып, оқу ортасын құрып, оқушылардың зейінін шоғырландырдым.

1. «Менің Отаным» тақырыбын өткенде тақырыпқа сай «Рәміздерде не бейнеленген?» деген сұрақ қойдым. Жауаптары арқылы топқа бөлдім. Алтын күн, шаңырақ, алтын күн аспаны сөздері арқылы бөлдім.

2. «Қазақстанның Астанасы» тақырыбын өткенде Астана, Ақмола, Алматы қалаларының аттары бойынша топқа бөлдім.

3. «Қазақстанның қалалары» сабағында Жаңаөзен, Ақтау, Атырау қалалары арқылы топқа бөлдім.

4. «Қазақстанның табиғаты» сабағында тау, өзен, су аттарымен топқа бөлдім.

Балаларды топқа бөлу оқушылардың әлеуеттігін арттырады. Сабақ барысындағы сұрақтар мен жауаптар оқушылардың да, мұғалімнің де сұрақ-жауаптары арқылы жүзеге асты. Осы орайда Рэгг және Браун (2001) ұсынған әрекет түрлерін пайдалану, оқушылардың ақпаратты игеру үдерісін бақылауға мүмкіндік тугызса, сұрақ қойғаннан және жауап алғаннан кейінгі кідіріс жасау (Харгривс және Гэлтон, 2002) оқушылардың өз жауаптарын түзетуге, нақтылауға және дұрыстауға мүмкіндік береді. Мәселен:

1. «Менің Отаным» тақырыбын өткенде мен «Туда не бейнеленген?» «Алтын күн, дала қыраны, шаңырақ, еркіндік, отбасы, тату сөздері нені білдіреді? т.б. тақырыпқа қатысты сұрақтар қойдым.

2. «Қазақстанның Астанасы», «Қазақстан қандай мемлекет?, Астанасы қай қала?».

3. «Қазақстанның қалалары», «Қазақстанда неше облыс бар?, «Сен қай облыста тұрасың?».

4.«Қазақстанның табиғаты», «Қазақстанның жері, табиғаты қандай?, «Қазақстанда қандай тау, көл, өзен, теңіздер бар?, Сен еліңді жақсы көресің бе?», т.б. түрткі болатын сұрақтар қою

арқылы оқушылардан толыққанды жауап алдым. Осы кезде кейбір оқушылар сұрақтарды әрі қарай дамытты.

Бұл модульді барлық сабақтарда қолдандым, себебі оның маңызы өте зор. Осылай оқушылармен бірлесе отырып оларға ой тастадым, оқушылар нақты жауап берді. Сабақ үстінде сөздерді үйренуде оқушыларда күйзеліс (аффект) болады, мен сол күйзелісті ұтымды пайдалану мақсатында оқушыларға сергіту жасаттым. Мәселен: *өзен – река, тау – гора, теңіз – море*, деп оқушылар қайталады, топ болып әрекет етті, жаттау арқылы ой-өрісі дамыды, ойын арттыру арқылы сыныпта қарым-қатынас жасады, бірлесіп білім алды, бойларын сергітті.

Сыни тұрғыдан ойлау модулі қарсы пікір айтуды, баламалы шешімдер қабылдауды, іс-әрекетіміз бен тәсілдерімізге сыни тұрғыдан қарауды жүзеге асырады. Яғни, балалар күннен – күнге қолжетімді болып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуға мүмкіндік беретін сыни тұрғыдан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту керек. (Wolfe and Alexander, 2008). Александердің тәжірибеде зерттелген бес диалогтық үлгісін негізге ала отырып, қызығушылықты ояту мақсатында «Қазақстан қалалары» мәтініндегі алғашқы азат жолды оқып, «әрі қарай қалай өрбіді?» деген сұрақ тастасам, «Астана» тақырыбын өткенде, бұрын өткен тірек-сөздерді еске түсіріп, орыс тіліне аудару жұмысы жүргізілді. Сабақ барысында оқушылардың өзін-өзі бағалауы, топтық бағалау жұмыстарын жүзеге асыруы, өз құрдастарының жауабын бағалауы-сыни тұрғыдан бағалаудың бірден-бір дәлелі. Ал бағалау формативтік және жиынтық бағалау болып бөлініп, формативті немесе оқыту үшін бағалау 1999ж. (авторы Assessment Reform Group) кітапша жарияланғаннан кейін белгілі болған. Бағалау мақсаты - оқытудың қиындықтарын анықтап, жетістікке жеткенін көрсететін кері байланыс, болжау және сұрыптау, стандарттарды бақылау және орындау, оқыту бағдарламасының бақылау және білім беру стилін бақылау, яғни, оқушының сұрақтарға берген жауаптарын бақылау. Бұл айтылғандар оқытуды жақсарту үшін қажет болып табылады. Ал ол үшін төмендегі бес факторды жүзеге асыру керек болады.

- 1) Оқушылардан тиімді кері байланысты қамтамасыз ету.
- 2) Оқушылардың өзіндік оқуға белсенді қатысуы.
- 3) Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқытуды өзгерту.

4) Бағалаудың оқушылардың өзін-өзі бағалауы мен қызығушылығына едәуір ықпал етуі.

5) Оқушылардың өз-өздерін бағалай алуы және өздерінің оқуын қалай жақсартуға болатындығын түсіну қажеттілігі. Осы факторларды жүзеге асыру мақсатында «Менің Отаным» тақырыбын өткен сабақта өзін-өзі бағалау, топтық бағалау жүргізілсе, «Қазақстанның қалалары» сабағында оқушылардың бір-бірін бағалауы жүргізіліп, өзімнің қорытындылауыммен жиынтық баға қойылып отырды. Нәтижесінде 5 оқушы «5», 7 оқушы «4» деген бағаға бағаланды. Білім беруде АКТ оқушыларға ғылыми ұғымдарды түсіндіруде және олардың қабылдауын, түсініп, жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде көмектесетін маңызды құрал болып табылады. «АКТ-ны қолдану» барысында үш білім саласы бойынша технологиялық, педагогикалық және мазмұндық білім беріледі, яғни, жаңа технология оқуды жақсарту жағынан өзгертуге қабілетті болуға тиіс болса, онда жоспарлау үдерісі пәннің ерекше білімдерін оқушылар қалай түсінетінін біле отырып, ықпалдасын қамтуы керек. (Мишра және Келер, 2006).

Осы мақсатта «Менің Отаным» тақырыбында оқушылар интернет арқылы атамекен, рәміздері туралы мәлімет алса, «Қазақстанның астанасы» тақырыбын өткенде Астана бойынша жасалған слайдтар арқылы, «Қазақстанның қалалары» тақырыбында қалалар туралы, қалаларда өндірілетін пайдалы қазбалар мен өнімдер туралы дивергентті ойлап, жауап беруге, «Қазақстанның табиғаты» сабағында тау, өзен, теңіз, көлдері туралы интернеттен мәліметтер алды.

«Талантты және дарынды балаларды оқыту» модулі бойынша талантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып, бастауыш мектептердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуге тиіс» «Eug and Lowe, 2002» деп көрсеткендей ең бірінші сыныптың оқушыларына зерттеу жұмысын жүргізген дұрыс. Осы мақсатта мен «Есте сақтау қабілетін дамыту» зерттеу сабағын өткіздім.

Онда:

1. Көру арқылы есте сақтау. Мәселен: интерактивті тақтадағы слайд арқылы рәміздерді бердім, сонда есте сақтау қабілеті тез дамыған Рысмахан, Мәнзия, Мейірлан сияқты оқушыларды байқадым.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқу модулінде баланың оқу және мәселелерді шешу қабілеті, яғни, когнитивтік дамуына назар аударуымыз керек. Бұл баланың оқуға деген қабілеттілігін, зейін, сөз сөйлеу дағдылары, ойлау, негіздеу және шығармашылық зияткерлік сияқты қабілеттерін дамытуға және тұрақтандыруға көмектеседі. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқытудың негізгі теориялары ретінде оқытудағы гуманистік тәсіл (Маслоу мен Роджерс, 1983) «жоғарырақ деңгейге өту тек төмен орналасқан қажеттіліктер орындалған жағдайда ғана мүмкін болады» деген қағидасын басшылыққа алған дұрыс деп білемін. Бұл тәсілді қолданғанда логикалық және интуитивті зият пен сезім үйлесім тапқан, барлық тәжірибесімен, білімімен қоса алғанда «жеке тұлға» тәрбиелеп шығарамыз. Хаген мен Хейл (1973) зерттеулеріне қарағанда төмен жастағы балалар өзіне қажеттіліктерден гөрі, қажет емес, бірақ бір көргеннен көзге түскендерді есте сақтаса, жоғары 14-15 жастағылар сол көптің ішінен өзіне қажетті тиімді дегендерін таба алған, яғни, зейінін өзіне қажетті затқа аудара білді. Сондықтан біз де төменгі сынып оқушыларын тақырыптың мазмұнын ғана таныстырып, жан-жақты ойлайтын, ойын жүзеге асыра алатын, өзіндік пікірі бар «жеке тұлға» шығарамыз.

1. Сабағымды өмірмен байланыстырып, оқушыларды туған жерін, рәміздерді құрметтеуге;
2. Қаласын таза ұстауға, ел байлығын қорғауға;
3. Еліміздің астанасын қадірлеуге, өзге ұлт өкілдерімен ынтымақтастықта, бірлікте болуды;
4. Табиғатты аялап, қорғауға үйреттім. Демек, бұл балалар Отанымыздың болашақ патриоттары, көшбасшысы болады деген сөз. Бұл Уильям Джеймс (1890), Выготский (1962) және Флейвелл (1995) зерттеулеріндегі «Білімді сапалы түрде ұғып бақылаудың біртіндеп өсу, балалардың өзіндік ойлау үдерісін жақсы түсінуге, өзінің бақылауы мен ұйымдастыруын игеруге көмек бере алар едік» - деген пікірін жүзеге асыру. Мен сабақ берген 4 «в» сыныбында 2002 жылдың қазан мен 2003 жылдың тамыз аралығында туылған балалар жинақталғандықтан берілетін тапсырмалар бірдей болды. Сыныпта 2003 жылдың қаңтар айында туылған Мейірлан деген оқушының тапсырмаларды орындауда шапшаңдығы, ойын жеткізуде тиянақты, нақ сөйлеуі барлық сабақтарда да байқалып отырды. Қалған сынып оқушыларында

айтарлықтай жас ерекшелігінің айырмасы байқалмады.

Бұл әрекетті жүзеге асыруда білім берудегі басқару мен көшбасшылық модулінің маңызы зор. «Адамгершілік мақсаттағы мұғалімдер өздерінің әріптестерін және айналасындағыларға әсер ету үшін көшбасшылық қасиеттерін көрсетеді. Олардың көңілінде үнемі талапқа сай білім беру тұрады» (Frost, 2011) дегендей мұғалім өзінің көшбасшылығын дамыту жұмыстарын (МКДЖ) жүргізіп отыруы керек. Бұған әріптестермен біріге отырып, стратегиялық шешімдер қабылдап, бірге жұмыс істеуде фактілерді жинау мен қолдануға кәсіби білімді құруға және таратуға, іс-тәжірибені жетілдіру жолындағы біздің бүгінгі күні жасап жатырған жұмыстарымыз дәлел бола алады. Осы курс барысындағы жеті модуль бойынша өткізілген сабақтарымызды әріптестерімізбен бөлісуіміз, мектеп оқушыларына сабақ берудің жаңа үлгісі ретінде енгізуіміз – көшбасшылығымыздың алғашқы бастамасы болып табылады.

Көріп отырғанымыздай, барлық сабақтарда да жеті модуль бір-бірімен өзара байланыста болады екен. Сонда ғана біз оқушыларға толыққанды білім бере аламыз.

Жалпы мұғалім оқушыларда Чиксентмихайи (2008) «өзіндік мақсат» және Райан мен Декки (2009) «ішкі уәж» деп атайтын қасиеттердің болуына жағдай жасауы керек. Осы орайда оқушылардың өздеріне берілген тапсырмада өзіндік пікірін білдіріп, оны қорғап шығуы мен өткізген «Менің Отаным» сабағында балалардың туған жерін құрметтеуге деген өз ой-пікірлерін эссе түрінде жазып және сұхбат арқылы дәлелдеулерінен көрініс тапты.

Ал осы сабақтарда пайдаланған сыни тұрғыдан ойлау модулінің 4 сабақта пайдаланған әдістеріне тоқталсам:



1. «Менің Отаным» тақырыбын өткенде «Ассоциация» әдісі қолданылды. Оқушылар берілген тапсырмаларды сыни тұрғыдан ойлап, пікір айтып, топтық және өзін-өзі бағалау жүргізді;

2. «Қазақстанның қалалары» тақырыбында «Миға шабуыл» әдісі қолданылды. Оқушылар сыни тұрғыдан бағаланып, метатану тәсілі арқылы топтық жұмыс жүргізіліп, сыни тұрғыдан пікір айтылды;

3. «Қазақстанның қалалары» тақырыбында «Миға шабуыл», кері байланыс, эссе жазу, сыни тұрғыдан пікірлерін білдіру әдістері қолданылды;

4. «Қазақстанның табиғаты» тақырыбы бойынша өткен сабақтарды еске түсіру мақсатында сыни тұрғыдан ойлап, пікір айту, эссе жазу, диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлау, бағалау, топтық бағалау әдістерін қолдандым. (слайд)

Нәтижесі: 1.Топтық жұмыс жасауға үйренді.

2.Өз пікірлерін еркін, қысылмай жеткізуге үйренді.

3.Әділ түрде бағалауға үйренді.

4.Ой толғау, эссе жазу арқылы тіл шеберлігі дамыды.

Өзіндік ой-пікірі бар, тіл мәдениеті дамыған білімді тұлға қалыптасты.



Р.ЖАҚСЫҒҰЛОВА,
№21 жалпы орта білім беретін
мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ОҚУШЫЛАРДЫҢ АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты: оқушылардың қарым-қатынасын қалыптастыру, тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген.

Мұғалім үшін басты міндет – оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту. Мемлекеттік тілді орыс мектептерінде оқытуда оқушыларды қазақша дұрыс сөйлеуге, оқуға, сауатты жазуға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйрету, ойлау қабілетін дамыту, ойын қазақша жеткізе алатындай болуы көзделеді. Қазақ тілінің асыл мұрасы – сөз байлығын, шебер сөйлеудің озық үлгілерін игерту, тілімізді қадірлеп, қастерлеуге шақыра білу – педагогтардың басты міндеті.

Қазіргі заман талабы – өзін-өзі басқара алатын, жан-жақты дамыған, мемлекеттік тілді жетік білген дара тұлға етіп шығару. Сабақта бұл мәселені шешу жолдарының бірі – әр түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді

қолдана отырып, жаңа технологияларды енгізу.

Әр сабақта менің алға қойған мақсатым: технологиялардың тиімді тәсілдерін қолдана отырып, қазақ тілінің орфографиялық нормасын оқытуды қалыптастыру, қазақша сауатты жазу, сөздерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, сөз тіркесін жасау арқылы оларды сөйлемдерде дұрыс орналастырып, сөйлем құрау, сөйлем арқылы ойын басқаға жеткізу, басқаның сөзін түсіну-оқушының тілін дамыту. Ауызекі сөйлеуге үйрету – қиын жұмыс.

Сабақта бағдарлама талабына сай оқушылардың сөйлеу әрекетін (айтылым, тілдесім, оқылым, жазылым, тыңдалым), сондай-ақ тілдік білік пен дағдыларды қалыптастыру көзделеді.

Тыңдалым. Мұнда балалар бағдарламаның негізінде құрылған қазақша сөздерді, мұғалімнің сабақ жүргізуге байланысты қолданатын нұсқау сөздерінің мағынасын түсінулері керек.

Сөйлесім. Диалогтік сөйлесу. Балалар сабақ материалдары негізінде сұрақ қоя және жауап бере білулері керек. Монологтік сөйлесу. Оқушылар өтілген материал негізінде кез келген тақырып бойынша хабарлама жасай алулары керек.

Оқылым. Оқушылар мәтінді оқып, өз беттерінше түсініп, сұрақтарға жауап беріп, мазмұнын өз сөздерімен айтып берулері керек.

Жазылым. Оқушылар қазақ тілінде жазудың техникасын игеруге тиіс, сөздерді қатесіз жазып, сұрақтарға жазбаша жауап берулері, диктант, мазмұндама, шығарма жаза алулары керек.

Қазақ тілін оқып-үйренуде фонетикалық

жаттығулардың маңызы зор. Өйткені қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып үйренбеген оқушы тілді меңгеруі мүмкін емес. Сондықтан да тіл үйренушілердің сөздерді дұрыс айтуына көп көңіл бөлу керек. Әр сабаққа фонетикалық жаттығулар беріп, оларды сабақтың басында орындап отырады.

Мұндағы мақсат – оқушылардың зейінін бірден фонетикаға аудару, сөздерді дұрыс айтқызып үйрету.

Мәтіннен кейінгі жұмыста «Сұрақтарға жауап беріндер» тапсырмасы беріледі. Тіл үйренуші алдымен сұрақты тыңдап, мазмұнын түсініп, содан кейін ол сұрақтың орнына керекті сөзді қоюы керек. Мұндай тапсырмаларды орындаған кезде сөйлеу әрекетінің тыңдалым, айтылым түрлері өз жұмыстарын жүргізеді және тіл үйренушінің айту дағдысы қалыптасады.

Диалогтің маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Оқушылар тілдесім арқылы бір-бірімен ой бөліседі, жөн сұрасады.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамытатын әдістердің бір түрі – топтық жұмыс болып табылады. Бала алдымен тапсырманы жеке орындайды, содан соң жұпта, топта талқылайды. Яғни, олардың шығармашылық белсенділіктері дамиды, өз ойларын толық жеткізе машықтанады, сөздік қорлары молаяды.

Оқушылардың ауызекі сөйлеу тілін дамыту жұмысына қойылатын талаптар:

1. Оқушылардың сөздік қорын байыту;
2. Жаңа сөзбен сөз тіркесін, сөз тіркесімен сөйлем құрау;

3. Сурет бойынша жаңа сөздерді атау;
4. Хормен қайталау;
5. Жүппен оқу;
6. Қазақтың ерекше дыбыстарын айта білу;
7. Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту;
8. Байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру.

Қазақ тілін үйретуде баланың қызығушылығын ояту керек. Ол үшін тірек сөздер беріп, сол арқылы оқиғаны болжап, мәтін құрастыру, оны жұпта және топта талқылату, тақырыпқа байланысты сұрақ қою, сурет бойынша сөйлетуге болады.

Өзімнің әдістемелік тақырыбымды басшылыққа алып, оның түрлі әдіс-тәсілдерін сабақтарымда кеңінен қолданамын. Оқушылардың ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін төмендегі әдістерді пайдаланамын.

1. Сөздік жұмысын жүргізу. Сөздік жұмысын жүргізу арқылы оқушының сөздік қорын байыту көзделеді. Жаңа сөздің мағынасын түсініп, саналы түрде есте сақтау, жаттау, ауызша, жазбаша сөздерді дұрыс қолдана білу. Сабақта сөздік жұмысына көп зер саламын. Сөздік жұмысын жүргізгенде сөйлеу дағдылары қалыптасады. Сөздік қоры көп болса, тіл дамыту жеңіл болады, әр түрлі сөздерге байланысты суреттер көрсетіледі. Жаңа сөздер мен сөз тіркестерін аударып, мағынасын синоним сөздер арқылы түсіндіремін. Сөздің синонимдерін білу – мұғалімнің оқушылардың тіл мәдениетін қалыптастыруға, байытуға үлкен септігін тигізеді.

2. Сұрақ-жауап әдісі – ауызша сөйлеуде, тіл дамытуда, тақырыпты меңгертуде қолданылады.

3. Мәтін бойынша тіл дамыту әдісі – белгілі бір мәтінмен, сөздікпен жұмыс жүргізу. Мәтінді оқытудағы

түпкі мақсат – оқушының түсініп оқуы. Оқушының мәтінді түсіну қабілетін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып анықтауға болады:

А) Оқыған мәтіннің мазмұнын айтып беру жолымен өз алдына дербес сөйлемдер құрастыру.

Ә) Мәтіндегі мұғалімнің сұрағына дайын жауап айту.

Б) Берілген мәтіндегі ойды бірнеше сөйлеммен айтып беру.

В) Оқыған мәтінге тақырып қою.

4. Демонстрациялау әдісі – материалды сурет, схема, т.б. экрандық құралдар арқылы түсіндіру.

5. Қайталау әдісі – жүйелі, үздіксіз қайталау арқылы өткен тақырыптарды тиянақты есте қалдырудың ұтымды тәсілі.

6. Жаттығу әдісі арқылы сөздің мағынасына, дұрыс айтылуына түсініктеме беріп, дәлелдеп, сөйлеу мәдениетін тәрбиелеу.

7. Әңгімелеу әдісі.

8. Көрнекілік әдісі - кесте, сурет, сызба пайдалану.

Оқытушы дәстүрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіре отырып және жаңа технологияларды пайдаланып оқыта білсе, оқушының бойындағы тілге деген қызығушылық арттары сөзсіз.

1. Деңгейлік технологияны қолданудағы негізгі мақсатым: баланың қабілетін ашу, шығармашылығын шыңдау, іздендіру, пәнге деген қызығушылығын арттыру. Әр тақырыптан кейін деңгейлік тапсырмалар беріп тұрамын.

2. Ойын технологиясын сабақта қолдану арқылы оқушылардың ойлау қабілетін дамытамын. Әр баланың өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастырамын, сабаққа

зейінін аударамын, адамгершілік қасиеттерін, білімге құштарлығын арттырамын. Сабақта оқушылармен «Заттың атын ата», «Кім көп сөз табады», «Тапқыштар», «Жалғасын тап» сияқты ойындарды өткізіп тұрамын. Ойын сабақтары оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады.

3.Ең жиі қолданылатын Сын тұрғысынан оқыту технологиясының әдіс-тәсілдерін пайдалану арқылы оқушылардың бірінен-бірі қалғысы келмей тапсырмаларды орындап, жақсы оқитын оқушы дәрежесіне көтерілуіне мүмкіндік жасаймын.

Оқыту технологияларының барлығы да – қазақ тілі сабақтарын тиімді өткізудің көзі. Бұл технологиялардың мақсаты – балаларға сапалы да терең білім беру, олардың дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, еркін сөйлеу дәрежесіне жеткізу.



Тіл тағдыры - ел тағдыры

Б.КӨЛБАЕВА,
№24 жалпы орта мектебі.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы

*Ана тілін біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш.
Ана тілін білмей тұрып, орысша жақсы сөйлесең, бұл – күйініш.
Халел Досмұхаммедұлы.*

ТУҒАН ТІЛІМ - ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,
Өшсе тілім, мен де бірге өшемін!

– деп, ақын Әбділда Тәжібаев ағамыз жырлағандай, тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті екенін барлығымыз білеміз. Туған тілім - асыл анамның әсем үнімен бойыма сіңген ана тілім. Әр адам өз анасын қалай қадірлеп сыйласа, туған тілін де солай құрметтеп, сүйе білуі керек деп ойлаймын. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс – берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. Тіл жай сөз емес, өмірдің талай сынынан өткен, өскелең талаптарға сәйкес өрістей түскен толыққанды ақиқат десек, жаңыла қоймаспыз.

Яғни, қазақ халқының басынан әр түрлі жылдарда ашаршылық, ұлт-азаттық қозғалыс, жаугершілік, отаршылдық секілді қиын заман өтті, бірақ халқымыз қайыспай, ұлт болып аман қалды. Бабасынан қалған алтын мұрасы тілін ұмытпады. Батыр аталар, қайсар аға-апаларымыз өмірдің қиын өткелдерінен ұлтымызды адастырмай алып шықты. Сөйтіп, көптен аңсаған, барша халық арман еткен тәуелсіздікке де қолымыз

жетті.

Тәуелсіз Қазақстанның көгінде көк байрағымыз желбіреді, әр азаматының жүрегі Әнұранды айтты, барша халық туған тілі – қазақ тілімен қайта табысты десек те болады. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Тіл – қоғамның жемісі екені анық.

Әрбір адамға тілі ана сүтімен беріліп, қалыптасады. Тіліміздің байлығы–ұлтымыздың мақтанышы. Ол, біздің бабаларымыздың ұрпағына мирас қылып қалдырып отырған баға жетпес мұрасы. Қанша басқа тіл білсең де, өз тіліңді өзгеден биік ұстауың қажет. Демек, туған еліңнің мемлекеттік тілін білуіңе міндеттісің. Әр адам өзінің туған тілін көзінің қарашығындай сақтап, оның шұбарланып кетпеуіне қарсы тұрып, артында келе жатқан ұрпақтарына аманат қылып жеткізіп отыруы қажет. Туған тіліміздің абыройын асқақтатып көтеру – әрбір адамзаттың абзал борышы болуы тиіс. Еліміздің барша ұлттық келбеті мен болмысы, салт–санамыз бен дәстүріміз, дініміз, осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Еліміздің тәуелсіздігі - жас ұрпағының парасатты да білімді, іскер де қабілетті, отансүйгіш, ұлтжанды тұлға ретінде қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі зор десек те артық емес.

Қазақстан егеменді ел болып, ес жиып, етек жия бастаған бұл күндері ойға қонбайтын, солақай сорақылықтарды көзбен көріп, қолмен ұстай отырып қазақ тілі мәселесі жөнінде толғанбай тұра алмаймыз. Қазақ тілі қанша бай болса да, соны менсінбей қорлап, өзге тілде сөйлейтіндер әлі де жеткілікті. Тіпті күнделікті өмірде, туған тілінен безгендерді де көріп жүреміз. Өзіміздің ана тілінен безу, ақ сүт беріп асыраған ананнан безумен тең сияқты. Өз тіліне жаны

ашымаған адам, өзгеге де жаны ашымайды.

Туған тілің – ар өлшемің. Тіліңді білмеу, тіліңді шұбарлау – арынды шұбарлау, адамдық қасиеттен жұрдай болу, көңіліңді лайлаумен тең деп білемін. Адамның туған тілге деген сүйіспеншілігі бала кезінен қалыптасуы керек. Қоршаған ортанды танып-білу, өзінің туған тіліңді танып-білумен басталады.

Орыстың атақты ақыны К.Д.Ушинский: «Ана тілі – халықтың өткен ұрпағын, қазіргі және келешек ұрпағын, тарихы бір тұтастық, мызғымас бірлік, ажырамас туыстық жағдайда мәңгілік біріктіретін ең сенімді құрал. Ана тіліміз арқылы ғана біз халқымызды, Отанымызды танып білеміз, халық рухының саркылмас бастауы да сонда жатыр. Ел–жұртымызды, туған жерімізді, оның өзен-көлдерін, оның бораны мен найзағайын ана тіліміз арқылы ғана қабылдап, соларға деген перзенттік махаббатымызды ана тіліміз арқылы жеткіземіз” – деген.

Сондықтан, бүгінгі таңда Елбасымыз әлемдегі ең дамыған үлкен елдердің қатарына қосылу міндетін қойып отырған кезде, мемлекеттік тілдің пәрменді дамуына ат салысып, бірлесе жұмыс жүргізсе деймін. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі. Ол елімізде дамып, өркендеп, биіктерден асқақтауы тиіс. Әрине, бұл - күрделі де күрмеуі қиын мәселе екені түсінікті. Алайда, қай кезде де елдің тұтастығы мен бірлігін сақтау жайлы біздің ата-бабамызға да оңай болмаған. Ал тіл-мемлекеттің ең қымбат қазынасы екенін ескерсек, мұның маңыздылығы мен құндылығы арта түседі. Бұл - ана тілінің қадір-қасиетін арттыра түсері даусыз. Ақын Оразақын Асқар «Тәуелсіздік тартулары» жинағына енген өлеңінде:

Көрінесің көзге шыққан сүйелдей,

Сұрақтар да шаншу болып тиер кей.
Құтылмайсың барлық тілді білсең де,
Өз тіліңнің көмегіне сүйенбей...
Ана тілінде ата-баба сыры бар,
Аудармадан түпнұсқадай кім ұғар.
Өсе келе құстың тілін білсең де,
Ана тілсіз оның қандай құны бар,

- деген өлең жолдарында өз тілің өзге тілді үйренуге басты тірек екенін баяндаған. Ана тілін балалар ананың әлдінен, бесік жырынан, қоршаған ортасынан үйренеді. Есейе келе кітаптан, қоғамнан, халықтан үйреніп, меңгереді. Осылай ана тіліміз ананың ақ сүтіндей бойымызға сіңе береді. Әркім өзінің ана тіліне деген құрметін ешқашан жоғалтпауға тиіс. Өйткені, ана тілі арқылы ғана маңайындағыны саралап ой түйетін адам өзінің еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түседі. Абай, Мағжан, Мұхтар, Сәбит, Жұбандар сөйлеген қазақ тілі халқымен бірге абыройлы да асқақ, сынақты да сындарлы тағдырды басынан кешірді. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін түйіп, жүйелі сөзбен алқалы топты еңсерген ойшыл шешендерді ел басқару ісіне араластырып, халық жүрегінде жатталған дала данышпандары, кемеңгер ойдың кемелді арнасы, тілінен бал тамған, қара қылды қақ жарған әділетті би-шешендер ұлылық пен ұлағат, өнеге мен тағылымның мектебі, аталы ойдың алтын қазығы бола білді. Тек ана тіліміз арқылы ата-анаға, елге, Отанға, халыққа деген махаббатымызды жеткізе аламыз. Адам баласы өз анасын қалай сүйсе, өз тілін де солай сүюі тиісті екені анық.

Бүгінгі күні біздің елімізде тілдердің үш тұғырлығы деген жаңа термин де пайда болды. Әлемдік өркениетке қадам басу үшін қазақ тілімен қатар орыс және ағылшын

тілдерін де жетік білуді талап етуде. Жас ұрпақтың білім ордаларында осыған орай шет тілін меңгеру үшін білім алып жатқаны да қуантады. Әрине, әлемдік даму үрдістерінен кейін қалып қоюға болмайды. Бірақ онсыз да өз елінде еркін өркендей алмаған қазақ тілін кейінгі орынға ысыру қисынсыз деп ойлаймын. Мемлекеттік тіл, яғни, қазақ тілі-әлемдегі барлық мемлекеттік тіл сияқты өзінің егемендігін алған тіл. Қазақстанда тұратын әрбір азамат мемлекеттік тілді білуге міндетті. Тілге деген құрмет, халыққа деген құрмет.

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.
Қай елде жүрсең де бұл дұрысы,
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем танитын ел болу үшін тіліміздің мәртебесін биіктетуіміз қажет. Оған, тек қана өзіміз ат салысып, үлгі-өнеге көрсетуіміз керек. Өз тілімізді өзіміз құрметтемей еш алға озбайтымыз айдан анық. Сондықтан да, ағайын, бірінші өзімізден басталық!



ТІЛ – АСА ҚАДІРЛЕП ҰСТАЙТЫН БАЙЛЫҒЫМЫЗ

1-жүргізуші. Армысыздар, құрметті ұстаздар мен оқушылар! Бәріміз осы жерде дүниеге келіп, бәріміз осы таңғажайып Қазақстан мемлекетінде тұрамыз, әр тілде сөйлейміз. Себебі, Қазақстан-көпұлтты мемлекет. Тілдер фестивалінің жабылуына қош келдіңіздер!

2-жүргізуші. Здравствуйте, дорогие гости нашего праздника! Жители необъятного Казахстана! Все мы родились в этой прекрасной земле, а говорим на разных языках. Сегодня мы празднуем День языков. Мы рады вас приветствовать на закрытии фестиваля языков народов Казахстана.

3-жүргізуші. Good afternoon dear guests teachers and pupils

Good afternoon everybody who has come to our party.

We are very glad to see you here.

Today is the day of languages. Let, sstart.

1-жүргізуші. Қазақстан Республикасындағы «Тіл туралы» Заң біздің еліміздегі тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

2-жүргізуші. 22 сентября в нашей стране отмечается праздник – День языков народов Казахстана. 11 июля 1997 года принят Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан», в котором сказано: «Язык –

выдающееся достижение народа и его неотъемлемый и неотделимый признак. Развитие языка целиком и полностью связано с развитием национальной культуры, и в этом плане язык выполняет свою общественную функцию».

3-жүргізуші. Our language is connected with our thought and sense. It appeared in antiquity. It's close to the society's life. All languages developed under influence of economic, political and geographical conditions.

3-жүргізуші. Тіл-қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл байлығы-әрбір елдің ұлттық мақтанышы.

2-жүргізуші. На основе многонационального праздника языков лежит такая идея: каждый язык – это часть духовного наследия всего человечества, а каждая культура – это бесценный вклад в мировую цивилизацию.

Когда с природой я наедине,
То различаю языки земные:
Беседуют деревья в тишине,
Друг с другом птицы говорят лесные.
Есть говор свой у волн вдали,
Насвистывает что-то тихий ветер...
За краткий срок, отпущенный на свете.

Так тяжело на земле без языка!
Не высказать ни счастья, ни печали...
Безмолвны горы долгие года,
О чем они, возводясь, замечали?
Все в языке: рождение, первый шаг,
Любовь и смерть, и жизнь на новом взлете.
И если вдруг исчезнет мой язык,

То и меня вы больше не найдете!

1-номер:казахский танец.

2 –жүргізуші. Вольтер сказал: «Знать много языков – значит иметь много ключей к одному замку». Наш Президент Нурсултан Назарбаев поставил перед нами задачу: говорить на трех языках: казахском, русском, английском, не забывая при этом и своего родного языка. Это прекрасно, ведь знание языков – это наше богатство.

3-жүргізуші. English is a world language. It's the language of progressive science and technology, trade and Cultural relations, commerce and business. English is spoken by more than 350 million people. Geographically, it's the most widespread language on earth.

2-номер.1–жүргізуші.

Ана тілі, дана тілі,бақ тілім,

Сенсің менің қасіретті шаттығым.

Сенсің менің тазалықты пәктігім

Сенсіз бақыт дүниеде тапты кім?

Сенің әрбір танысыңмен күн кешем

Сен арқылы тіршілікпен тілдесем

Ел бетіне қалай түзу қараймын,

Ана тілі егер сені білмесем.

2 –жүргізуші. Мы живем в Республике Казахстан, находящейся в самом центре Евразийского континента. С огромным уважением смотрят на нашу страну другие народы Земли. Казахстан – многонациональная страна, где в дружбе и согласии проживают представители более 130 наций и народностей. Они трудятся на заводах и фабриках, выращивают на полях пшеницу, хлопок и рис, добывают из недр Земли нефть, каменный уголь, железную и медную руду, молодежь учится в университетах и школах, активно занимается спортом.

3–жүргізуші. Kazakhstan is our common home. Besides Kazakh and Russian people, there are 2 thousand representatives of about 130 peoples in Kazakhstan.

3-номер.1-жүргізуші.

Ең бірінші бақытым-тілім менің,

Соған берем ойымның алтын кенін.

Тілім болса мен бармын, қор болмаймын,

Қымбатырақ алтыннан тілім менің.

2–жүргізуші. Что может быть на свете лучше языка! При помощи языка строятся города, развивается культура народов, при помощи языка мы изучаем науки и получаем знания, при помощи языка люди могут объясняться друг с другом, решать различные вопросы, просить, приветствовать, мириться, давать, получать, выполнять просьбы, вдохновлять на подвиги, выражать ласку, объясняться в любви.

Музыка.

Язык ... Язык. Ты – утро новой жизни,

И пенье птиц ты за моим окном.

Язык – ты пробуждение новой мысли,

Ты – солнца луч в рассвете голубом.

Ты – голос звезд вселенной непреклонной,

Ты – песня недр земных. Что подо мной.

Ты – всплеск воды в больших морях бездонных,

Я в этом вечно буду жить с тобой.

С тобой я пробуждаюсь в одночасье,

К тебе всегда спешу, с тобой живу.

Язык – ты самое большое счастье!

«Ты – дар божественный», - я с трепетом скажу.

Под первый крик младенца ты родился,

Но будешь вечен, словно небосвод,

Великой книгой жизни растворился

Ты в тех, кто в этом мире жил, живет...

Мы странствуем по жизни неумело,
Используя великие слова:
МИР, ДРУЖБА, РОДИНА – и смело
Любовь спешит на помощь к нам всегда.
Как колокол, в моей душе ты бьешься,
Как пенье жаворонка в утренней тиши,
Как шорох ковыля в степи, ты вьешься,
Как нежность ветра и гармония души.
Ты пробуждаешь в душах милосердие,
Ты даришь понимание бытия,
И пусть безжалостно проходит время,
Пока ты жив, язык, жива и я!

2 –жүргізуші.
У любого человека
Должно быть обязательно,
Кроме родителей,
Четыре корня, как четыре матери:
Родная земля,
Родной язык,
Родная культура,
Родная история...
И все они-в облике одной собственной матери
родной.
Тогда любишь свой корень,
Ценишь его,
Понимаешь боль и любовь
Всех и всего,
Приобретаешь такое же чувство
К другой земле,
К другому языку,
К другой культуре,
к другой истории...

1–жүргізуші. Хорошее знание и развитие родного языка, умение пользоваться выразительными средствами иностранных языков – самая лучшая опора для каждого человека в его общественной и творческой деятельности. Каждый язык чрезвычайно богат, гибок и живописен. Настанет время – и оно не за горами – языки станут изучать везде и всюду, и знание нескольких языков станет само собой разумеющимся. Еще Максим Горький говорил: «Надо воспитывать в себе вкус к хорошему языку, как воспитывают вкус к гравюрам, к хорошей музыке.»

3–жүргізуші. Knowing of languages is very important for us.

We must know three languages. These are Kazakh, Russian and English.

4-номер.

1-жүргізуші. Көп тіл білсең-көкжиегің кең болар,
Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсең де бұл, дұрысы-
Мемлекеттік тілді үйренген жөн болар.

2–жүргізуші. Есть ли предел человеческим возможностям в изучении языков?

На этот вопрос есть интереснейшие факты о полиглотах. Сын одного плотника из Болоньи (19 век) знал около 100 языков. Шлиман, известный исследователь Трои знал несколько десятков языков. Русским языком по его словам он овладел за 6 недель. Профессор Гестерман из Германии владел 123 языками.

3–жүргізуші. У Расула Гамзатова есть прекрасные слова: «Для меня языки народов – как звезды на небе. Я хотел, чтобы все звезды слились в одну огромную, занимающую полнеба звезду. То есть солнце. Но пусть сияют и звезды. Пусть у каждого будет своя звезда. Я

люблю свою звезду – мой родной язык. Я верю тем геологам, которые говорят, что и в маленькой горе может оказаться много золота».

1–жүргізуші.

Язык отцов – наследие святое,

Глубокий, острый, сильный,

Словно клык.

Своих детей заботливой рукою

К себе притягивает мой

Родной язык!

Чтецы

5-номер.

1-жүргізуші. Бір-бірімен тату-тәтті тұрады,

Бәрінің де Қазақстан тұрағы.

Туған жерге тебіренген сәттерде

Ағылады өлең-жырдың бұлағы.

2–жүргізуші.

В Казахстане сердце настезь,

Двери настезь для друзей.

Если друг приходит в дом,

В доме веселей.

Ходит с песней по дворам

Дружбы караван.

Ты всегда в душе моей,

Мирный Казахстан.

Күй орындалады (әр ұлт өкілдері музыка әуенімен ортаға шығады).

Выносят шанырақ и выходят представители разных национальностей.

1.Қазақстан: Отан!Достық!Бейбітшілік!

2.Ресей: Родина!Дружба!Мир!

3.Белорус: Радзіма!Дружба!Мір!

4.Өзбек: Ватан!Дустлик!Тинчлик!

5.Грузин: Самшобло!Мегиброба!Мшвидоба!

6.Азербайджан:ВәтанДостлуг!Сүлһ!

7.Литва: Тевине!Драугисте!Тайка!

8.Молдавия: Патрие!Приетение!Паче!

9.Тәжік: Ватан!Дусти!Сулх!

10.Латыш: Дзмтене!Драудзиба!Миерс!

11.Эстон: Кодуман!Сыпрус!Раху!

1. Казах.

Тілі бөлек болғанымен тілек бір

Ұлы достық мәпелеген жүрек гүл,

Қазақстан бар ұлысқа шаңырақ

Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр.

2. Русский.

Мой край родной,

Республика свободных

Великих наций, разных языков,

И ценят здесь обычаи народов,

Советы мудрых стариков.

3. Белорус.

Живут друзья, друг другу помогая,

В любой беде, как завещал Абай.

Под мирным небом, дружбу прославляя,

Мой Казахстан, расти и процветай!

4. Узбек.

Қара бала, ақ бала

Қатар отыр жарасып.

Сүйкімді көзбен тап-таза,

Бір-біріне қарасып.

Әңгімелесіп, сыйласып,

Ынталы ыстық мейірмен.

Тартынбай терең сырласып,

Таты жоқ, таза көңілмен.

5. Грузин.

Народы – как одна семья,
Хотя язык их разный.
Все – дочери и сыновья
Своей страны прекрасной.

6. Азербайджанец.

Как хорошо, что дружба есть на свете
Она, как воздух, нам, друзья, нужна.
Так пусть шагает дружба по планете
Пуškai, как солнце, светит нам она.

7. Литовец.

Жүзімізге қараңыз –
Бал күлкіміз, баламыз.
Бізге қымбат күншуақ,
Бізге қымбат анамыз.
Күннің нұрын сүйеміз
Қырдың гүлін сүйеміз.

8. Молдовец.

Нет! Вражды меж нами не посеять,
Мы единый составляем строй.
И казах, и русский, и татарин.
Мы – сыны республики родной!

9.Русский.

Мы хотим, чтобы наша дружба,
Еще крепче стала.

В 21 век шагнула Юность Казахстана!

2-жүргізуші. Казахстан объединяет много наций
и президент наш утверждает «Нужно чтоб был один
язык народов разных стран, и это, несомненно – язык
Дружбы!»

6- номер.(Песня)

2-жүргізуші. Слово для награждения и подведения
итогов предоставляется Ибраевой Айжан Кошановне

(вручение грамот)

1-жүргізуші.

Ұлылар айтқан ұлағат,
Сақтасын деп тілімді,
Кітап қылып алдық біз
Мәңгілікке болсын деп.

Біліп, үйрен, аяла, құрметте, сүй, бағала.

Өз тіліңді әрқашан

Үйрет сен бесікте жатқан балаңа.

Осымен тілдер күніне арналған мереке аяқталды.

2-жүргізуші. Вот и подошёл к концу наш фестиваль,
посвященный Дню языков! Желаем всем всего вам
доброе и прекрасного!

Елімізде халықтар достығы жасасын!

Бәріміз достық әнін бірге шырқайық!

Народ кто твёрдо понимает,

Что мир к содружеству рука,

Где человек, бесспорно, уважает

Обычаи других и выбор языка.

Как уважаю я язык своей отчизны,

Считая долгом в совершенстве его знать,

Историю и быт народной жизни

Через него удастся мне познать.

3-жүргізуші. Our concert has come to the end Thank
you for your attention. Good bye, hope to see you soon

1-жүргізуші. Келесі кездескенше, сау-саламат
болыңыздар!

2-жүргізуші. Желаем всем всего вам доброго и
прекрасного!

3-жүргізуші. Good bai!

Әдебиеттер:

1 «Сыныптан тыс жұмысы» журналы. №6/2010ж.

2 Ғаламтор көзі.

Г.МУҚАНОВА,
Подстепенный №1 жалпы
білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Теректі ауданы

ТІЛ БІЛУ -ӨНЕР

(7-сынып)

Мақсаты: білімділік-оқушыларға қазақ тілінің қадір-қасиеті туралы түсінік бере отырып, өзіндік ой-пікірлерін қалыптастыру; дамытушылық- оқушылардың тіл байлықтары мен сөйлеу мәдениетін, шығармашылық қабілеттері мен іскерлік дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік-оқушыларды ана тілін құрметтеуге, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу. Түрі: шығармашылық, таным сабағы. Әдіс-тәсілдері: түсіндіру, талдау, сұрақ-жауап. Көрнекілігі: ақын-жазушыларымыздың өлеңдері, кеспе қағаздар. Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен амандасу, түгелдеу, сабаққа әзірліктерін тексеру.

II. Үй тапсырмасын тексеру:

а) Тапсырманың орындалуы: 6-тапсырма, өлеңді жатқа айту;

б) Тілге байланысты мақал-мәтелдер айту.

III. Жаңа сабақ.

- Балалар, өткен сабағымызда әліппе мен әріптерге байланысты ертегі үзіндісімен таныс болдық. Тіліміздегі әріптердің қызметін білдік. Ал бүгінгі сабағымыз өз тілімізді біліп, бағалау, оны құрмет тұту - үлкен өнер екендігін көрсетеді. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, ана сүтімен бойымызға дарыған ана тіліміз – біздің өмір бойы өзгелермен ұғынысатын

негізгі қатынас құралымыз.

Тіл – бүкіл халықтың игілігі, халықпен бірге жасап, бірге дамиды.

- Балалар, сіздер ана тілін жақсы білмейінше, сауатты сөйлеп, сауатты жаза алмайсыздар. Тілді жетік білу үшін көбірек кітап оқып, ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан үйренулеріңіз қажет. Сонда сіздер мәдениетті сөйлеп, айтатын ойларыңызды аз сөзбен-ақ әсерлі жеткізе аласыздар.

IV. Кітаппен жұмыс.

1-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді түсініп оқып, тілдің қоғамда қаншалықты қажеттілігін түсіндіріңдер.

Ана тілің – арың бұл,

Ұятың боп тұр бетте.

Өзге тілдің бәрін біл,

Өз тіліңді құрметте. (Қ.Мырза Әли)

Сүйемін туған тілді – анам тілін,

Бесікте жатқанымда- ақ берген білім. (С.Торайғыров)

Қазақ тілі – әрі бай, әрі көркем тіл. (М.Әуезов)

Мақал – мәтел құрамындағы сан есімді тауып, оны қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде айту.

1. атасын білмеген жетесіз.

2. Жеті рет өлшеп, рет кес.

3. Ел құлағы

4. Ер қаруы қару.

5. сомың болғанша, досың болсын.

«Кім шапшаң?» ойыны.

Сұрақтарға жауап беріп, мысал келтір.

Неше? Қанша?

Нешінші?

Нешеу?

Нешеден? (Қаншадан?)

Берілген диалогті оқып, өзара сөйлесіңдер.

-Сәлем, достым!
-Сәлем! Не оқып отырсың?
-Мен қазақ тілінен қосымша курсқа барып жүрмін,
сол тапсырмаларды орындап отырмын.
-Ия, қазақ тілін білу-бізге парыз.
-Бірақ мен әлі де кей сөздерді түсіне алмаймын.
-Үйреніп кетесің. Мен қазақ тілін жақсы білемін,
қазір ағылшын тілінің курсына барып жүрмін.
- Дұрыс. Бірнеше тіл білген жақсы ғой.
-Ия, «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»деп
дұрыс айтылған.

Кесте бойынша тілдің қоғамдағы рөлін сипаттап
беріндер.

Берілген етістіктердегі тұйық етістіктерді талдаңдар.

дамыту үйрену сақтау жағдай туғызу ойлау қолдану көмек көрсету түсіну оқу қастерлеу жазу білу	
--	--

V. Білімді бекіту. Төмендегі өлең жолдарынан
етістікті тауып, құрамына қарай талдау жасаңыз.

Асыл сөзді іздесең,

Абайды оқы, ерінбе.

Адамдықты іздесең,

Жаттап тоқы көңілге. (С.Торайғыров)

Ана тілін сүймеген,

Ақылы жоқ желікбас.

Ана тілін сүймеген

Халқын сүйіп жарытпас. (Б.Сарноғазев)

VI. Қорытынды. -Балалар, мен бүгінгі сабағымызды
көрнекті жазушы Ш.Айтматовтың «Халықтың мәңгі
ғұмыры - оның тілінде. Әрбір тіл - өзінің халқы үшін
Ұлы» деген сөзімен аяқтағым келіп отыр.

Үйге тапсырма беру. Бағалау.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ. **ӘНШІ**

Сабақтың мақсаты: Ж.Аймауытов шығармашылығына
көңіл бөлу, қазақтың біртуар талант иесі әнші Әміре
Қашаубаев туралы мағлұмат беру. Міндеттері: білімділік
– әдебиетіміздегі ақын-жазушылар туралы білімдерін
кеңейту; дамытушылық – оқушылардың сөз саптауын,
сөздік қорын дамыту, сөйлеу мәдениетін дағдыландыру;
тәрбиелік–оқушылардың өз ұлтын қастерлеуге, өз
Отанын құрметтеуге, мәдениеттілікке, өнер-білімге,
ғылымға ұмтылушылық қасиеттерін дәрiптеуге және
патриоттық сезiмдерiн ояту.Түрi: жаңа.Әдiс-тәсiлдерi:
сұрақ-жауап, айтылым, тыңдалым, жазылым, тiлдесiм.
Көрнекiлiгi: интеративтi тақта, ұнтаспа, слайдтар,
жазушы портреттерi, Қазақстан картасы, журналдар,
т.б. Пәнаралық байланыс: тарих, музыка.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын сұрау: Ахмет Байтұрсынұлы.
«Егіннің бастары». Шеңбер стратегиясы.

- Ахмет Байтұрсынұлы кім?

- Қандай шығармалары бар?

- Ахмет Байтұрсынұлы-ғалым деп не үшін айтамыз?

-Ахмет Байтұрсынұлының алдына қойған
мақсаттары қандай болды?

- «Егіннің бастары» шығармасынан не түсіндіңіздер?
Ахмет Байтұрсынұлының «40 мысал» жинағы 1909 жылы жарыққа шықты. Ал сол мысалдардың тақырыптары қандай екенін сіздер білесіздер ме? Үйге берілген тапсырмамыз нешінші мысал?

- Ахмет Байтұрсынұлы «40 мысал» туралы не деп айтқан?

(...Бәленің түрін көрген Мен-сары маса халықты оянсын деп сөзбен шаққан.)

Ахмет Байтұрсынұлы бай адамдардың қыңыр мінездерін, жалқаулығын, еріншектігін, шаруаға қырсыздығын “40 мысалға” арқау еткен.

- «Егіннің бастарында» қандай мәселе сөз болып отыр?

- Бидайдан басқа қандай дәнді дақылдардың атын білесіңдер? (арпа, тары, сұлы, жүгері).

- Бидай туралы тағы қандай мысалдар оқыдыңдар?(Бидай мен қаңбақ)

- Шығармадан қандай тәрбиелік ой түйдіңіздер?

- Мәтіннен қаратпа сөздерді кім тауып келді?


III. Жаңа білім беру кезеңі.

1) Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Бүгінгі сабақта қазақтың жазушысы, ақыны Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығынан мәлімет алып, оның «Әнші» әңгімесімен танысамыз.

2) Кластер бойынша түсіндіру.

Жүсіпбек Аймауытов Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген.



1) Айтылым, тыңдалым, оқылым әрекеттері.

- Ақынның өзі айтқандай, қыруар елі тұрғанда, бар саналы ғұмырын бағыштаған халқы тұрғанда, денесі өлсе де, артына қалдырған бай мұрасы, оның асыл есімі мәңгілік ұмытылмақ емес, ұмытылмайды да. Жүсіпбек өнерінің көп қырының бірі – әншілік, сахнагерлік. Ж.Аймауытовтың «Әнші» атты классикалық әңгімесі бар. Онда қазақтың дарынды әншісі жайлы көркем бейнелеген сыр толғанады. «Әнші» әңгімесінің негізгі кейіпкерінің прототипі – қазақтың біртуар арқалы әншісі, Парижде өткен бүкіләлемдік концертте дүйім жұртты таңдай қақтырып тамсандырған ұлы әншіміз – Әміре Қашаубаев.

Әміре Қашаубаев туралы (интербелсенді тақтаны пайдаланып түсіндіру.)

Картадан Семей қаласының көрсетілуі Семипалатинск (Жетішатыр)

Жаңа сөздермен жұмыс.

Әңгімені оқыту.

Тақырыпты меңгеру (сұрақтарға жауап беру)

1) Қала жастарының өмірі қандай?
2) Әмірқанның ән айтқандағы бейнесін мәтіннен тауып оқу.

3) Мәтіннен 10 қос сөзді тауып, дәптерге жазу.

4) Шығармаға басқаша қандай ат қояр едіңдер?

5) Әміре Қашаубаев Парижде қай жылы ән шырқады?

Қорытынды. Сабағымызды Әміре Қашаубаевтың орындауындағы «Балқадидиша» әнімен аяқтаймыз. (үнтаспа)

Бағалау. Үйге тапсырма: Ж.Аймауытов өмірі мен шығармашылығын оқу. «Әнші» әңгімесінің мазмұнын айту. Оқулық тапсырмаларын орындау.



Г.КАМЕНОВА,
М.Айтхожин атындағы
№1 инновациялық
орта мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Петропавл қаласы

Ы.АЛТЫНСАРИН ӘКЕ МЕН БАЛА

Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушылардың Ы.Алтынсарин өмірі мен шығармашылығын қалай меңгергендігін пысықтау. «Әке мен бала» әңгімесімен таныстыру, жан-жақты талқылау, сөйлесуге дағдыландыру; дамытушылық-«Әке мен бала» әңгімесінің негізгі идеясын, тақырыбын, айтар ойын оқушылардың жүрегіне жеткізе отырып, оларды өзіндік талдау, жинақтау жасауға, ойлай білуге, өз ойын толық жеткізуге төселдіру; тәрбиелік- оқушыларды жаман әдеттен жиреніп, жақсы әдетті үйренуге, үлкеннің

айтқанын тыңдауға, сыйлауға, құрмет көрсетуге, еңбексүйгіштікке, көмек көрсетуге тәрбиелеу. Типі: дәстүрлі сабақ. Түрі: аралас сабақ. Әдіс-тәсілдері: ой шақыру, ой қозғау, ой толғау, сын тұрғысынан ойлау, сұрақ-жауап, диалог, монолог, сюжетті композициялық талдау, пікір алмасу, жинақтау, дидактикалық ойын, көрнекілік, мінездеу, ойландыру, іздендіру, жасырын грамматика, әңгімелеу, презентациялау, мәнерлеп оқу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, презентация слайдтары, түрлі-түсті суреттер. Сабақтың пәнаралық байланысы: орыс тілі, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:

А) Амандасу;

Ә) Сыныпты түгелдеу.

2. Психологиялық дайындық. Эмоциялық жағымды көңіл-күй тудыру. А) Тіл дамыту.

- Балалар, бүгінгі сабақты Ж.Баласағұнидің тамаша сөздерімен бастағым келіп тұр:

«Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды»

(Тіл дамыту кезеңі)

Бұл сөзді қалай түсінесіңдер?

Ә) Ой шақыру.

-Балалар, жақсы адам қандай болу керек?

Жақсы адам

Б) «Мен саған, сен маған» ойыны. Ал осы жақсы қасиеттерді дұрыс қолдану үшін адамның дене мүшелері көмектеседі. Қазір бір-бірімізге сұрақтар қойып, жауап берейік.

Екі қол не үшін керек?

Екі аяқ не үшін керек?

Екі құлақ не үшін керек?

Екі көз не үшін керек?

3. Үй жұмысын тексеру (өткенді пысықтау)

- Балалар, үлгі-өнеге алу үшін біз сабақта көптеген ақын-жазушылармен танысып жүрміз. Өткен сабақта қандай ақын-жазушымен таныстық?

Қазір біз өткен тақырыпты еске түсіру үшін ойша «Ыбырай ата әлеміне» саяхат жасаймыз. (Ы.Алтынсарин туралы әңгімелеп айтып береді)

- Балалар, Ыбырай Алтынсарин шығармаларының басты тақырыбы қандай?

- Дұрыс, оқуға, еңбекке баулу. Біз де сендермен көп еңбектендік, енді демалып алайық.

Сергіту сәті: Еңбек, еңбек, еңбек бәрін жеңбек!

(Оқушылар орындарынан тұрып, дене қимылдарын жасайды)

Жаңа тақырып (мәтінмен танысу)

- Балалар, Ы.Алтынсариннің тәлім-тәрбие беретін шығармалары өте көп. Бүгін біз «Әке мен бала» әңгімесімен танысамыз. Дәптерлеріңе жазып қойыңдар.

Сабағымыздың мақсаты: әңгімені түсініп, негізгі ойды анықтау, әр түрлі тапсырмаларды орындап, өз ойымызды ортаға салу. Алдымен жаңа сөздермен танысайық.

А) Жаңа сөздер: (хормен қайталау, сөз тіркесін, сөйлемдер құру)

Ескі таға-старая подкова;

Иліп алды- нагнувшись, взял;

Ерінді- поленился;

Тауып алды- нашёл;

Ұста-кузнец;

Жерге түсті- выпали на землю;

Азға қанағат- довольствоваться малым;

Құр қаларсың- останешься ни с чем.

Ә) Мәтінмен танысу.

Оқулықтарыңның 117-бетін ашыңдар, мен мәтінді оқимын, сендер мұқият тыңдап, мәтіннің мазмұнын түсінуге тырысыңдар. (Мен оқимын, оқушылар оқиды). Ал енді тізбектеп оқимыз. Бұл мәтіннің кейіпкерлері кімдер?

4. Мәтін мазмұнымен жұмыс. Сюжетті-композициялық талдау.

- Балалар, мына суреттерге қарап, сөйлемдер айтамыз (сюжетті суреттер бойынша жұмыс)

1. Оқиғаның басталуы.

2. Оқиғаның ортасы.

3. Оқиғаның соңы.

-Сонымен, балалар, барлық сөйлемдер негізінде мәтін мазмұнын жинақтайық.

6. Әр түрлі деңгейлі тапсырмалар орындау.

Біз қазір әңгіме мазмұнын одан әрі жақсы есте сақтау үшін мына суреттер топпен жұмыс жасаймыз. 1-топтың тапсырмасы «Кім тапқыр, кім жылдам?» деп аталатын ойын. Мәтін бойынша диалог құрып, сөйлесесіңдер. 2-топ «Аз жұмысты қиынсыңсаң, көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат етпесең, құр қаласың» деген мақал-мәтелден антоним тауып, мағынасын түсіндіресіңдер, еңбек туралы мақал-мәтел айтасыңдар. 3-топ сурет бойынша кейіпкерлерді атап, мінездеме беру.

7.«Кім не істеді?» дидактикалық ойыны.

Кейіпкерлерді атап, мінездеме бердік, енді «Кім не істеді?» деген дидактикалық ойын ойнап, олардың іс-әрекетін айтып шығайық. Дәптерлеріңе жазып отырыңдар.

8. Қорытынды.

- Балалар, бүгін біз Ы.Алтынсариннің қандай

әңгімесімен таныстық? Енді ой қозғап, ой қорытайық, өз пікірімізбен бөлісейік.

А) Ой қорыту (проблемалық жағдаят туғызу. Ой қозғау.)

1. Баланың ісі дұрыс па?
2. Үлкенді қалай сыйлау керек?
3. Бұл әңгіме сендерді неге үйретті?
4. Сендерге қандай кейіпкер ұнады?

Ә) «Менің әкем» монологы.

Бүгінгі әңгімеміздегі баланың әкесі өте ақылды, еңбекқор адам екен. Әке – отбасының тірегі, ал бала – жалғастырушысы. Сендердің өмірлерінде әкенің рөлі қандай? Кім өз әкесі туралы айтып береді?

Сонымен, балалар, бүгінгі сабақтың түйінін шығарайық. Жақсы адам қандай болу керек? Біз қандай болу керекпіз?

9. Үйге тапсырма беру (6-деңгейлік тапсырма)

- 1-деңгей: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді оқу.
- 2-деңгей: мәтінге сұрақтар құрып, жауап беру.
- 3-деңгей: еңбек туралы 7 мақал-мәтел жаттау.
- 4-деңгей диалог құрып, сөйлесу.
- 5-деңгей: мәтіннің мазмұнын айту.
- 6-деңгей: «Б.Алтынсарин –шағын әңгіме шебері»

деген тақырыпқа шығарма жазу.

Бағалау.

Сабақ аяқталды. Сау болыңдар!

И.ЖАНАЛИЕВА,
№23 жалпы орта білім
беретін мектебі.
 Батыс Қазақстан облысы
 Орал қаласы

МҰХТАР ӘУЕЗОВ. ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Мақсаты	Оқушыларды талдауға, талқылауға, салыстыруға, қорытынды жасауға үйрете отырып тақырыптың мазмұнын өздері ашуға дағдыландыру. Ойлау қабілеттерін, тілдік, сөздік қорларын дамытып, адамгершілікке, қасиетті мұраларын құрметтей білуге тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже	Мәтіннің негізгі мазмұнын өз беттерімен ұғынады, топ мүшелерінің пікірімен ортақ тұжырым жасауға, бағалауға, ойды жүйелі жинақтауға үйренеді.		
Сабақ кезеңдері	Сабақтың мазмұны		
	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау ресурс

<p>Кіріспе 1 мин.</p>	<p>Топтар тілегі: Мұғалім оқушылармен бірге қосылып тұрып, - Қайырлы таң, достым, - Қайырлы күн болсын! - Бейсенбінің әр күні Сәттілікке толсын. - Біздің алар бағамыз Кілең бестік болсын!</p> <p>2. Топқа бөлу. «Жұлдыздар жарқырайды». Мұғалім тақтада парақшаға түрлі – түсті жұлдыздар іліп қояды. (түсті жұлдыздар саны шектеулі). Оқушыларға қалаған түсін тандап алуға рұқсат етеді. Бағалау жүйесімен таныстыру.</p>	<p>- Балалар топтармен амандасып, тілектерін қол қимылдарымен, бас изеу ишаратымен бір-біріне сәттілік тілейді.</p>	<p>Смайлик</p>	<p>1-3-слайд</p>
<p>2 мин.</p>		<p>Тақтадан қалаған түсті жұлдызшалар тандап алады.</p>	<p>Смайлик</p>	

<p>Мотивациалық кезеңі.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру. 7 м.</p> <p>Негізгі бөлім. 9 м.</p>	<p>3. Күй тындауды ұсынады, оның не туралы жайында екенін ойлауды ұсынады.</p> <p>3. «Ыстық орындық» стратегиясы - ұққаныңыз, түйгеніңіз, білгеніңіз, үйренгеніңіз.</p> <p>Әр топтан бір жүрек жұтқан оқушының шығуын сұрайды.</p> <p>4. Бейнефильм.</p> <p>Мұхтар Әуезов - өмірі мен шығармашылығы.</p> <p>Кітаптағы мәтінмен танысу.</p> <p>5. Релаксация.</p> <p>Кітаппен жұмыс.</p> <p>Тапсырма1. 107бет, кесте бойынша тірек сөздер жазындар.</p>	<p>Қойылған күйді тыңдайды, жауабын іздестіреді.</p> <p>Өткен тақырыптар бойынша сұрақтар</p> <p>Оқушылар қарайды Мұхтар Әуезов туралы айтады Өз ойларын ортаға салады</p>	<p>Смайлик арқылы бір-бірін бағалайды</p> <p>Смайлик</p>	<p>Бағалау парақшалары Слайд 4-5</p> <p>Слайд 6-10 видео оқулық</p>
--	--	--	--	---

	Тапсырма. Жазушы туралы мәтін бойынша сұрақ құрастыр, көршіңмен сұхбаттас.	Өз білгендерін ортаға салады.	Смайлик	кеспе қағаздар
Сергіту сәлі. Қорытындылау 7мин.	<p>I топ: М.Әуезовтің өмірбаянын әңгімелеу, постер жасап, қорғау.</p> <p>II топ: оқыған оқу орындары мен оқу жылдары бойынша кластер топтамасы</p> <p>түрінде постер құру, қорғау.</p> <p>III топ: М.Әуезовтің атақты роман –эпопеясына постер құру, қорғау.</p>	<p>Оқушылар қимылдарды орындайды.</p> <p>Әуезов кім? - деген сұраққа жауап береді, өмірі, шығармашылығы бойынша постер құрастыру.</p>	Стикерлер арқылы бағалайды.	11-12-слайд, 13-слайд

Қосымша оқу. 3 мин. Үйге тапсырма.	<p>Бағалау. Джигсо әдісі: «Қара – жап – аш – жаз – тексер». Кітап мәтінінен әр топ өз тақырыбы бойынша түйінді ойды тауып, әдісті қолдану арқылы бекітеді.</p> <p>1. Міндетті деңгей: М.Әуезовтің өмірбаяны туралы.</p>	Осы әдіс әрекетін орындайды, тапсырма жазады.		14-слайд
Бағалау.	<p>2. Мүмкіндік деңгей: М.Әуезов туралы бейнежазба бойынша эссе жазу.</p> <p>Жылытық, формативтік бағалау жүргізеді.</p>	Үй тапсырмасын жазып алады.	бағалау парағы	
Рефлексия. 5 мин.	1. «Ашық микрофон». Соңғы сөзді мен айтамын	Микрофонға келіп тақырып бойынша түсінгендерін айтады.	бағалау парағы	

Не сәтті өтті?	Оқушылардың белсенділігі, уақытты тиімді пайдаланды, тақырыптың маңыздылығын шешу жолдарын іздеуді үйренді, сабаққа деген қызығушылықтары артты, топта жұмыс жасауды меңгерді.
Негізгі дамуға аласыз?	Талантты және дарынды балалармен жүргізілетін жұмыстарды жетілдіру. Оқушылардың сыни ойлау дағдыларын арттыруды. Модульдерді ықпалдастырып, әркез сабақтарға қолдануды.

Мұғалімдерге көмек

Р.ҚАНАЙ,

№42 Хамза атындағы жалпы орта мектебі.

Оңтүстік Қазақстан облысы,

Шымкент қаласы

САПАЛЫ БІЛІМ – ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Білім беру деңгейі – экономикалық және ғылыми-техникалық үдерістің бастау көзі, мемлекет пен қоғамның табысты дамуының кепілі. Сондықтан да білім беруді дамыту – жалпы ұлт үшін аса маңызды міндет болып табылады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев білім мен ғылымды республикамыздың таяу онжылдықта дамуының стратегиялық бағыты ретінде анықтады.

Білім сапасын арттыру үшін ең алдымен не істеу керек?

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Білім сапасын арттыру үшін, ең алдымен, мұғалімдер өзіне Не? Не үшін? Қалай? деген сұрақтарды қойып, оған жауап бере алуы керек.

Біздің мақсатымыз бен міндетіміз не?

Біз оқушыларға жай ғана білім беріп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуге үйретуіміз керек. Бұл – ХХІ ғасыр талап етіп отырған дағды.

Оқушыға білімді жай беріп қана қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуге үйрету бізге не үшін керек?

Егер бала алған білімдерін орынды пайдалана білсе, еркін, өзіндік дәлел-уәждерін нанымды жеткізе білетін, сыни пікір-көзқарастары жүйелі дамып, сандық технологияларда құзырлылық таныта алатын жеке тұлға болып қалыптасады. Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар – еліміздің

ертені, ұлтымыздың болашағы, егер әрбір бала білімді болса еліміздің болашағы да жарқын болмақ.

Біз бұған қалай қол жеткіземіз?

Осы тұста орта білім беру жүйесінде әлемдік жоғары деңгейге қол жеткізген анағұрлым танымал әдістемелері арасында сындарлы оқыту теориясын ұсынғым келеді. Аталған теория оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен астастырыла жүзеге асады деген тұжырымға негізделеді. Сындарлы оқытудың мақсаты – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сындарлы оқытуға негізделген сабақтар оқушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Сапалы білім беру сындарлы оқыту теориясындағы жетістікке жетелейтін жеті модульдің ықпалдасуы арқылы жүзеге асады.

Әрбір модуль бір-бірімен тығыз байланыста.

Аталмыш теорияның жеті модулін мен өз тәжірибемде қалай пайдаландым. Пәнді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызғылықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Осы орайда атақты ғалым-әдіскер Ахмет Байтұрсынұлының «Қай әдіс жақсы?» деген еңбегінде әдістің жақсы немесе жаманы болмайтыны жайында айтқан сөздері еріксіз еске түседі. Ол бір әдісті болу мұғалімнің олақтығын көрсететініне баса назар аударған. Шебер мұғалімдер түрлі әдісті болу керек екенін айта келіп, керек кезінде жоқ әдісті де таба білу де маңызды екенін жазған. «Көп әдіс білу мұғалім еңбегінің жемісті болуының кепілі»- деп нақты көрсеткен болатын. Сондықтан біз де заман талабына сай маман болуымыз керек. Осы мақсатта бүгін сіздерге сындарлы оқытудың жеті модулінің ішіндегі ең тиімді деген үшеуін ұсынып, оларға жеке-жеке тоқталып өткім келеді.

Жаңа тәсілдің бірі-топтық жұмыс.

Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Осы мақсатта мен ұжымдық оқытуды тандап алдым. Ұжымдық оқыту әдісі дегеніміз оқу үрдісін төрт түрлі ұйымдастыру түрлері, яғни, жекелей, жұптық, топтық, ұжымдық тәсілдер арқылы жүзеге асыру болып табылады. Ұжымдық оқыту әдісі әр оқушының бір сәтте әрі оқушы, әрі мұғалім ретінде болатындай етіп оқу үрдісін белсендіре түседі. Мектеп оқушысының оқу әрекетін ұйымдастыруда тек қана ұжымдық оқыту әдісі ғана әр оқушының өз мүмкіндігін барынша қолдануға, ал мұғалімге әр баланың деңгейіне сай оқуына мүмкіндік туғызады. Осы ұжымдық оқуды ұйымдастырудың бір түрі-бұл топтық жұмыстар. Топтық жұмыс оқу ынтымақтастығының идеалды түрі болып табылады. Топтық жұмыстарда «Топтық тергеу», «Тыңдайтын үшбұрыштар», «Джигсо», т.б. әдістерді қолдана отырып мен үлгермеуші балалар санын азайттым десем де болады. Себебі әр топ өзінің тобының абыройы үшін қасындағы балаға үйретіп, оны алға сүйрейді. Сабаққа қатыспаған бала болмайды.

Келесі ең маңызды модульдің бірі – сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау – сынау емес, шыңдалған ойлау болып табылады. Бұл модульдің өзіндік ерекшелігі бар. Модуль құрылымы үш фазадан тұрады.

1. Қызығушылықты ояту. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятып алмайынша бала сабақты меңгере алмайды. Бұл тұста «Миға шабуыл», «Ой қозғау», т.б. әдістерді пайдалануға болады.

2. Мағынаны тану. Оқушылар жаңа сабақты өздігінен меңгереді, ойлау қабілетін кеңейтеді, не түсінгенін анықтай алады. Мағынаны тануда оқыту мен оқудағы жаңашыл әдіс-тәсілдерді сабақ мазмұнына сай тиімді қолдана білу керек.

3. Ой толғаныс – үйрену үдерісінің соңғы кезеңі болады да, бұл кезде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен анықтайды. Ой толғаныста мен

«Ақылдың алты қалпағы», «Үш тұжырым», «Аялдама», т.б. әдістерді қолдандым.

Үшінші ең маңызды модульдің бірі – оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау деп есептеймін. Бүгінгі күні оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау — оқу үдерісінің маңызды да салмақты бөлігі болып табылады. Бұл жерде оқушылар өзін-өзі бағалау, бірін-бірі бағалау, топтық бағалауда оқу үдерісінің белсенді қатысушысы бола алады. Өйткені, дәстүрлі бағалау үдерісінде мұғалім оқушыға жауап бергені үшін немесе сабақ оқымағаны үшін баға қояды. Сонда оқушы қаншалықты әділ баға алғанын білмей қалады, күмәнмен қарайды. Бағалаудың жаңа әдісінде оқушы бағаны қандай өлшемдер бойынша алғанын, келесі сабақтарда қандай өлшемдерге көңіл бөлу керектігін ұғынады. Бұл жүйеде оқушының нәтижесімен бірге іс-әрекеті де бағаланады. Одан басқа оқушыларды бағалауда мұғалім түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана алады. Біріншіден, оқушының қызығушылығы артады, екіншіден, мұғалімнің жұмысы да жеңілдеуі мүмкін. Қорыта келер айтарым, сындарлы оқытуды өз тәжірибемізде тиімді пайдалана білсек, «Еңбексіз талант – тұл» дегендей уақыт көшінен қалмай, әлемнің дамыған алдыңғы мемлекеттерінің қатарына енуімізге өз үлесімізді қосатынымыз сөзсіз. Өркениет көшіндегі білім кемесінің сапары сәтті болғай.

Әдебиеттер:

1 Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы / А.Қ.Құсайынов. – А., 2013.

2 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Бірінші (ілгері) деңгей. Екінші басылым.



Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Б.ЖАЛПАҚОВА,
«Жігітқара ауданы білім бөлімі»
КММ «Гимназия».
Қостанай облысы
Жігітқара қаласы

АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ

Мақсаты: бұқаралық ақпарат құралдары туралы білімдерін бекіту, өмірдегі орнын ұғындыру, функционалдық сауаттылығын арттыру.

Міндеттері: білімділік-оқушылардың сабақ барысында жұмыстарын ұйымдастыру, талдай білу, білімдерін кеңейту; дамытушылық-түсіну, қабылдау, меңгеру қабілеттерін арттыра отырып шығармашылыққа баулу. Дұрыс сөйлеуге, сауатты жазуға дағдыландыру, сөздік қорын молайту, тіл дамыту. Қызығушылықтарын ояту, белсенділікке ынталандыру; тәрбиелік-ұйымшылдыққа, бір-бірінің пікірін сыйлауға, жан-жақты болуға, мәдениетті сөйлеуге тәрбиелеу.

Сабақтың ұраны: «Жаңа технологиялар ақпаратты алу мен таратудың кең мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, оны байыптайды» (Я.Засурский)

Түрі: бекіту сабағы. Әдістері: сұрақ-жауап, топтық жұмыс, талдау, сөйлестіру, сұрақтар стратегиясы, іздену жұмысы, ой толғау, ішіне-сыртына стратегиясы. Көрнекілігі: интерактивті такта, тірек-сызба, тақырыпқа байланысты материалдар, презентациялар, семантикалық карта, слайдтар, флипчарт.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, ағылшын тілі, тарих. Сабақтың өту барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі: оқушылармен сәлемдесу,

сабаққа дайындығын тексеру. Психологиялық дайындық жасау.

II. Үй жұмысын тексеру. Кіріспе тест «Ақпарат құралдары».

1. Тұңғыш қазақ газеті қай жылы шықты?

А) 1870 ж. В) 1912 ж. С) 1900 ж.

2. “Үлгі аларлық тұлғаларды теледидардан көрсеткендіктен, жастар жақсы тәрбие алады.”

А) мезгіл бағыныңқылы сабақтас;

В) себеп бағыныңқылы сабақтас;

С) шартты бағыныңқылы сабақтас.

3. Интернет қайда пайда болды?

А) Еуропада; В) Ресейде; С) АҚШ-та.

4. Қазақтың тұңғыш журналистері:

А) А.Байтұрсынов, Р.Дүйсебаев.

В) Е.Абылайханов, Д.Сұлтангазин.

С) М.Сералин, Ы.Алтынсарин.

5. Радио байланысты алғаш ойлап тапқан кім?

А) А.С.Попов; В) Ә.Байжанбаев; С) В.Радлов.

6. Публицистикалық стиль қайда қолданылады?

А) ғылыми еңбектерде;

В) көркем әдебиеттерде;

С) бұқаралық ақпарат құралдарында.

7. Интернеттің ... шексіз.

А) уақыты; В) мүмкіндіктері; С) байлығы.

8. «Слово найдет правду» А) Орынсыз сөз-өзіңе тиер. В) Сөз сүйектен өтеді. С) Сөз шынды табар.

9. Тұңғыш қазақ газеті?

А) “Түркістан уәлаяты”; В) “Қазақ”; С) “Айқап”.

10. “Ақпарат” сөзіне синоним табындар: А) қағида, ереже; В) мәлімет, мағлұмат; С) мерзім, кезең. (Музыкалық үзіліс. «Жаңалықтар» бағдарламасы интерактивтік тақтада қалай басталатыны көрсетіледі)

– Осылай күнде үйімізге ақпараттар келеді.

III кезең. Ой шақыру.

1. Ақпарат деген не?

2. Ақпарат құралдарына не жатады?

3. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы не білуге болады?

4. Бұқаралық ақпарат құралдары дегенде қандай сөздер еске түседі? (Оқушылар өз ойларын айтады)

-Дұрыс, қазіргі «Ақпарат ғасырында» бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі ерекше. Бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтік қажеттіліктердің қатарынан бастау алады. Ақпарат құралдары бүгінде әрбір үйдің күнделікті қонағына айналды.(мұғалім сөзі)

Сабақты топтық түрде өткіземіз. «Телевидение», «Интернет», «Баспасөз» топтары.

- Топтағы рөлдер: журналист, тайм-пикер, координатор, секретарь және әр топтың өз бағалау парағы бар.

1-тапсырма: «Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамдағы алатын орны мен рөлі» тақырып бойынша әр топ дайындап келген презентацияларын қорғайды, ал тыңдаушылар презентациясын қорғаған топқа екі сұрақтан дайындап отырады(жалпақ және жіңішке)

2-тапсырма: - Сұрақтар бойынша сұхбат құрастыру (әр топтың ішінде жұптық жұмыс)

1. Сен білесің бе, Интернеттің мүмкіндіктері күшейіп келеді?

2. Интернетте қандай жұмыстар жасап жүрсің?

3. Ақпарат –іздеу порталдарынан не таба аласың?

4.Ұялы телефон арқылы Интернет жүйесіне қосылуға бола ма?

5. Интернет арқылы кіммен танысуға болады?

6. Теледидарды көп қарайсың ба? Балаларға арналған

жеке бағдарлама болу керек пе?

7. Қазақстан Республикасында қандай телеарналар бар? Атап беріңдер.

8. Отбасың қандай мерзімдік басылымға жазылады?

9. Өзің тұратын өңірде қандай жергілікті газет басылып шығады? Оқып тұрасың ба?

10. Газет бетіндегі сүйікті айдарың қандай?

3-тапсырма. Мәліметтің дұрыс, бұрысын анықтандар!
(интерактивті тақтада семантикалық картамен жұмыс)

	Дұрыс	Бұрыс
1. Газеттерден көп мағлұмат, ақпарат аламыз.		
2. Газетте ауа райы жайында мәлімет берілмейді.		
3. Интернет арқылы дүниежүзінің кез келген нүктесінде ақпаратқа ие болу мүмкіндігі бар.		
4. Телевидение адамның психологиясына әсер етпейді.		
5. Бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікірді туғызады.		
6. Теледидар мен компьютердің адамға зияны жоқ.		


(Әртоптан 1 оқушы тапсырманы орындауға шығады)

- Рахмет, балалар! Баспасөз, телевизия және интернет тек ақпарат тарататын құрал ғана емес, олар көпшілікке ұсынылатын материалдарын түсіндіреді. Кім ақпаратқа ие болса, сол кез келген мәселенің шешімін табады.


4-тапсырма: -Ақпарат-журналистиканың әсерлілігі мен тиімділігін арттыратын фактор, сондықтан журналистикада ақпараттың орны ерекше деуге болады.

- Ол қандай факторлар екенін тірек-сызба арқылы дәлелдендер.


Слайд(тірек-сызбалар бойынша журналистика туралы әңгімелеу)



Журналистердің



Шындықты айту



Ой толғау.

-Журналист қандай болу керек деп ойлайсындар?
(жоғары мәдениетті адам, сабырлы, тартымды, шетел тілін меңгерген, үлкен жауапкершілікті түсіну, өмірге қызығушылығы, тән қасиет, мейірімді, ақылды, өз Отанын сүйетін, қоғамның тыныш, қалыпты өмір сүруін қалайтын адамдар болғаны жақсы.)

-Қандай журналистерді білесіңдер? Олар қандай бағдарламалар жүргізеді?

Слайд. «Белгілі Қазақстан журналистері»

-Қандай бағдарламаларды қарайсындар?(«Бетпелет», «Жаңалықтар», «Аналитика», «Жеті күн», «Арнайы хабар»)

-Мүмкін болашақта біреуіңіз осы мамандықты таңдап аларсындар. Сонда Эрнст Генридің рецепі пайда болар. Эрнст Генри кім деп ойлайсындар?

5-тапсырма. Кеңестерді қазақша, ағылшынша айтып беріндер.

Слайд (Рецепт журналистам против старения. Э.Генри)

1. Всегда глядеть на окружающий мир с любопытством.

2. Ни в коем случае не бросать писать, даже когда нет заданий.

3. Больше читать, писать и задумывать, меньше выступать.

4. Ни в коем случае не позволять себе скучать.

5. Чаще встречаться с молодежью.

6. Поменьше говорить о болезнях.

7. Строжайше беречь свой сон.

- Әр журналистің өз стилі мен сөз шеберлігі болса да, сауаттылық бәріне де қажет.

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырмаларды орындап, сауаттылығыңызды көрсетіңіздер.

Сатылай кешенді талдау (әр топ өз тапсырмасын орындайды)

Синтаксистік талдау:(«Телевизия» тобына)

Ақпарат елдің тұрмысына, көңіл-күйіне, мінез-құлқына әсер етеді.

Морфологиялық талдау: көңіл-күйіне («Интернет» тобына)

Фонологиялық талдау: Тұрмысына («Баспасөз» тобына)

-Қоғамға әлеуметтік әсері жағынан аудиовизуалды БАҚ: радио мен телевидение, интернет пен баспасөз күшті әрі ықпалды болып отыр.

6-тапсырма. «Ішіне-Сыртына» стратегиясы бойынша: телевидение, баспасөз, интернеттің «Ішіне» - оң, ал «Сыртына»-теріс ықпалын жазу (оқушылар интернетке шығып, қосымша материалдар пайдаланады)

Ішіне	Сыртына
-------	---------

Мысалы, баспасөздің оң ықпалына-өзіңмен алып жүруге, кез келген жерге, ыңғайлы уақытта, айналадағыларға кедергі келтірмей оқуға мүмкіндік береді, теріс ықпалына-ақпараттық фантомдарды жатқызамыз. Тұлғаның ұстанымының қалыптасуы мен өзгеруіне ықпал ететін тексерілген, тексерілмеген және толық емес ақпараттардың үйлесуі. Көбінде фантомдар адамдарға теріс әсер етеді.

Телевидениенің оң ықпалы-көңіл көтеру, ақпараттық, рухани дүние мен мәдени құндылықтарды беру, тәрбиелік қызметтерін атауға болады, т.б.

Теріс ықпалы- үйдегі вампир дос. Оны көріп отырған адам бар назарын аударады, ал ол белгілі бір ойларды, идеяларды гипноз күйінде сендіреді.

Интернеттің оң ықпалы-жаһандық, ашықтық, интерактивтік сипаттары.

Теріс ықпалы-агрессивті мінез-құлқы ойын тудыратын кейбір компьютерлік ойындарды, жасөспірімдердің өмірге деген қызығушылығының азаюын, өз әлемін құруға ұмтылуы, өзімен қатарластарынан гөрі компьютермен қарым-қатынасқа түскенді қалауы.

7-тапсырма. Логикалық қатарлар.

«Не артық?» Дәлелдеңдер.

1. Мақала, оқиға, мүсін, қызықты.

2. «Түркістан уәлаяты», «Айқап», «Егеменді Қазақстан», «Қазақ»

3. Хабарламалар жіберу, үш мезгілді ас дайындау, достармен сөйлесу, ақпарат алу. «Не ортақ?» Дәлелдеңдер.

1. Ақпараттық, ағартушылық, сын, бақылау.

2. Е.Абылайханов, Н.Иманғалиұлы, Д.Сұлтанғазин, А.Трухачев.

3. Құжаттарды қабылдап алу, тауар сатып алу, қонақ үйге тапсырыс беру.

Ой-толғау. «Сөз шынды табар» деп тегін айтылмаған, себебі журналистердің басты құралы-сөз. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларыңды ортаға салыңдар.

1. Журналист болу оңай ма?

2. Әйел адамның журналист болуына көзқарастарың қандай?

3. Сұхбаттың мазмұнды, қызықты болуы журналиске байланысты ма?

Қазақ мақалдарында сөйлеудің алуан түрлі сипаттары тамаша бейнеленген.

Абайлап сөйлеу-ақылдылық, инабаттылық белгісі.

-Сөзге байланысты қандай қазақ мақалдарын білесіңдер? (тілге, сөзге байланысты мақалдарды айтады)

IV.Рефлексия кезеңі.

- Бүгін сабақ саған ұнады ма?

- Немен ұнады?

- Қандай жұмыс түрі ұнады?

- Не қиын болды?

- Бүгін сабақта ақпараттың қоғамдағы орны мен рөлін анықтадық па? Қалай ойлайсыңдар?

V. Сабақты қорытындылау. Бағалау.

-Балалар, қорыта айтқанда, бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санаға және мінез-құлқына идеологиялық, саяси, экономикалық және т.б. арқылы әсер ету құралы болып табылады. БАҚ-тағы ақпараттар психологиялық әсер етудің ақпараттандырудан, оқытудан, сендіру мен үгіттеуге дейінгі барлық секторын қамтиды. Бүгін бәрін жақсы жұмыс істедіңдер, ал топтағы бағалау парағына қойған бағаларыңды дәлелдеңдер.

VI. Үйге тапсырма. Ақпарат құралдары туралы әңгімелеу және «Мен тілші болсам» тақырыбына эссе жазу.



Ж.ДЮСИУПОВА,

№ 9 орта мектеп.

Шығыс Қазақстан облысы,

Семей қаласы

ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІ

Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушыларға өсімдіктер өсетін орта жағдайларының алуан түрлілігі жайлы түсіндіре отырып, әр түрлі ортада және жағдайда тіршілік ететіні туралы мағлұмат беру, оқушылардың сөздік қорын молайту, ойларын байланыстырып сөйлеу дағдысын қалыптастыру; дамытушылық-өсімдіктер жайлы білім бере отырып, оқушылардың дүниетанымын кеңейту, дамыта оқытуға негізделген тапсырмалар орындата отырып, шығармашылығын арттыру; тәрбиелік: қоршаған ортаны, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

Әдістемелік мақсат: коммуникативтік технология арқылы интерактивті әдіс–тәсілдерді қолдану.

Сабақ әдісі: түсіндіру, сұрақ–жауап, сөйлету, жаттықтыру, атау, айқындау, пікір айту, қарым–қатынасқа түсу, РАФТ әдістері, сын тұрғысынан ойлау әдісі.

Көрнекілігі: өсімдіктер жайлы суреттер, «Қазақстанда өсетін өсімдіктер» сызба-кесте, ҚР картасы, слайдтар.

Пәнаралық байланыс: география, дүниетану, қазақ тілі.

Түрі: аралас сабақ.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

а) Кезекшімен әңгіме.

ә) Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

II. Фонетикалық жаттығу.

а) Жаңылтпаш. Қарамайлы, қарағайды

Кесейін бе кеспейін бе?

Қазықтағы қара тайды,

Шешейін бе, шешпейін бе?

ә) Қарамайын қарағайдың,

Қаламайын, жаламайын.

Қарағайдың қарамайын,

Қасына енді жоламайын.

б) Ерекше дыбыстарды қайталау.

Әріптер пердемен жабылып тұрады.

Оқушылар суреттегі аң, құстарды атап, қазақ тіліне тән дыбыстарды табады. Содан кейін әрбір дыбысқа қатысты өз мысалдарын келтіреді.

III. Үй тапсырмасын сұрау (өзен, көлдер, тауларды табу)

Топтарға тапсырма.

I топ-өзендер

II топ-көлдер

III топ-таулар

Әрбір топтан оқушылар келіп интерактивті тақтада жазылған өзен, көл, таулар атаулары арасынан Қазақстанның өзен, көл-тауларын тауып, сызықтың төменгі жағына түсіреді. Сол кезде жоғарғы жақта перде жабылып, төменгі жағына түсіреді. Сол кезде жоғарғы жақта перде жабылып, төменгі жағында оқушылар тапқан сөздер ғана қалады.

Ә) Оқушылар табиғат, Отан туралы өлеңдерді жатқа айтады.

IV. Тақтада Қазақстанның табиғаты туралы слайд – шоу көрсетіледі. Балалар, қараңдашы, біздің Қазақстанның табиғаты неткен тамаша!

Ақын–жазушыларымыз өз шығармаларында табиғатты ерекше жырлаған. Табиғат бізді қоршаған орта. Адам-сол табиғаттың иесі. Табиғат-біздің келер ұрпаққа қалдырар байлығымыз. Табиғатта сирек кездесетін аңдар, құстар, өсімдіктер Қызыл кітапқа жазылған.

1. Сұрақ-жауап тәсілімен ауызша жауап алу.

-Өсімдіктердің алуан түрлілігі туралы не айтуға болады?

-Өсімдіктерді бір-бірінен қалай ажыратуға болады?

-Қазақстанда өсетін, өте көп тараған өсімдіктерді ата.

2. Әр партаға таратылып берілген суреттер бойынша өсімдіктерді сипаттау.

3. Киелі шөптер туралы не білеміз?

4. Дәрілік өсімдіктер туралы сұрау (итмұрын, жолжелкен, бақбақ)


V. Жаңа сабаққа даярлық: Табиғат неше топқа бөлінеді?

-2-ге бөлінеді. Тірі және өлі табиғат. Тірі табиғат:

адам, жануар, өсімдік. Өлі табиғат: күн, ауа, тас, тау, су.

Өседі, көбейеді, өледі, көректенеді, өспейді,

көбеймейді, көректенбейді, бұлар бір-бірімен тығыз байланыста болады.



VI. Жаңа сабақ:

1. Видео кассетадан табиғат туралы көріністерді көрсету.


2. Өсімдіктерді топқа бөлу: суретпен жұмыс.

а) ағаш

ә) бұталар

б) шөптесін

3. Суретті пайдаланып, өсімдікті қоршаған сыртқы орта туралы түсінік беру және өсімдіктердің әр түрлі жағдайда өсетіні туралы мағлұмат беру.




Сергіту сәті.

4. Өсімдіктер әр түрлі жағдайларда өседі. Қорыта

келгенде өсімдіктер алуан түрлі ортада және әр жағдайларда тіршілік етеді.

5. Білімді бекіту:



- Ылғалды және қоректі қайдан алады? (тамыры арқылы топырақтан алады)

- Жылу мен жарықты ше? (күннің көзінен)

Оқулықпен жұмыс: Жаңа ұғымдарды оқыту. Дәптерге осы ұғымдарды жазғызу.

VII. Оқулықтан жұмыс мәтінін оқу. Мәтінмен болжау стратегиясы бойынша жұмыс жүргізу. Оқушылар мәтінді мұғалімнің тоқтаған жерінен әрі ойды өздері болжап айтады. Мәтінді талдау.

Р	А	Ф	Т
рөлдер	аудитория	форма	тақырып
автор	жазушы	өлең	табиғат
қайың	дәрігер	сурет	көктем
тобылғы	заңгер	эссе	ағаш
қарағаш	суретші	өтініш	өсімдік
сексеуіл	тілші	ән	
	әнші		

Осы әдіс бойынша әр кейіпкер өз жұмысын ойнайды, көрсетеді.


Оқушылардың жұмысы.

Көрініс көрсету, суреттеу, ауызша сөйлеу, ән айту, мақал-мәтел айту, сұрақ қою, мінездеме беру.

Білімді дамыта түсу:

1. Өсімдіктің пайдасын әңгімеле.

2.



3. Суретпен жұмыс: Өсімдіктен жасалынатын заттар туралы әңгімелеу.

4. Өсімдіктерді құрастыру (ойын).

VIII. Жаңа тақырыпты бекіту. -Балалар, мына орман қандай күйде деп ойлайсыңдар? Осы сұраққа жауап бере отырып, оқушылар орманды тазартып, қалпына келтіреді. Соңынан тиісті аң, құс, өсімдік, жәндіктерді орманға орналастырады.

IX. Осыған қосар сендердің үлестерің қандай? Әрбір гүлді қозғай отырып, оқушылар табиғат қорғау үшін не істеу керектігі жөнінде айтады.

Сүйелік, табиғатты, аялайық,

Біз де одан жақсылықты аямайық.

Анадай табиғаттың аясында

Жадырап жас балаша дем алайық

Сабақты қорытындылау:

1. Біз нені үйрендік?

2. «Қызыл кітапқа» енген өсімдіктер туралы айту.

Бағалау.

Үйге тапсырма: а) Мәтінді түсініп оқу.

б) 2-3 өсімдіктің өсу ортасын, жағдайларын анықтау.

А.ЖАУКЕНОВА,
№ 17 жалпы орта білім
беретін мектеп.
Орал қаласы

ҚАЗАҚТЫҢ ТҰҢҒЫШ ҒАРЫШКЕРІ **-ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ**

Мақсаты: оқушылардың таным-дүниесін кеңейту, грамматикалық материалды бекіту. Ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамыту, өз пікірін айтуға дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту. Ізденуге баулу.

Әдіс: сұрақ-жауап, әңгімелеу.

Көрнекілік: интерактивті тақта, слайдтар.

Сабақтың барысы:


I. Ұйымдастыру бөлімі.

II. Үй тапсырмасын сұрау.

Ғарышкер әйелдер туралы әңгімелеу.

III. Жаңа сабақ.

Бүгінгі сабағымызда қазақ ғарышкерлері туралы білетінімізді кеңейте түсеміз. «Ой шақыру» (слайдпен жұмыс, толықтырып жазу)



Сұрақ-жауап.

1. Қазақ ғарышкерлері кімдер ?

(Т.Әубәкіров пен Т.Мұсабаев)

2. Тоқтар Әубәкіровтің мамандығын ата.

(ұшқыш-сынақшы)

3. Ол қай жылы ғарышқа ұшты?

(1991 жылы)

4. Екінші қазақ ғарышкері кім?

(Талғат Мұсабаев)

5. Талғат Мұсабаев ғарышқа неше рет ұшты?

(3 рет ұшты)

6. Ол қай жылдары ғарышқа ұшты?

(1994, 1998, 2001 жылдары)

III. Деңгейлік тапсырмаларды орындау

III деңгей.

1. Мәтінді оқу (слайд, үлестірмелі материал)

2. Оқушыларға кезекпен оқыту.

3. Мәтінді мына жоспар бойынша әңгімелеу.

А) Тоқтардың ғарышкер болу үшін дайындығы.

Ә) Оның адами қасиеттері.

Б) Тоқтар Әубәкіровтің жастарға айтқан тілегі.

В) Тоқтардың ғарышта сүйіп айтқан әні.

Г) Тоқтардың ғарыштан қайтқанда қонған жері мен жылы.

4. Орыс тіліндегі сөздерді қазақ тіліндегі сөздермен сәйкестендіру.

А) испытатель

а) дамыту

Ә) пространство

Ә) сынақшы

Б) безопасность

Б) кәсіби

В) развивать

В) кеңістік

Г) профессиональный

Г) қауіпсіздік

Жауабы: А – Ә

Ә – В

Б - Г

В - А

Г – Б

II деңгей.

1-тапсырма. Мына сөйлемдердегі көп нүктенің

орнына тиісті сөзді, жалғауды жазыңыз. (слайд)

1. Әуелі ... ғарышкерлер ... дайындыққа қосылды.

2. Енді негізгі ұшушылар ... тіркеліп, ғарыш... ұшушы... құрамына тіркеліп, ғарыш... ұшу күндері... қыруар іс-жоспарларымен таныса бастады.

3. Тоқтар ер ... , елгезек , ... - ... бетіне үйірілген , ... жайсаң , ... - ... өзгенің жанын түсіне білетін , ... азамат кейпінде танылды.

4. Екі жасында әке... жетім қалып, апа-жездесі... қолында өскен.

2-тапсырма. Ғарышкер сөзін жіктеу.

3-тапсырма. Сынақшы сөзін септеу.

I деңгей. «Қазақ ғарышкерлері» тақырыбына сұрақ-жауап құру (парталас отырған оқушыға сұрақ қою)

IV. Сабақты қорытындылау.

Тест сұрақтарына жауап беру.

1. Жалғау түрі нешеу?

А) 2; Ә) 4; Б) 5.

2. Табыс септік жалғауындағы сөзді табыңыз:

А) барады; Ә) гүлді; Б) киінді.

3. Көптік жалғауын табыңыз:

А) -ның,-нің; Ә) -лар, -лер; Б) -ым ,-ім.

4. Тәуелдік жалғаулы сөзді көрсетіңіз:

А) ерлік; Ә) айттым; Б) киімім.

5. Қазақ тілінде неше септік бар?

А) 9; Ә) 6; Б) 7.

6. «-да, -де, -та, -те» қай септіктің жалғаулары?

А) жатыс; Ә) барыс; Б) табыс.

7. Тоқтар Әубәкіров кім?

А) әнші; Ә) ұшқыш-сынақшы; Б) суретші.

8. Талғат Мұсабаев ғарышта неше рет болды?

А) 3; Ә) 5; Б) 1.

Кестені толтыру.

Не білемін ?	Не білдім ?	Нені білгім келеді ?

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма. Қазақ ғарышкерлері туралы деректер жинау, әңгімелеу.



Б.ШЫНБАЕВА,
Донецк орта мектебі.
Солтүстік Қазақстан облысы,
Тайынша ауданы

ҚАЗАҚСТАН АСТАНАЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік-өткен сабақтардағы қалалар туралы әңгімелей отырып, ортақ қорытынды жасау. Оқушылардың сөйлеу қабілетін оқылым, тыңдалым, жазылым әрекеттері арқылы жетілдіру. Сөздік қорын молайту. Дамытушылық: Қазақстан астаналары туралы білімдерін пысықтау, топтық талқыға салу, постер жасақтау, ой қорыту. Оқушылардың қисынды ойлау қабілетін дамыту, іздендіру, шығармашылыққа баулу. Тәрбиелік: өз туған еліне, тұрған жерлеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, табиғатты аялауға шақыру. Күтілетін нәтиже: а) Қазақстан астаналарына қандай қалалар жататынын біледі, түсінеді, топтық талқыға салып талдайды, постерге түсіреді, ой қорытады, бағалайды. ә) Оқушылардың өз ойларын жүйелі түрде баяндауы, түсініп оқуы, ойлауы, есте сақтау қабілеттері дамиды. б) Қазақстан астаналарын жақсы біледі, оны мақтан етеді. Дереккөздер, құрал-жабдықтар: маркерлер, бояулар, оқулық, дәптер, «Қазақстанмен таныстыру» атты бейнетаспа.

Сабақтың барысы	уақыты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе		Амандасу. -Тақтада көрсетілген суреттер арқылы өз көңіл-күйлеріңізді білдіріңіздер.	Амандасу. Оқушылар алдарында жатқан дөңгелекке өз көңіл-күйлерін бейнелейді.

		1-топ: Алматы және Орынбор қалаларына байланысты ақпараттарды еске түсіріп, постер құрастырады. 2-топ: Астана және Қызылорда қалаларына байланысты ақпараттарды еске түсіріп, постер құрастырады.	
Қорытынды		«Қазақстанмен таныстыру» бейнетаспа. Осы бейнетаспадан қандай қорытынды шығардыңыздар? Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. «Алты қалпақ» әдісі бойынша Ақ қалпақ – Бүгін қандай ақпарат алдыңыздар? Қара қалпақ –Қандай қиыншылықтар болды? Сары қалпақ –Пайдалы жақтарын айтыңыздар. Жасыл қалпақ –Жаңасын және қызықтысын айтыңыздар. Қызыл қалпақ арқылы шығармашылық жұмысын қалай дамыттық? Көк қалпақ –Қорытынды жасаңыздар.	Өз ойларын айтады. Әр топ өзіне тиесілі қалпақ түсі бойынша жауап береді.

		Үй тапсырмасы: «Қазақстанның астаналары» тақырыбына эссе жазу. «Қуаныш» фишкаларын санап, оқушыларды бағалау.	Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазады. Топ басшысы «екі жұлдыз, бір тілек» әдісімен бағалайды. 2 жұлдызды жақсы қатысқан оқушыға беріп, қалғандарына тілек айтады.
--	--	--	---



ТАРИХИ ОРЫНДАР

Сабақтың мақсаты: білімділік-қазақтың тарихи қалаларын қайталау. Түркістан, Отырар, Тараз қалаларына шолу жасау; кесенелер туралы әңгімелеу; үйренген сөздерді, сөз тіркестерін қайталау, ауызша сөйлеуге жаттықтыру; дамытушылық-берілген мәтінді түсініп, сұрақтарға дұрыс жауап беруге дағдыландыру; тапсырмалар орындау арқылы қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу, ұқсастық пен айырмашылықты бөліп көрсете алу қабілетін дамыту. Ауызекі сөйлеу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік-өз еліндегі тарихи орындарды құрметтеуге тәрбиелеу. Түрі: қайталау сабақ. Әдісі: сұрақ-жауап, ойын элементтері, тест тексеру, проблемалық сұрақтар, ойлауды дамыту технологиясы, іздену.

Пәнаралық байланыс: дүниетану, тарих. орыс тілі

Сабақтың көркемділігі: суреттер, тест, ребус, интербелсенді тақта, үлестірілме қағаз.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Амандасу, оқушылардың назарын сабаққа аудару

2. Психологиялық дайындық (1-слайд)

Айдай арайлап,

Күндей күлімдеп,

Жұлдыздай жарқырап

Қазақ тілін бастаймыз!

3. Кезекшімен жұмыс.

-Бүгін сыныпта кім кезекші?

-Сыныпта кім жоқ?

-Қазір жыл мезгілі қандай?

-Аптаның қай күні?

-Дұрыс, балалар, бүгін күн жұма-сәтті күн.

Бүгін сабақта мен сендерге сәттілік тілеймін, өйткені бүгінгі сабақ-ерекше сабақ. Бүгін біздің сабағымызға қонақтар келіп отыр, сондықтан біз өз білімімізді жақсылап көрсетуіміз керек.

II. Қайталау.

1. Ребустің шешуін табу.

-Бүгін мен сендерді үш топқа бөлемін. Біз бүгін топпен жұмыс істейміз. Бірақ бір топта бес оқушы болу тиіс. Сондықтан артық оқушылар бізде байқаушылар болады. Олар әр топты байқап отырады.

-Бүгін біз қазақ елінің тарихи көне қаларына саяхат жасаймыз. Қай қалаларға саяхат жасаймыз бізге ребустар көмектеседі. Сонымен ең бірінші ребустің шешуін табамыз.

Әр топқа әр түрлі ребусті беріп, жауабы топтың аты болады.

(2-слайд)

1)Тараз

2)Түркістан

3)Отырар

2. Тақырыпты жариялау, мақсатымен таныстыру

(3-слайд)

-Қандай сөз шықты?

-Тарихи орындар (қайталау сабақ)

-Сабағымыздың тақырыбы - Түркістан, Отырар, Тараз қалаларды қайталаймыз.

-Біздің ұранымыз «Қайталау – оқу анасы».
(4-слайд)

Мақсатымыз: қазақтың тарихи қалаларын қайталау. Түркістан, Отырар, Тараз қалаларына шолу жасау; кесенелер туралы әңгімелесу.

Ендеше, балалар, көне қалалар әлеміне сапар шегейік. (5-слайд)

I тапсырма: сөздер. Сөздер болса, сөздерді қайталау

Көне
Түріктер мекені
Кесене
Қасиетті жер
Ғұлама
Ең
Ұлы Жібек жолы

II тапсырма: сұраққа жауап беру (6-слайд)

Әр топқа жеке тапсырма беріледі.

I топ- Тараз туралы.

-Тараз қандай қала?

-Ол қайда орналасқан?

-Таразда қандай сәулет ескерткіштері бар?

-Тараз моншасының бөлмелері немен безендірілген?

-Тараз қаласы бұрын қалай аталған?

II топ – Түркістан туралы.

-Түркістан қандай қала?

-Ол қайда орналасқан?

-Қаланың көне атаулары қандай?

-Түркістанда қандай кесене бар?

-Қожа Ахмет Йассауи кім?

III топ – Отырар туралы.

-Отырар қандай қала?

-Отырардың ежелгі аты қандай?

-Отырар қайда орналасқан?

-Отырарда қандай кесене бар?

-Әбу Насыр әл Фараби кім?

-Өте жақсы! Бәрекелді!

III тапсырма: Мәтінді мазмұндау (7-слайд)

IV тапсырма: «Жұлдызды сәт» ойыны (8-слайд)

-Келесі аялдамаға тез жету үшін ойын ойнаймыз.

Ойынның аты: «Жұлдызды сәт». Көне қалалардың Отаны қандай?

-Дұрыс, Қазақстан.

Ойынның шарты: әр топ «Қазақстан» сөзінен бірнеше сөз тауып, дәптерге жазады. Сөздерді тауып жазғанша сендер Түркістан туралы бейне жазба көресіңдер. (9-слайд)

III.Сергіту сәті.

IV.Бекіту.

V тапсырма: жазбаша жұмыс (10-слайд)

-Жазба жұмысында осындай тапсырма:

1.Тиісті буындарды қою.

2.Әр топ дауыссыз дыбыстар бар әріптерді астын сызу.

Ал ... ты, қа ... сы, биік ғи ...рат,үл ... кітап ... на, Түр ... тан, мұра..., тәуел ..., атаме...,ғұ ... ма, са ... ған

VI тапсырма: білім тексеру (тест) (11-слайд)

1. Қазақстанның ежелгі қалалары қайсысы?

А) Алматы, Түркістан, Астана;

Ә) Түркістан, Теміртау, Отырар;

Б) Тараз, Көкшетау, Қостанай;

В) Түркістан, Отырар, Тараз.
2. Түркістанда қандай кесене бар?

- А) Айша бибі;
- Ә) Қожа Ахмет Йассауи;
- Б) Арыстан баб;
- В) Қарахан.

3. Отырарда қандай кесене бар?

- А) Айша бибі;
- Ә) Қожа Ахмет Йассауи;
- Б) Арыстан баб;
- В) Қарахан.

4. Таразда қандай кесене бар?

- А) Қорқыт ата;
- Ә) Қожа Ахмет Йассауи;
- Б) Арыстан баб;
- В) Айша бибі, Қарахан.

5. Дауыссыз дыбыстар неше түрге бөлінеді?

- А) жуан, жіңішке;
- Ә) қатаң, ұян, үнді;
- Б) ашық, тұйық, бітеу.

6. «Кесене» деген сөздің аудармасы қандай?

- А) древний;
- Ә) построены;
- Б) мавзолей;
- В) перевозили.

-Білім тексеру кезеңінде біз тест тапсырмасын орындаймыз. Орындап болған соң, жұпта тексереміз, кім дайын қол көтеріп белгі бересіңдер

VI тапсырма: Венн диаграммасы (12-слайд)

-Өте жақсы! Енді тақтаға қарандаршы, бұл не?

-Түркістан, Тараз, Отырар қалаларының ортақ белгілері мен айырмашылықтарын Венн диаграммасы арқылы көрсетесіңдер.

VII тапсырма: өлең құру (13-слайд)

-Ал қазір сабағымызды қорытындылайық.
Сабақты бес жол өлеңмен аяқтаймыз.

Не?

Қандай?

Не істейді?

Сөйлем

Синоним

V. Рефлексия.

-Біз бүгін не туралы айттық? Сабақ сендерге ұнады ма? Егер сабақ ұнаса стикерлеріңді тақтада ілулі тұрған көңіл күйі жақсы анимацияға ілесіңдер, егер де сабақ ұнамаса көңілсіз анимацияға ілесіңдер.

VI. Бағалау парағы бойынша сабақты бағалау.

VII. Үйге тапсырма:

Әр топ өз көне қалаларындағы кесене туралы әңгімелеу.



ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік-Қазақстанның қалалары туралы мәліметтерді меңгерту, бас қала – Астана, мәдени орталық – Алматы, табиғаты керемет – Көкшетау туралы ақпарат алады; дамытушылық-тез ойлауға, жылдам жұмыс істеуге үйрету, алған ақпараттарын талдай білуге үйрету, сөздік қорын молайту; тәрбиелік-адамгершілікке, сыпайылыққа, өз елін, жерін, Отанын сүюге тәрбиелеу.

Оқыту нәтижесі: қажетті, дұрыс ақпараттарды алуға үйренеді; сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс қолдана алуға үйренеді; дұрыс оқи алуға үйренеді.

Оқығанын баяндай білуге үйренеді.

Қазақстан қалалары туралы мәлімет алады.

Мемлекетіміз туралы мәлімет алады.

Дереккөз: оқулық, ғаламтор.

Тапсырмалар: мәтінді оқу, мәтінді түсіну, оны талдап, анализ жасау, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, мәнерлеп оқуға дағдыландыру, сөз тіркесін, сөйлем құрастыру, мәтінді әңгімелеу.

Оқуға арналған грамматикалық тапсырма.

Тәуелдік жалғау.

Сабақтың түрі: Аралас сабақ.

Сабақтың әдісі: Түсіндіру, сұрақ-жауап, рефлексия тәсілі, ойтолғау, талдау.

Сабақтың көрнекілігі: слайд, тірек сызба, плакат.

Бағалауға арналған жұлдызша (бес), төртбұрыш (төрт), үшбұрыш (үш).

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: амандасу, оқушылардың ынтасын сабаққа бұру, кезекшілермен жұмыс жүргізу.

II. Үй тапсырмасын тексеру кезеңі. 5-тапсырма, 74-бет. Бес мақал-мәтел жаттау.

III. Өткен тақырыпты қорытындылау.

1. Қазақстан қандай мемлекет?

2. Біздің Отанымыз қай ел?

3. Республикамыз қандай?

4. Бас қаламыз қай қала?

5. Мемлекеттік тіл қандай тіл?

6. Қазақстанда қандай таулар бар?

IV. Жаңа сабақтың мақсат-міндеттерімен, тақырыбымен таныстыру Тақырыпқа сәйкес мәтінмен жұмыс істеу;

- Жаңа сөздермен таныстырып өту;

- Сөздікпен жұмыс.

V. Жаңа сабақты меңгерту.

• Сөздікпен жұмыс жүргізу.

Болашақ, жас қала, ғылым ордасы, арман қала, ел, ту, мәдени орталық, керемет, тарихи, бай, өлке, ғажайып, мекен.

• Мәтінмен жұмыс. (Слайдты қосу).

Қазақстанның қалалары

Астана – болашақтың қаласы. Ғылым мен білімнің ордасы. Баршамыздың арман қаламыз.

Алматы – Қазақстанның ең үлкен қаласы. Бұл қалада көптеген мәдени орталықтар бар.

Алматы – алманың Отаны.

Көкшетау – табиғаты керемет қала. Ол – Қазақстанның тарихи, бай қалаларының бірі.

Бурабай - Көкше өлкесіндегі ғажайып мекен.

• Слайд бойынша үш қалаға байланысты суреттер беріледі. Оқушылар суреттер арқылы ірі орталықтардың атауын табады. Ол орталықтар қай қалаға тән екенін табады.

I. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіздігіміздің ордасы қай қала?
2. Бурабай қандай мекен?
3. Жас қаламыз ... ?
4. Қазақстанның ең үлкен қаласы?
5. Қазақстанның тарихи, бай қалаларының бірі?

II. Сөз тіркестерін тауып, дәптерге жазыңдар.

Болашықтың қаласы, білімнің ордасы, жас қала, арман қала, үлкен қала, табиғаты керемет, ғажайып мекен, тарихи қала, бай қала,

III. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерді табыңдар .

Қаласы, ордасы, баршамыз, қаласы, қаламыз, өлкесі, Отаны, қалалары.

VI. Жаңа сабақ бойынша меңгерген білімдерін тексеру, тапсырмаларды орындату.

Оқулықпен жұмыс.

1-тапсырма. Тәуелдік жалғауы бар сөздерді теріп жазып, жақтарын анықтандар.

1. «Қала» сөзін ауызша тәуелдендер.
- 2-тапсырма. Сызба негізінде әңгімелендер.

Тақтада сызба жұмысын жүргізу;

3-тапсырма. Диалог бойынша сөйлесіңдер.

Сұрақ-жауап.

- Қазақстанда қанша облыс бар?

- Қазақстанда 14 облыс бар.
- Қазақстанның ғажайыпқа толы қаласы қай қала?

Көкшетау қаласы.

- Еліміздің астанасы?
- Астана.
- Оңтүстік астанамыз?
- Алматы.

VII. Сабақты қорыту, бекіту.

Сабақты оқушылардың өздеріне қорытынды жасату, сөйлету, дағдыландыру, қалыптастыру.

1. Балалар, бүгінгі сабақта Қазақстанның қандай қалаларымен таныстық?

2. Астана қандай қала?

3. Көкше жеріндегі ғажайып мекен қалай аталады?

4. Қазақстан Республикасы неше облыстан тұрады?

Рефлексия кезеңі.

- Балалар, бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

- Балалар, біз Қазақстан Республикасы туралы не білеміз?

- Қазақстанның қалалары туралы не білдік?

VIII. Үй тапсырмасын беру.

4-тапсырма, 76-бет. Жаттау. «бас қала» сөзін тәуелдеу.

IX. Бағалау.

Әр оқушының алған бағасын талдай отырып, қалай алғанын түсіндіру, оқушының күдігін сейілтту.



**А.ТӨЛЕГЕНОВА,
Ш.ӘБЛЕМОВА,
Бірінші қалалық жалпы
білім беретін лицейі.
СҚО, Петропавл қаласы**

ЕЛІМНІҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

Мақсаты: білімділік-оқушыларға Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев туралы жан-жақты түсінік қалыптастыру, елбасының қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегімен таныстыру, білімдерін толықтыру; дамытушылық-оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіру, тарихи оқиғаларды салыстырып, талдауға үйрету. Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілетін дамыту; тәрбиелік-туған жерге, Отанға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, ұлттық, саяси тәрбие беру.

Түрі: сайыс.

Әдіс-тәсілдер: ауызша баяндау, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, «Инсерт» әдісі.

Көрнекіліктер: интербелсенді тақта, слайдтар, плакаттар мен маркерлер.

Сайыстың жоспары:

1-кезең: «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

2-кезең: «Жедел жауап».

3-кезең: «Жүйрік болсаң озып көр».

I. Ұйымдастыру кезеңі:

Сәлеметсіңдер ме лицейістер. «Елімнің тұңғыш президенті» тақырыбындағы сайыс сабағына қош келдіңдер. Бүгінгі сайысқа екі топ қатысып отыр, қазір олар өздерін таныстырады. (Әр топ өздерін таныстырады).

II. Қазылар орнықтырар әділдікті,
Кімдердің жауаптары кәміл шықты.
Білім мен тапқырлықтың жарысында
Жеңіске жетер дейміз нағыз мықты! -демекші,
алдымен байқаушыларды тағайындап алайық.

III. Ойшақыру стратегиясы.

Мұғалім: - Қазақстан Республикасының алғашқы және қазіргі президенті Н.Ә.Назарбаев - тек қана еліміздің ғана емес, әлем таныған саяси тұлға. Елбасының саясаты арқасында қазіргі кезде елімізде тыныштық пен татулық орнап отыр. Бүгінгі сайыс сабағымызда Елбасы және еліміздің рәміздері туралы ойымызды ортаға саламыз.

-Ал, қанекей, келіңдер,

Біріңе-бірің еріңдер.

Біліміңізді тексеріп,

Ойыңға қатысып көріңдер,- дей келе сендерге сәт сапар тілей отыра, бірінші кезеңді бастаймын.

I кезең: «Сөз тапқанға қолқа жоқ».

Ұй тапсырмасын тексеру. (Әр топ дайындап келген презентациялары бойынша әңгімелейді)

II кезең: «Жедел жауап».

Екі топ бір-бірлеріне сұрақтар қойып, сынға түседі. III кезең: «Жүйрік болсаң озып көр»

Бұл кезеңде әр топқа мәтін беріледі, мәтінді «Инсерт» әдісі арқылы талдап, постер кұрайды және қорғайды.

1-топ-«Тұңғыш президент».

2-топ-«ҚР-ның рәміздері».

Қорытынды.

БУЫН ТҮРЛЕРІН ҚАЙТАЛАУ

Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушыларды буын түрлерін ажырата, ережелерді дұрыс пайдалана білуге үйрету, алған білімдерін бекіту; дамытушылық-оқушылардың сөздік қорларын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйрету; тәрбиелік-оқушыларды үлкендерді сыйлауға, қадірлеуге тәрбиелеу, бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттерін дамыту.

Сабақтың көрнекілігі: үш түсті шеңбер, суреттер, слайдтар, көрме.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын, өз бетімен жұмыс.

Сабақтың өту барысы: I. Ұйымдастыру: Сәлемдесу. Кезекшімен сұхбат. Сабақтың тақырыбы мен мақсатын түсіндіру: Балалар, бүгінгі сабағымызда біз адамгершілік, сыйластық, құрмет, сыпайылық туралы айта отырып, әже туралы әңгімемізді жалғастырамыз. Сонымен қатар буын туралы алған білімдерімізді есімізге түсіріп бекітеміз.

II. Үй тапсырмасын сұрау: Үйде сіздер «асыл» және «әже» сөздеріне фонетикалық талдау жасадыңыздар. Тақтаға шығып орындаймыз.

- Балалар, өткен сабақта мен сіздерге «Балдырған» және «Айгөлек» журналдарынан

- Білімнің мініп алып тұлпарына,
Қиналмай шықты білім шыңдарына.
Бүгінгі сайысымыз аяқталды,
Сөз кезегі әділқазы алқасына. Жарыс болған соң, жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Жарыста жеңілсек те, емірде жеңіске жете берулеріне тілектеспін. Барлықтарына үлкен рақмет, сау болындар!

Н.Ә.Назарбаев 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған ауылында туған. Атасы - Назарбай, әкесі - Әбіш, әжесі - Тәтібала. Нұрсұлтан Әбішұлы орта мектепті бітіргеннен кейін 1958 жылы Теміртау қаласындағы Қарағанды металлургия комбинатында жұмыс істейді. Қарағанды политехникалық институтын бітіргеннен кейін 1970 жылы Теміртау қаласының партия комитетінде жұмыс істейді. Елбасы әрқашан адал, еңбексүйгіш, жан-жақты білімді азамат болған.

Н.Ә.Назарбаев 1979 жылы Қазақстан Компартиясының хатшысы, ал 1984 жылдан еліміздің Министрлер Кеңесінің төрағасы болды. 1991 жылы 1 желтоқсанда Н.Ә.Назарбаев бүкіл халықтық дауыс беруі нәтижесінде Қазақстан Республикасының Президенті болып сайланды. Біз оған сенеміз және мақтан етеміз.

әже туралы өлең, тақпақ тауып, оны мәнерлеп немесе жаттап айтуға дайындалып келіндер деп тапсырма берген едім. (Оқушылар өлеңдерін оқиды).

III. Жаңа сабақ.

-Балалар, сіздер ақылдысыңдар ма, әдептісіңдер ме? Әрине, онда маған айтыңыздаршы әдептілікті, сыпайылықты білдіретін қандай сөздерді білесіңдер? Ендеше менің қолымдағы әр шеңберді сыпайы сөзбен атаймыз. Мысалы, қызыл шеңберді «рахмет» сөзімен, жасыл шеңберді «кешіріңіз» сөзімен, ал сары шеңберді «сәлеметсіз бе» сөзімен атайық. Енді мен қай шеңберді көтеремін, сол шеңберге сәйкес сөзді айтыңдар. Тез ауыстырамын. Сендер шатаспауға тырысыңдар.

(«Үш шеңбер» ойыны жүргізіледі)

Оқушылар бір-біріне сұрақ қояды.

-Қазақ тілінде дыбыстар неше түрге бөлінеді?

-Дауысты дыбыстардың қандай түрлерін білеміз?

-Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды анықтаңыз.

-Еріннің қатысына қарай нешеге бөлінеді?

-Жақтың қатысына қарай нешеге бөлінеді?

-Дауыссыз дыбыстар туралы не білеміз?

-Балалар, буынды құрайтын дыбыстың қай түрі?

-Ал буынның неше түрі бар?

-Ашық буын дегеніміз не?

-Тұйық буын дегеніміз не?

-Бітеу буын дегеніміз не? Ережені есімізге түсіреміз. Мысал келтіреміз. Балалар,

өздеріңіздің жауаптарыңызды интерактивті тақтаға қарап, тексеріңіздер.



Салт-дәстүрді білейік! Біздің елімізде барлық ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде. Қазақстан халқы барлық салт-дәстүрлерді құрметтейді. Балалар, қазақ халқы-бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлетін халық. Әсіресе, әжелердің тәрбиедегі рөлі зор. Немерелерін ұйықтатар алдында әжелері «Әлди, әлди, әлдиім» деп еркелетіп, бесік жырын айтады. Бесік жырын естіп ұйықтаған баланың санасы кең болады екен, балалар. Орыс халқында бесік жыры «колыбельная» деп аталады. Қазақ халқының осындай бесік жырларының бірін бізге көрсетеді. Балалар, тыңдаңыздар, сөздерінің мағынасына көңіл бөліңіздер.

Бесік жыры: Әжең отыр қасында,
Құс жастығың басында
Мен де сәби болғанмын,
Дәл өзіңдей жасымда.
Сен ұйықтатар әлди ғой,
Тыныштал да қалғи ғой.
Әлди, бөпем, әлди-ай,
Әжең отыр жаныңда.
Ұйықта, бөпем, ұйықта.
Құс көрпенді тұйықта.

Әлди, бөпем, әлди-ай.

Сөйлей берме былдырлап.

Тыйым сөздер мен мақал-мәтелдер.

-Балалар, интербелсенді тақтаға назар аударайық. Мұнда тыйым сөздер мен мақал-мәтелдер жазылған. Кім оқып, мағынасын түсіндіреді?

Слайд: Үлкендердің сөзін бөлме.

Үлкенге құрмет,

Кішіге ізет.

-Жақсы, балалар, осы тыйым сөз бен мақал-мәтелімізді буынға бөліп, буын түрлерін ажыратамыз. Осы тапсырманы дәптерге жазамыз. Әдемі, таза жазамыз.

«Әже» тақырыбына диалог құру. Балалар, сендер «Әже» тақырыбына диалог құрып, дәптерге жазып, өзара сөйлесесіңдер. Өз беттеріңізбен дайындалыңыздар.

-Диалогті кім оқиды?

«Тосын сый». Балалар, біздер бірнеше сабақ бойы отбасы, соның ішінде ата мен әже туралы көп әңгімелестік. Әжелерің қандай әдемі, білімді, ақылды екенін білдік. Енді, балалар, сендерге әжелер тосын сыйлық дайындады. Интербелсенді тақтаға назар аударайық. (Интербелсенді тақтада 4 «Б» сынып оқушыларының орыс тілді әжелері өздерінің немерелері туралы қазақша әңгімелейді). Балалар үшін бұл тосын сый.

V. Сабақты қорытындылау: Балалар, буын түрлерін жақсы меңгерген екенсіңдер. Қорытынды ретінде буын түрлеріне байланысты тест тапсырмаларын орындаймыз.

Интербелсенді тақтаға назар аударайық.

Тест тапсырмалары:

1) Буын түрлерінің санын көрсет:

A) 2;

B) 3;

C) 4.

2) Буынға дұрыс бөлінген сөзді көрсет:

A) сы-й-лай-мыз;

B) сый-ла-ймыз;

C) сый-лай-мыз.

Тест тапсырмаларын дәптерге орындаймыз.

Сонымен, балалар, біздің әжелеріміз туралы не білдік? Олар қандай? Тірек-сызба арқылы көрсетуге тырысамыз.

V. Бағалау.

VI. Үйге тапсырма: Әжелерің туралы шағын мәтін құру. Мәтіндегі бір сөйлемді буынға бөлу. Буындарды ажырату.



Ә.ЫҚЫЛАСОВА,
Мұхтар Әуезов атындағы
орта мектеп.
ШҚО Бородулиха ауданы,
Ново-Покровка ауылы

ЕТІСТІКТІҢ РАЙЛАРЫН

ҚАЙТАЛАУ

(7-сынып)

I.Сабақтың мақсаты: білімділік-оқушылардың етістік туралы бұрыннан алған білімдерін еске түсіру; дамытушылық-оқушылардың сөздік қорын молайтып, ойын арқылы тілін, шығармашылығын дамытып, дербес жұмыс жасауға үйрету. Өз ойын тез әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру; тәрбиелік: оқушыларды ұқыптылыққа, жинақылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап әдісі, өз бетімен жұмыс істеу.

II. Сабақтың барысы:

Сабақтың өтілу моделі.

I. Мақсаты.

II. Сабақтың барысы.

III. Ұйымдастыру кезеңі.

IV. Психологиялық дайындық.

V. Ой шақыру.

VI. Тапсырмалармен жұмыс.

VII. Бекіту.

VIII. Қорытындылау.

IX. Бағалау.

II топқа бөлініп отырайық. I топ-Жігер

II топ-Қайрат

Әр топ өз араларынан Спикер тағайындайды.

III. Ұйымдастыру кезеңі.

- Осы жылдың қай мезгілі?
- Күз мезгілінің айларын ата?
- Күзде қандай өзгерістер болады?
- Бүгін ауа райы қандай?

IV. Психологиялық дайындық.

- Әрбір адам? Туысым, досым, жұрағат.
- Әрбір сабақ? Үйрену, ұғу, ұлағат.
- Әрбір ісің? Тірлік, тірек, адамдық.
- Әрбір сөзің? Шындық, бірлік, адалдық.

Осыларды есімізде сақтап жүрейік!

V. Ой шақыру.

- Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
- Оларды ата.
- 7-сыныпта қандай сөз таптарын өттік?
- Етістік дегеніміз не?
- Етістік құрамына қарай нешеге бөлінеді?
- Етістік тұлғасына қарай нешеге бөлінеді?
- Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді?

Сонымен, біз бүгін «Етістікті» қайталаймыз.

VI. Тапсырмалармен жұмыс.

1-тапсырма. Сөйлемдерді толықтыру керек.

I топ.

1. Адам баласы табиғатты
2. Біз бұлақтардың көзін
3. Дизайнер үлгілер

II топ.

1. Су мол болса, астық та мол
2. Табиғаты сақталған халықтар ұзақ өмір
3. Бастық

2-тапсырма.
«Тез ойла, сөз ойла»

I топ.

Не?

... қоздайды.

... құлындайды.

... лақтайды.

... бұзаулайды.

II топ.

Кім?

... емдейді.

... оқытады.

... ұшады.

... тігеді.

... жазады.

3-тапсырма. Семантикалық карта.

Етістіктер	Дара	Күлделі	Негізгі	Туынды
Баста				
Көріп отыр				
Тарап отыр				
Аяқта				
Үтікте				

Сергіту сәті. «Қоржында не бар?»

4-тапсырма. Синквейн құрастыру.

I топ

Зат есім+ етістік

Зат есім+ етістік+ етістік

Сын есім+ зат есім

II топ

Есімдік+ етістік

Сан есім+ зат есім+етістік

Үстеу + етістік

5-тапсырма: Сөзжұмбақ шешу.

1. Қимылды, іс-әрекетті білдіретін сөз табы.

2. У жұрнағы арқылы жасалып, қимылдың атын білдіретін етістік.

3. Жұрнақсыз жасалатын етістік түрі.

4. Түбір мен сөз, жұрнақ арқылы жасалатын етістік түрін тап.

5. Құрамына қарай екі немесе одан да көп сөзден тұратын етістік түрін ата.

6. Құрамына қарай бір ғана сөзден тұратын етістік түрін ата.

6-тапсырма. Етістіктерді теріп жаз.

Бір аптаның күндері өтті,

Дүйсенбіде гүлдер ектім.

Сейсенбіде жуа тердім,

Сәрсенбіде су әкелдім.

Бейсенбіде бақша баптап,

Жұма күні тақпақ жағтап,

Сенбіде мен кино көріп,

Жексенбіде бір демалдым.

VII. Бекіту.

7-тапсырма:

Келді, барды сөздеріне морфологиялық талдау жасау.

VIII. Қорытындылау.

- Біз бүгін сабақта не туралы айттық?

- Ауызекі сөйлескенде қандай етістікті қолданамыз?

IX. Оқушылардың білімін бағалау парағы арқылы қадағалау.

X.Үйге тапсырма: *пайдаланады, күресті*

Ш.АҒМАНОВА,

Алматы сервистік қызмет

көрсету колледжі

Ғ.МҰСТАФИН. АДАМ. ӨМІР

Ұлы Аристотель: «Әдемі де сүйікті айтылымдар қайдан шығады? Оларды талантты, яғни, зергер адам жасайды. Ал бұлардың мәні – сырының қандайлығын айқындап беру – біздің ғалымдарымыздың міндеті» - деп дәл айтқан.

Ғ.Мұстафин сондай сөз зергерлерінің қатарына жатады.

- Адам, адам дейміз, адамшылығы болмаса адам не керек?

- Адам жастықтың қызығын өз шағында көріп, бағасын кейін береді екен.

- Адамға бәрі керек, солардың ішінен үшеуін ғана таңда десе, менің таңдайтыным: денсаулық, айнымас жолдас, суымас махаббат.

- Адам – тас емес, тас та өзгереді.

- Адамға бәрі керек, адам неге керек?

- Адаммын десең – құрыса торғайлық панаң болсын, болмаса адамдығың екіталай.

- Адамдар жаманын жасырып, жақсысын бетке ұстайды.

- Адамның қорлауына адамның езі, ынжығы ғана көнеді.

- Адам қарын тойғаннан гөрі, көңіл тойғанға риза.

- Адам қысылса бәрін өзі табады, қысылмаса көксейтіні - ылғи кең жайлау.

- Ақылмен мыңды, ақырумен бірді ғана көндіресің.

- Ағаш бұтағы жемісі басқан сайын, ақылды бас толған сайын иіледі.

- Адамшылық деген ұлы сөзді айта бергеннен көрсете берген жақсы.

- Ағайының бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң асырай алмайды.

- Ағайын арасына жік түссе, қас жаман сына қағар, қамқор азамат дәнекер болар.

- Ата-ананы ұмытқан жас – опасыздың опасызы, рақымсыздың рақымсызы.

- Азамат бойына іс түскенде арсыз әкімдер семіреді.

- Ажалдан ешкім құтылмаса, қайғыдан да құтылған емес.

- Асыл адам да, асыл нәрсе де тозады, жоғалады, Асыл сөз мәңгі жасайды.

- Әке көңілін өзің әке болғанда білесің.

- Бір үйез жылқыны бір бүгелек,

- Бір семьяны бір беймаза күйзелтеді.

- Есерсоқ батырдан есті қорқақ артық.

- Жазып отырғанда мығым-ақпын, жазып

- болып топқа түскенде жаңа түскен келіншекпін.

- Жемісті болғың келсе кішік бол.

- Ел – теңіз, түбінде талай асыл жатыр.

- Сүңгіп жүріп ердің ері табады.

- Құдайдан шын қорыққан адам басқадан қорқа алмайды, басқадан қорыққан адам құдайдан шын қорқа алмайды.

- Сауда тек қалта толтыруға, ғылым бас

толтыруға жарайды.

- Сөз құдіретін еркін пайдаланған адам халқына өмірлік рухани азық, өзіне алтыннан ескерткіш қалдырып кетеді.

- Сұлу сөзге сүйсінбейтін, сұмпайы сөзден жиренбейтін жан жоқ.

- Халық жасаған бір өнерді жоғалту, сол халықтың денесінен бір мүшесін жоғалтумен бірдей емес пе?

- Шешендік–көп сөзділікте емес, тапқырлықта.

- Дүние деген – тұңғыық қара су ғой! Тәуекелі жеткен шешінеді де сүңгиді.

Тәуекелі жетпеген жағада тұрып-ақ үрейленіп құриды.

- Дүние шіркін тар екен ғой, көп адам, көп арман қалай сиып тұр?

- Дүниеде көбірек тұрғың келсе, өзіңді – өзің бапта, кеткің келсе – былапытта.

- Заманына қарай амалы бар емес пе?

- Заманы туған –гүл, заманы кеткен – күл.

- Құйқылжыған өмір шіркін ойлап тұрсаң, рахаттың да, азаптың да базары ғой.

- Өмір сыры көп қой, терең ғой, білген сайын көбейе, тереңдей түседі.

- Өмір ешкімді сыйламайды, тосып тұрмайды –толқып жатқан мылқау мұхит. Сол мұхитпен алыса, арбаса жүріп әркім өз әлінше керегін алады.

- Өткеннің жақсысы, жаманы бүгінгі өлшеуішпен өлшенеді.

- Өлімді ешкім сүймейді, өлтіруге неге тоймайды?

- Өзіңнен күштіге өзің де соқтыға қоймассың.

- Өзіңнен әлсізге әлім жеттік істей көрме.

- Сабыр, есеп керек, өмір әуеніне үйлесе білу керек.

- Тарықсаң дүние тарылады, кең көңілге тар дүние кең.

- Тар лашықта кең пейіл, кең дүниеде тар пейіл бола береді.

- Тар пейілге – дүние тар.

- Кең пейілге – лашық та кең.

- Көңіл шіркін тарылғанда кең дүниені алақандай етпей ме?

- Қазақ дәстүрі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулиды.

- Өмір егер ащы бермесе, тәттіні білер ме едік, Тәттіні бермесе, ащыны білер ме едік.

- Ешкімнің өлгісі келмейді

- Өлмесе дүниеге сыймайды.

- Сонда да өлмеу – арман.

- Жылай келген дүниеден күңірене бір кету бар ғой.

- Дүние құрғыр кімнің бетін бұрмайды?

- Дүние шіркіннің тәттісіне түшіркеніп, ащысына ашырқанбаса, адам сорлы не көрдім деп кетеді?

- Дүниенің ең қызығы - алу емес, беру.

- Берудің қызығын көрген - алудың да қызығын көреді.

- Алудың ғана қызығын көрген, берудің қызығын көре бермейді.

- Бес күндік дүние шіркіннің он күндік арпалысы бар.

- Алдың-орман, артың-тайғақ кең дүние-ай, мұндай сұлу болармысың!

- Қураған кәрі де, балдыр жас та саған құмар. Шіркін арман!

Г.АХМЕТОВА,
№151 орта мектебі.
Алматы қаласы

СУДЫ ҚАДІРЛЕЙІК

Мақсаты: тақырып төңірегінде сөйлей білу.
Міндеттері: білімділік-оқушыларға су туралы мол мағлұмат беру. Суды үнемдеп қолдану түсінігін беру, ауыз су тапшылығы мәселесін білгізу, тақырыптық пәрменді сөздікті меңгеру, өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білу; дамытушылық: оқушылардың экологиялық ойлау қабілетін жетілдіру, тақырып төңірегінде алған білімдерін дамыту, пәрменді сөздікті меңгеруді, өз ойларын жүйелі түрде айта білуді дамыту; тәрбиелік-оқушыларды табиғатты қорғауға, табиғаттың қамқоршысы болуға, өздерінің іс-әрекеттерінің қоршаған ортаға қандай әсер қалдыратынына ой тоқтатуға тәрбиелеу. Түрі: конференция сабақ. Әдісі: баяндама оқу, әңгімелеу, сырттай саяхат жасау, қорытындылау. Көрнекілігі: әлем картасы, «Су» сөзіне байланысты мақал-мәтелдер, тақырыптық суреттер, мемлекеттер атаулары жазылған тақтайшалар.

Пәнаралық байланыс: география, табиғаттану, экология.

Сабақтың жоспары: 1.Ұйымдастыру кезеңі.
2.Конференция жұмысы. Негізгі хабарламалар. 3.Су сөзіне байланысты салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар.
4.Қорытынды. Тест жұмысы. Сабақтың барысы.

Ғалым. Су-тіршілік көзі. Су-тіршілік негізі. Су деген не? Судың құрамы қандай? Адамға судың пайдасы бар ма? Судың адам өміріндегі орны қандай? Қазіргі заманда судың жағдайы қандай? Судың да сұрауы бар. Жер шарының көп бөлігін су алып жатыр. Бірақ сол судың 90 пайызы адам өмірі үшін өсімдіктер мен

жан-жануарлар тіршілігі үшін жарамсыз тұзды сулар. Оның тек 2,5% (екі бүтін оннан бес пайызы) ғана -тұщы су. Жер бетінде таза су ресурстары көп емес. Әлемдік Мұхиттың таза су көлемі 1.4 миллиард куб километр - 97,5 пайыз.

Ғалым. Ата-бабамыз «Судың да сұрауы бар» деген екен. Ол - шындық. Біздің ғасырымызда су мәселесі - аса өзекті мәселе. Қазір бір бүтін оннан жеті миллиард адам тұщы су тапшылығына ұшырап отыр. Бүгінде таза су тауарға айналып отыр. Германия елі тұщы суды Швециядан сатып алады. Ал АҚШ 1 текше метр су үшін Канадаға 5 центтен төлейді. Сонда орта есеппен алғанда бір күнде 1 миллион текше метр су үшін Канадаға 5 центтен төлейді. Демек, орта есеппен алғанда бір күнде 1 миллион текше метр су үшін қаншама қаражат керек. Ал бір айда қанша?

Ғалым. Біздің елімізде су қоймалары көптеп саналады. Бірақ өзіміздің экологияға жауапсыз қарауымыздан қаншама көлдер, өзендер, теңіздер ластанып жатыр. Балқаш келі - жер бетіндегі ең таза су қоймасы. Ол оңтүстік шығыста орналасқан. Қазіргі кен-металлургия комбинатының қалдықтары Балқашты ластап жатыр. Көлдің деңгейі төмендеген. Балқаш жайында аз айтылып жатқан жоқ. Табиғатқа қауіптің бәрі адамнан келіп отыр. Бір тонна қағаз жасап шығару үшін 250 тонна су қажет. 1 тонна химиялық зат жасап шығару үшін 1500 тонна, ал 1 тонна мақта жасау үшін 10 мың тонна су қажет екен.

Ғалым. Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеулеріне қарағанда, 2025 жылы бүкіл дүние жүзі халықтарының үштен екісі су тапшылығынан қиындық көреді екен. Бұл-ойланатын жағдай.

Ғалым. Қазақстан Республикасы Заңында Жер үсті және жер асты суларын қорғау туралы айтылған. Біз судың тазалығын сақтауымыз керек. Ең бастысы - жауапкершілікті түсінуіміз қажет. Су-табиғат

байлығы. Адамдардың табиғатсыз күні жоқ. Мұны айтуға табиғаттың тілі жоқ. Табиғатты қорғау-қасиетті парызымыз. Адам табиғаттың бір бөлшегі. Ауаның, судың ластануы адамға әсер ете ме? Әрине, бірінші кезекте адамның денсаулығына әсер етеді.

Ғалым. Суға байланысты салт-дәстүрлер, ырым-тыйымдар. Дүние жүзіндегі барлық халықтар сияқты қазақ халқы да ерте заманнан суды қадірлеп, қастерлеген. Өзен, көл, бұлақ, әсіресе, құдық суының тазалығына қатты көңіл бөлген. Ата-бабамыз ұлттық дәстүрімізде суды таза сақтауға байланысты өсиет сөздерді көп айтқан. Балаларға ата-анасы «суды сабалама, балығын шошытасың», «бұлақты лайлама, құсын ұшырасың» деген тоқтау сөздер айтып тәрбиелеген. «Бұлақ көрсең, көзін аш» деген өсиет сөздер айтқан. Бұдан қазақ халқының суды қалай қадірлеп, қастерлеп қорғайтынын көреміз. Өзен-көл - табиғат көркі. Ондай жерде жайқалған өсімдік, жануарлар тіршілік етеді. Өзенді, көлді жерде құс көп болады. Қазақ халқы суды қадірлеп, қастерлеумен қатар оны жалпы халыққа тіршілікке ортақ деп санаған. Су бермей, судан торықтыру ең үлкен қылмыс деп санаған. Сол үшін атам заманнан бері қазақ халқы үйіндегі су, қымыз, айран-шалап, көже, сүт сияқты сусындары тегін болған. Айдалада мал бағып отырған жалғыз үй болса да, жолаушыға сусын беріп аттандырған.

Су байлықтарын, қорын сақтау бүкіл халықтық іс екенін ұмытпауымыз керек. Су-бірінші қажеттілік. Халық даналығы «Су ішетін құдығыңа түкірме»-, дейді. Су туралы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер өте көп. «Судың да сұрауы бар», «Бастау суалса, бақыт суалады», «Ағыс су-өмір, тоқтау су-өлім», «Сусыз-өмір жоқ», «Ағын суда арамдық жоқ», «Су-баға жетпес байлық», «Су-тіршілік көзі» және т.б.

Суға байланысты салт-дәстүрлер де өте көп. Мысалы, нәрестені қырқынан шығарғанда, үстіне қырық қасық су құйып шомылдырады. Жас жұбайлар үйленген кезде, неке суын ішкізеді. Ұзатылған қызға «Тастай батып, судай сің!» -деп тілек айтқан. Судан, өзен, көлден, көпірден өтерде «Су иесі Сүлеймен, бір өзің сактай гөр!» сиынған. Құрметті оқушылар, енді су тақырыбына байланысты алған мәліметтерімізді қорытындылайық.

Г.ДҮЙСЕБАЕВА,

«Бөбек» ұлттық

ғылыми-педагогикалық

және практикалық білім беру

және сауықтыру орталығы.

Алматы қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - МЕНИҢ ТІЛІМ!

Мақсаты:1) Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, балаларды ана тілін құрметтеуге, оның қасиетін тануға үйрету.

2) Балаларды туған халқының тілін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.

Әдісі: баяндама, әдеби-музыкалық монтаж.

Көрнекілігі: слайд, нақыл сөздер, т.б.

Тәрбиеші. Ана тілі - адамның жаралғаннан бері жан-дүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі. Ана тілі - жүректің терең сырларын, халық тарихының барлық кезеңдерін ұрпақтан-ұрпаққа сақтап отыратын қазына.

Тәрбиеші. Қазақ тілі - аса бай тіл. Қалай исең солай иіле береді. Бұл тілмен сурет салуға, тас қашап, ою оюға болады. Бұл тілден май тамады десе де болады. Қазақ тілінің жырына құлақ салсаң, балдай татитын нәріне тоймайсың. Осындай бай, сұлу тілді қалай өгей деп айтуға болады....

Тәрбиеші. Құлақтан кіріп бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй!
- деп Абай атамыз айтқандай келесі
тыңдайтын әндеріңіз «Ана тілім».

Тәрбиеші. Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адалдықты көздесең,
Жаттап оқы көңілге.

Көрініс: «Тіл патшалығы». Орындайтындар
Заңғар, Али, Данияр, Әсел.

Тәрбиеші. Кешімізді ары қарай
жалғастырамыз. «Өнер алды - қызыл тіл»
демекші, ортаға көркемсөз шеберлерін
шақырамыз.

Әлиева Меруерт М.Шахановтың «Құдіретті
төрт ана» өлеңін оқиды.

Қапезова Әдемі М.Мақатаевтың «Үш
бақытым» өлеңін оқиды.

Бибала Ұлдана Ғ.Қайырбековтың «Ана тілі»
өлеңін оқиды.

Жаппархан Бибінұр «Тілім менің» өлеңін
оқиды.

Тәрбиеші. Қос ішектің бірін қатты,
Бірін сәл - сәл жай бұра.
Нағыз қазақ қазақ емес,

Нағыз қазақ домбыра - демекші, келесі
кезекте Саина мен Ермұраттың орындауында
«Кеңес» күйін тамашалаңыздар.

Тәрбиеші. Келесі кезекте көрермендеріміздің
мақал - мәтелдерді қаншалықты білетіндерін
байқап көрейік.

1) Тіл тас жарады, тас жармаса ... (бас
жарады).

- 2) Піл көтермегенді... (тіл көтереді).
 - 3) Сөз тапқанға ... (қолқа жоқ).
 - 4) Жеті жұрттың тілін біл... (жеті түрлі ілім
біл).
 - 5) Шебердің қолы ортақ ... (шешеннің тілі
ортақ).
 - 6) Бас кеспек болса да ... (тіл кеспек жоқ).
 - 7) Айтылған сөз атылған ... (оқпен тең).
 - 8) Жақсы сөз ... (жарым ырыс).
 - 9) Жақсы байқап сөйлер ... (жаман шайқап
сөйлер).
 - 10) Ана сүті бой өсіреді... (ана тілі ой өсіреді).
 - 11) Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей
... (шешен боласың).
 - 12) Тілден артық ... (қазына жоқ).
- Тәрбиеші. Бүгінде тәуелді жан емес кейпім,
Елім бар «Барыс» болып елестейтін.
Билеп берер әсем қызың мың бұралған,
Қараңыздар ендеше «Қазақ биін».
- Лимараның орындауында «Қазақ» биін
тамашалаңыздар.
- Тәрбиеші. Ендеше тілімізді, ой-өрісімізді,
біліміміз бен сөздік қорымызды викториналық
сұрақтарға жауап беру арқылы өзімізді сынап
көрейік.
- 1) ҚР қашан тәуелсіздік алды? (1991ж. 16
желтоқсан).
 - 2) Қазақтың тұңғыш ғарышкері кім?
(Т.Әубәкіров)
 - 3) «Көксерек» әгімесінің басты кейіпкері
кім? (Құрмаш)
 - 4) Күй атасы кім? (Құрманғазы)
 - 5) Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

(түркі тілдес)

6) Абайдың туған жылы? (1845 ж.)

7) Қазақ даласының жарық жұлдызы кім?
(Шоқан)

8) *Ақылды* сөзінің түбірі? (ақыл)


9) Қазақ алфавитін жасаған ғалым?
(А.Байтұрсынұлы)

10) Тұңғыш қазақ әліппесін жазған кім?
(Ы.Алтынсарин)

Тәрбиеші. «Анамыздың ақ сүтінен бойымызға дарыған тілімізді ұмыту - бүкіл ата - бабамызды, тарихымызды ұмыту» деген Б.Момышұлы. Ана тілімізді құрметтеп, сүйе білейік. Мемлекеттік тілде көп оқып, бір-бірімізбен қазақша сөйлесейік. Бүгінгі ұрпақ ана тіліне жетік, білімді, мәдениетті болуы шарт, - дей отырып, бүгінгі «Мемлекеттік тіл - менің тілім!» атты әдеби-музыкалық кешіміз өз мәресіне жетті. Қош сау болыңыздар!

«Атамекен» әнін хормен орындау.

- О какой части речи говорили?
- Что вы знаете о глаголе?
- Урок закончен. До свидания.
- Сау болыңыздар.



А.ҚАНАШЕВА,
Победа орта мектебі.
Ақмола облысы,
Есіл ауданы

КҮШ- БІЛІМДЕ

Мақсаты: оқушыларды сайысымыздың барысымен және мақсаттарымен таныстыру. Қазақ тілі сабағында алған білімдерін бекіту, тілдерін дамыту. Тез әрі дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Дүниетанымын кеңейту, халықтық дәстүрді сыйлауға, білімділікке, адамгершілікке, ізденуге, білімді табандылықпен игеруге тәрбиелеу.

Мұғалім. Құрметті ата-аналар, оқушылар, жанкүйерлер, 7-8-9-сыныптары құрама топтарының қатысуымен өтетін «Күш-білімде» атты сайысқа қош келіпсіздер!

Әділқазылар алқасы мүшелерімен таныстыру.

Бүгінгі сайыс сабағымыз 7 кезеңнен тұрады:

1. Таныстыру.

2. Мақал-мәтелдер сайысы.

«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың».

3. Үй тапсырма. Ұлттық тағам, ұлттық киім, ұлттық салт-дәстүрлер./слайд/

4 «Ата дәстүр - асыл қазына»

5. Үй тапсырмасы. «Жарнама»

6. Блиц-турнир. «Күш-білімде»

7. «Суретшілер сайысы».

8. Қорытындылау кезеңі.

Әр жүргізілген кезең бойынша шарттар

түсіндіріліп, топтарды әділқазылар бағалап отырады. Сайысты бастамас бұрын топ мүшелері реттік сандарын белгілеп алулары қажет. Сайысқа 8 адамнан құрылған үш топ қатысады.

«Сайысымыздың бет ашарын бастайық,
Көрерменді бір серпілтіп тастайық.
Таныстырсын сайыскер өздерін,
Өнеріне ду қол соғып қостайық»,
-деп кезекті сайысқа қатысушы топтарға берейік.

1-кезең-Таныстыру сайысы. Әр топ өзін таныстырумен бірге, өз өнерлерін көрсетеді.

/топтың атауы, ұраны, эмблемасы, слайд-сайысқа қатысушылардың әуестігі/

2-кезең-«Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың».

Бұл кезеңде мақал-мәтелдерге орын берейік. Әр топ ретімен мақалдың жалғасын айтады. Интербелсенді тақтада мақалдың бірінші бөлігі шығады. Топтың жауабынан кейін дұрыс жауап көрсетіледі./дұрыс жауап 1 ұпай/

1.Еңбектің наны тәтті,.../жалқаудың жаны тәтті/

2.Әдепті бала-арлы бала,.../әдепсіз бала-сорлы бала/

3.Ас атасы -.../нан/

4.Денсаулық-.../зор байлық

5.Ақыл азбайды,.../білім тозбайды/

6.Еңбек етсең ерінбей-..../тояды қарның тіленбей/

7.Адам жерге нәр береді,.../жер адамға нан береді/

8.Білекті бірді жығады,.../білімді мыңды жығады/

9.Жақсыдан-үйрен,.../жаманнан-жирен/

10.Көп жасаған білмейді,.../көп көрген біледі/

11.Ұлдың ұяты әкеге,.../қыздың ұяты шешеге/

12. Балапан ұяда не көрсе,.../ұшқанда соны іледі/

13. Қынатасқа бітеді,.. /ақыл басқа бітеді/

14. Ата-бәйтерек,.../бала жапырақ/

15. Әке көрген оқ жонар,.../шеше көрген тон пішер/

16. Астың дәмін тұз келтірер,.../ауылдың сәнін қыз келтірер/

17.Атаңның баласы болма,.../адамның баласы бол/

18.Бала жетіге келгенше,.../жеті жерден таяқ жейді/

19.Ұлға отыз үйден тыю,.../қызға қырық үйден тыйым/

20.Білекті бірді жығар,.. /білімді мыңды жығар/

21.Шешен сөз бастар,.../батыр қол бастар/

22.Атаңа не көрсетсең,.../алдыңа сол келер/

23.Балаңды жұрт мақтаса,.../бәрінен де сол жақсы/

3-кезең-Үй тапсырма.

1-топ «Ұлттық тағам», 2-топ «Ұлттық киім», 3-топ «Ұлттық салт-дәстүрлері»./слайд/

Топтан бір адам тағам қалай дайындалатыны, туралы, киім, дәстүр туралы айтып береді.

4-кезең- «Ата дәстүр-асыл қазына»

Тапсырма:сайысқа қатысушы /әр топтан бір-

бірден/тақтадан санды таңдайды.

Дәстүрдің мағынасын түсіндіреді./дұрыс жауап 1 ұпай/

Енші, жасау, байғазы, көрімдік, сүйінші, шашу, бата, асар, ауыз тию, табақ.

5.Қазақстанның швейцариясы? (Көкшетау, Бурабай)

6. «Түркіб» суретінің авторы? (Ә.Қастеев)

7. Бала жүре бастағанда қандай той жасайды? (тұсаукесер)

8.22-қыркүйек қандай күн? (тілдер мерекесі)

9. Әлия Молдағұлова кім болған? (мерген)

10. Наурыздың ең басты тағамы не? (наурыз көже)

3-топтың сұрақтары:

1. «Пырақ» сөзінің аудармасы? (мифический конь)

2.Көмір қай жерде өндіріледі? (Қарағандыда)

3.Қазақтың батыр қыздары? (Әлия Молдағұлова, Мәншүк Маметова)

4. Ата заң қай жылы қабылданды? (30 тамыз 1995 жылы)

5. Абайдың шын аты кім?(Ибраһим)

6.Шахмат қай елде пайда болды? (Үндістанда)

7. Мизам мейрамы қай кезде болады? (күзде, сабан тойы)

8.Қазақстанда неше облыс бар? (14)

9. «Кел,балалар,оқылық!» өлеңнің авторы кім? (Ы.Алтынсарин)

10. Екі қыз бір-біріне кім болады? (апалы-сіңілі)

7-кезең-«Суретшілер сайысы».

Білімді /образованный/ болу үшін не істеу керек?

Оқушылар сурет салады. Білімді адам/кітап оқиды, мектепке барады,..../

Үнтаспа бойынша қазақша ән орындалады.

Салған суретін әңгімелейді...

8-кезең.Қорытындылау кезеңі.

Осымен сайысымыз аяқталады.

Сөз әділқазыларға беріледі. Қай топ жеңгенін айтады.



Н.ЕМЕЛЬБАЕВА,
Б.Момышұлы атындағы
орта мектеп.
Шығыс Қазақстан облысы,
Үржар ауылы

БІЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕЙМІЗ

Мақсаты: өзге ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастыру. Өз ана тілін біліп, өзге тілдерді құрметтеуге шақыру.

Көрнекілігі: слайд, интерактивті тақтаны қолдану, музыка, кабинетті қанатты сөздермен безендіру.

Құрметті ұстаздар! Тілдер мерекесіне орай өзге ұлт ұстаздарымен өткізіліп отырған «Біз қазақша сөйлейміз» атты ашық сабағымызға қош келдіңіздер!

1. Армысындар, мектебімнің ұстаздары
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.

Сіздер үшін осы кеш ашылады

Сіздер үшін ұстаздарымыз өз өнерін ортаға салады.

Ұстаздар өздерін қазақ тілінде таныстырады.

2 «Тіл білгірі» бүгін басталады

Білгірлерді, жұртшылық, қарсы алайық!

Көшбасшысы тілдердің –қазақ тілі,

Тағы басқа тілдермен достасайық.

Тілден асқан асқар жоқ,

Тілден асқан байлық жоқ,

Тілден асқан теңіз жоқ-дегендей қазақ тілінде

мәнерлеп өлең оқуға дайындалып келген ұстаздарымызға сөз берейік.

3. Құлақтан кіріп бойды алар,

Жақсы ән мен тәтті күй.

Көңілге түрлі ой салар,

Әнді сүйсең, менше сүй,

– деп Абай атамыз жырлағандай, келесі кезекті әнге берейік. Ш.Қалдаяқов. «Арыс жағасында»
Орындайтындар: Селютина Н және Ковалева Л.

4. «Тіл қаруы-сөз, сөз қаруы-ой»

Интерактивті тақтада көрсетілген суреттердің атауын тез ойлап, жазып шығу.

5. «Мақал-сөздің мәйегі» - дегендей берілген мақалдардың баламасын тауып орнына қою.

6. Әр ұстаз өзіне берілген қазақша іс қағаздарын оқып, аударып, қазақша қалай аталатынын табу. (өтініш, сенімхат, хаттама, мінездеме, хабарландыру, т.б.)

7. Көңіл-күйің қалай? /Смайлик арқылы сабақтан соңғы көңіл-күйлерін білдіру/

Көп тіл білсең көкжиегің кең болар,

Құрметтейді кісі екен деп төрге озар.

Қай елде жүрсең де бұл дұрысы-

Мемлекеттік тілді білгені жөн болар.

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып,

Қазақ тілін білмеу қандай зандылық?!

Өсер болсаң, байтақ далам тұрғанда,

Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

–деп бүгінгі сабағымызды аяқтайық.

Ә.ИБРАЕВА,
«№ 5 гимназия» ММ.
Қостанай облысы,
Рудный қаласы

ЗИЯТКЕРЛІК ОЙЫН-САЙЫС

(7- сынып)

I. «Чемпиондар әнін» тыңдау.(1-слайд)

II. Танысу: I топ-Мирас.

Ұраны: Біздей достар табылмас,

Аталамыз біз «Мирас».

II топ- Қайрат.

Ұраны: Спортшылар –елдің байлығы,

Денсаулық - адамның негізі.

Әділқазылар:

III. Сергіту:

3 минут уақытта қысқы, жазғы спорт ойындарын жазып, айтып беру. Кімдердікі көп болса, сол топ жеңген.

Қысқы спорт ойындары:.....

Жазғы спорт ойындары:.....

IV. Спортшыларды білу керек. (5-6-слайд)

Әр топқа 4 спортшының суреті беріледі.

-Бұл кім?

-Спорттың қай түрімен шұғылданады?

-Қандай олимпиада чемпионы?

-Олимпиада қай жылы болды?

I топ.

Светлана Подобедова (ауыр атлетика, Лондон-2012)

Жақсылық Үшкөмпіров (еркін күрес, Мәскеу-1980)

Ермахан Ыбрайымов (бокс, Сидней-2000)

Бекзат Саттарханов (бокс, Сидней-2000)

II топ

Серік Сапиев (бокс, Лондон-2012)

Серік Қонақбаев (бокс, Мәскеу-1980)

Ермахан Ибрайымов (бокс, Сидней-2000)

Ольга Шишигина (жеңіл атлетика, Сидней-2000)

V. Азиада-2011 (7-слайд)

2011 жылдың 30 қаңтар мен 6 ақпан күндері Астана мен Алматы қалаларында 7-қысқы Азиада ойындары өтті. Қысқы Азиада ойындарында спорттың 11 түрі болды. 3-5 минут ішінде Азиада-2011 ойындарында болған спорттың 11 түрін жазу.

VI. Айтыс: спорт, денсаулық туралы мақал-мәтелдер айтысы.

I топ: Аурудың жақсысы жоқ,

Дәрінің тәттісі жоқ.

II топ: Тыста ұзақ жүргенің -
Ұзақ өмір сүргенің.

Әр топ өз мақал-мәтелін оқып – мағынасын түсіндіреді. Кезек – кезекпен мақал-мәтелдерді айтады. Соңғы айтқан топ жеңеді.

VII. XXX жазғы олимпиада: (9-11-слайд)

- XXX жазғы олимпиада қашан, қайда өтті?
- Қазақстан құрамасы нешінші орын алды?
- Еліміздің қоржынында неше алтын, неше күміс, неше қола медаль бар?

(2012 жылдың 27 шілде мен 12 тамыз күндері аралығында Лондонда XXX жазғы Олимпиада ойындары өтті. Жалпы жұлде қорында 13 медаль бар Қазақстан 12-орынды иеленді. Еліміздің қоржынында: 7 алтын, 1 күміс, 5 қола медаль бар.)

Чемпиондарды білу керек:

Суреттерге карап, Лондонда өткен Олимпиада ойындарының чемпиондарын атап, спорт түрлерін айту. Дұрыс жауап - 3 ұпай.

Итоп

Александр Винокуров (велоспорт) - алтын медаль
Майя Манеза (ауыр атлетика) - алтын медаль
Гузель Манюрова (еркін күрес) қола медаль
Әділбек Ниязымбетов (бокс) - күміс медаль

II топ

Ольга Рыпакова (жеңіл атлетика) - алтын медаль
Илья Ильин (ауыр атлетика) - алтын медаль
Даниял Гаджиев (грек-рим күресі) - қола медаль
Зульфия Чиншанло (ауыр атлетика) - алтын медаль
Суреттері берілмеген Лондон Олимпиада ойындарының чемпиондарын атаңдар. Қосымша ұпай беріледі.

Жауаптары:

Светлана Подобедова (ауыр атлетика)
Серік Сапиев (бокс)
Иван Дычко (бокс)
Ақжүрек Танатаров (күрес)
Марина Вольнова (бокс)

VII. Біздің жерлесіміз: (12 -13 слайд)

Сүйікті спортшым

Иван Дычко –спортшы. Ол –боксшы. Бокспен жасынан шұғылданды. Бокс жарыстарына жиі қатысты. Ол – күшті, мықты боксшы. Спортшы – біздің жерлесіміз. 2012 жылы Лондон қаласындағы олимпиадаға қатысты.

Бұл 91 келіден жоғары салмақ дәрежесінде ойнап келе жатқан Иван Дычконың Лондон Олимпиадасында қол жеткізген жетістігі. Финалға жолдама алып беретін

жекпе-жекте Иван Ұлыбритания боксшысына небәрі 2 ұпай түрінде есесін жіберіп, қола жүлдені қанағат тұтты. Ол қола жүлдегері. Иван Дычко - қаламыздың мақтанышы. Мен бокстың жанкүйерімін.

Әр топ 3 минут ішінде біздің жерлесіміз Иван Дычко туралы әңгіме құрастырып айту.

VIII. Сандар сөйлейді: (14-слайд)

Әр топқа кезек-кезекпен сандар көрсетіледі, бұл санды спортпен байланыстыру:

1980	169	11
2011	12	69
2000	1996	100-110
16	2012	42

IX. Капитандар жарысы:

Капитандарға жеке тапсырма беріледі - сөйлемдерді толықтыру, осы кезде жанкүйерлер жарысады.

Сөйлемдерді толықтыру:

- Спорт денсаулыққа
- Екі адамның жекпе жегі түріндегі спорт түрі
- Мұз бетінде арнайы дайындалған құралмен сырғанау түрі -
- Қысқы спорт түрі
- Негізгі құралы доп болып саналатын спорт түрі
- Штанганы жоғары көтеру бойынша жаттығулардың орындалуы -
 - Қазақстан – ежелден спорттық дәстүрі
 - Футбол ойынының Отаны -
 - 1996 жылы Атлантада палуан Ю.Мельниченко, боксшы В.Жиров
 - Жүгіру денсаулық үшін

X. Жанкүйерлер жарысы:

1-топ жанкүйерлері екінші топтың жанкүйерлеріне

спорт туралы 5 сұрақ қояды. 2-топ жанкүйерлері бірінші топтың жанкүйерлеріне 5 сұрақ қояды. Дұрыс жауапқа -2 ұпай.

XI. Викторина: (17-18-слайд)

Дұрыс жауап берген топқа 2 ұпайдан қосылады:

- Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы?
- 7-Қысқы Азиада ойындарында спорттың неше түрі болды?
- Сидней Олимпиадасының чемпиондары?
- Тейквондо штаб пәтері қайда орналасқан?
- “Против силы найдется еще большая сила” мақалын қазақшаға аудар.
- Атланта Олимпиадасының чемпиондары?
- *Футбол* сөзі қандай сөздерден шыққан?
- Лондон Олимпиадасының жеңімпаздарын ата.
- Атақты қазақ палуандарын ата.
- Спорт алғаш қай елде пайда болды?
- Азиада ойындарында Қазақстан құрамасы қоржынына неше медаль түсті?

XII. Марапаттау:

Сөз әділқазыларға беріледі, ойын нәтижесін айту, марапаттау.



Қазақ тілі орыс аудиториясында

Л.ЗАРУБАЕВА,
«№74 ЖББОМ» КММ-сі,
Қарағанды облысы,
Қарағанды қаласы,
Октябрь ауданы.

ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік-берілген тақырып арқылы оқушылардың сөйлеу тілін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын молайту; Қазақстан қалалары туралы оқушылардың дүниетанымын кеңейту; құрмалас сөйлем туралы түсініктерін тереңдету; дамытушылық-оқушылардың логикалық ойлауын, сауатты сөйлеуін, тілдерін дамытып, тілдесім әрекеттерін арттыру; тәрбиелік-оқушыларды туған жерін, елін қадірлеуге, сүйе білуге тәрбиелеу. Типі: дәстүрлі емес сабақ. Түрі: журнал сабақ. Әдіс-тәсілі: жұппен жұмыс, СТО стратегиялары, графикалық диктант, талдау, мәтінмен жұмыс, сұрақ-жауап, т.б. Көрнекілігі: интерактивтік такта, графикалық диктант парақшалары, тест, т.б. Пәнаралық байланыс: қазақ әдебиеті, тарих, география, өлкетану.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру: кезекші арқылы оқушыларды түгелдеу; Оқушылардың оқу құралдарының болуын қадағалап, зейіндерін сабаққа аудару.

II. Жаңа сабақ.

1. Ребус шешу арқылы сабақтың тақырыбын білу.

Жауабы: (Қазақстан қалалары). 2. Сабақтың тақырыбы, мақсаты, барысымен таныстыру.

3. Графикалық диктант «Қазақстан қалалары».

1. Журналмен жұмыс. 1-бет. Қарағанды қаласы.
Сұрақ-жауап:
2. Сен қай қалада тұрасың?
3. Ол қандай қала?
4. Қалада қанша ұлт өкілдері тұрады?
5. Олар қалай тұрады?
6. Сенің қалаң жаңа ма, көне ме?
7. Ол бұрын қалай аталған?
8. Бұл қала облыс орталығы ма?
9. Қандай аудандары бар?
10. Қалада қандай оқу орындары бар?
11. Бұл қалада қандай атақты адамдар тұрған?
12. Қалада қандай ескерткіштер мен мұражайлар бар?
- 2-бет. Астана қаласы. «Кубизм» стратегиясы.
13. Суретте: құрмалас сөйлем дегеніміз не?
14. Салыстыр: құрмалас сөйлем мен жай сөйлемді салыстыр.
15. Зертте: салалас құрмалас сөйлемнің қай түрлерінде ұқсас жалғаулықтар бар?
16. Сарала: салалас құрмалас сөйлемдерде қолданылатын жалғаулықтарды ата.
17. Қолдан: салалас құрмалас сөйлемнің кез келген түріне мысал келтір.
18. Талқыла: салалас құрмалас сөйлемнің қай түрінен антонимді табуға болады?
- 3-бет. Көкшетау қаласы. Тестік жұмыс.
Қалалар.
1. «Екінші Швейцария» атанған жер (Көкшетау)
2. Ғарыш айлағы – Байқоңыр қай жерде орналасқан? (Қызылорда)
3. Қай қала орыстың белгілі патшасының құрметіне орай аталған? (Павлодар)

Сөз таптары.

1. Шылау 2. Одағай 3. Үстеу.
1. Сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып, сөзге үстеме мағына беретін сөз табы (Шылау)
2. Мекен, мезгіл, мақсат, сын-қимыл, себеп, күшейтпелі деген түрлері бар сөз табы (Үстеу)
3. Сұраққа жауап бермейтін, сөйлем мүшесі бола алмайтын сөз табы (Одағай)
- Геральдика.
1. Астана қаласының геральдикасын көрсетіндер (Астана)
2. Алматы қаласының геральдикасы (Алматы)
3. Атырау қаласының геральдикасы (Атырау)
- Салт-дәстүрлер.
1. Отпен аластап, тыштырма жасап алып, баланы бөлейді. Жеті түрлі қадірлі, таза заттар қойылады. Бұл қандай салт-дәстүр? (Бесікке салу)
5. Сәбиді қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен жасалатын ғұрып, ырым. (0-Тұсау кесер)
6. Жаңа түскен келінді бұл дәстүр жасалмай ешкім көре алмайды. Оны көру үшін әдейі осы дәстүр жасалады. Мұнда келінге атасы, енесі, оның басқа туыстары таныстырылып, келін оларға сәлем жасайды. (Беташар)
- 4-бет. Атырау қаласы.
«Ұқсастық пен даралық» стратегиясы.
- 5-бет. Шымкент қаласы.
«Қасиетті Түркістан қаласы» мәтінімен жұмыс.
- 1-жұп: Мәтінді мәнерлеп, түсініп оқу.
- 2-жұп: Мәтінді әңгімелеу.
- 3-жұп: Мәтінге жоспар құру.
- 4-жұп: Мәтін бойынша сұрақтар құру.
- 5-жұп: Мәтіннен 7 септікте тұрған сөздерді табу.

6-бет. Қызылорда қаласы.

«Қала» сөзжұмбағы.

7-бет. Семей қаласы.

Талдау.

1. Теңіз тынышталды, бірақ ешнәрсе көрінбейді.

2. Клубта кейде кино болады, кейде қызықты баяндамалар тыңдалады.

3. Күн батты, тауды қара көлеңке басты.

4. Малшы сырын білем: мен қасында өскем жасынан.

8-бет. Алматы қаласы.

Ақын-жазушылар картасы.

Суреттегі ақын-жазушыларды туған жерлеріне орай картаға орналастыру.

III. Қорытындылау.

-Бүгін қандай тақырып өттік?

-Қазақстанның қалаларын атаңдар.

-Салалас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

-Салалас құрмалас сөйлемнің неше түрі бар?

Атаңдар.

-Қарағанды қаласы несімен белгілі?

IV. Рефлексия. Кері байланыс

— Балалар, бүгінгі сабақтан сендер қандай әсер алдыңдар? Не ұнады, не ұнамады? (Оқушылар көңіл-күйлерін смайлик арқылы көрсетеді.)

V. **Үйге тапсырма:** «Менің қалам» тақырыбына эссе жазып келу.



Білім сынағында

Р.БЕКЕШОВА,
№8 орта мектеп.
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

(Жалғасы. Басы 8-нөмірде)

(5-сынып)

I нұсқа (III тоқсан)

1. Қыс айларын тап:

А) мамыр; Б) ақпан; С) шілде; D) қараша; E) сәуір.

2. Сын есімнің сұрақтары тап:

А) кім? Б) кімге? С) қай? D) неше? E) нелер?

3. «Қыс» өлеңінің авторы кім?

А) Абай Құнанбайұлы; Б) Жамбыл Жабаев;
С) Ыбырай Алтынсарин; D) Шәкен Ниязбеков;
E) Шоқан Уәлиханов.

4. Жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есімді тап:

А) балалар; Б) ғарыш; С) білім; D) достық;
E) атақты.

5. Атау септікте тұрған сөзді тап:

А) бәйшешек; Б) ашты; С) есіктің; D) көшеде;
E) әдемі.

6. Туынды сын есімді тіркесті тап:

А) жақсы адам; Б) әдемі қыз; С) тұщы су;
D) қалалық мектеп; E) ақ қоян.

7. Сөйлемді толықтыр:

Менің досымның мінезі ...

А) ұзын; Б) сұлу; С) қоңыр; D) сыпайы;
E) қысқа.

8. Қыста балалар не тебеді?

А) коньки; Б) доп; С) хоккей; D) велосипед;
E) жүзеді.

9. Сиырдың төлі не?

А) бұзау; Б) ешкі; С) бота; D) құлын; E) лақ.

10. Есімдікті қалай атайды?

А) заттың қимылын; Б) заттың санын;
С) заттың атын; D) орынбасар сөз табы;
E) заттың ретін.

11. Иелік форма қалай жасалады?

А) –нші, –ыншы; Б) –нікі, –дікі, –тікі; С) –мен, –пен;

D) -ды,-ді; E) –тікі,-пен.

12. Төрт түлік малға жатпайды

A) сиыр; Б) қой; C) жылқы; D) ит; E) түйе.

13. Етістік нені білдіреді?

A) заттың қимылын; Б) заттың санын; C) заттың атын;
D) орынбасар сөз табы; E) заттың ретін.

14. Жіктік жалғауын тап:

Сіз тұр...

A) -сың; Б) -ды; C) –сыз; D) –сіз; E) -мін.

15. Қазақ халқының ойындары немен байланысты болды?

A) жыл мезгілімен; Б) төрт түлік малмен;
C) балалармен; D) түстермен; E) ата-анамен.

16. Сілтеу есімдікті тап:

A) мен; Б) кім; C) осы; D) өзі; E) біз.

17. Күрделі етістікті тап:

A) көп сөз; Б) құлап қалды; C) сөйледі;
D) қозғалды; E) ойнады.

18. Дәрігер не істейді?

A) тігеді; Б) оқиды; C) жазады;
D) емдейді; E) сатады.

19. Осы шақта тұрған сөзді тап:

A) бара жатыр; Б) алды; C) тұрармын;
D) қатады; E) бармақ.

20. Сен кімсің?

A) оқушы; Б) оқушысың; C) оқушымын;
D) оқушымыз; E) оқушылар.

21. Мақалды жалғастыр:

Нан дастарқанға

A) ұшып келеді; Б) еңбекпен келеді;
C) пісіп келеді; D) жиналып келеді;
E) тәтті болып келеді.

22. Етістіктің неше шағы бар?

A) 2; Б) 3; C) 4; D) 5; E) 1.

23. «Еңбек» деген сөздің синонимін тап:

A) жұмыс; Б) қызмет; C) мамандық;
D) іс; E) қауын.

24. Үстеу нені білдіреді?

A) заттың қимылын; Б) заттың санын;
C) заттың атын; D) орынбасар сөз табы;
E) қимылдың түрлі белгісін.

25. Сан есім нені білдіреді?

A) заттың қимылын; Б) заттың санын;
C) заттың атын; D) орынбасар сөз табы;
E) қимылдың түрлі белгісін.

II нұсқа (III тоқсан)

1. Қыстың бірінші айы?

A) ақпан; Б) қаңтар; C) қараша;

D) желтоқсан; E) наурыз.

2. Көктемнің бірінші гүлі:

A) раушангүл; Б) жауқазын; C) түймедақ;
D) бәйшешек; E) орамжапырақ.

3. Абай Құнанбайұлы кім?

A) ұлы ақын; Б) ұлы ғалым; C) ұлы сазгер;
D) ұлы әнші; E) ұлы адам.

4. Қыста киетін киімді тап:

A) көйлек; Б) жейде; C) шұлық; D) күртеше;
E) пима.

5. Туынды сын есімді тіркесті тап:

A) жақсы адам; Б) әдемі қыз; C) тұщы су;
D) қалалық мектеп; E) ақ қоян.

6. Қыста ауа райы қандай болады?

A) жаңбыр жауады; Б) қар ериді; C) күн аязды болады;
D) нөсер жаңбыр жауады; E) көк шығады.

7. Сөйлемді толықтыр:

Менің досымның мінезі ...

A) ұзын; Б) сұлу; C) қоңыр; D) сыпайы; E) қысқа.

8. Тәуелденген сөзді тап:

A) білімді; Б) сіңілім; C) жақын; D) дәрігерсің; E) дәптерлер.

9. Иелік форма қалай жасалады?

A) –нші, –ыншы; Б) –нікі, –дікі, –тікі; C) –мен, –пен;
D) –ды, –ді E) –тікі, –пен.

10. Жылқының төлін тап:

A) бұзау; Б) ешкі; C) бота; D) құлын; E) лақ.

11. Есімдік қандай сөз орнына қолданылады?

A) етістік; Б) үстеу; C) есім сөз; D) есімше;
E) көсемше.

12. Төрт түлік малға не жатады?

A) ит; Б) мысық; C) түйе; D) құстар; E) аю.

13. Киім дүкенінде не сатылады?

A) киім; Б) ойыншықтар; C) кітаптар;
D) азық-түліктер; E) электрозаттар.

14. Жіктік жалғауын тап:

Мен тұр...

A) -сың; Б) -ды; C) –мын; D) –сіз; E) -мін.

15. Өздік есімдікті тап:

A) мен; Б) кім; C) осы; D) өзі; E) біз.

16. Дара етістікті тап:

A) көп сөз; Б) құлап қалды; C) жазып отыр;
D) қозғалды; E) ойнап жүр.

17. Сатушы не істейді?

A) тігеді; Б) оқиды; C) жазады;
D) емдейді; E) сатады.

18. Сан есім нені білдіреді?

A) заттың қимылын; Б) заттың санын;

С) заттың атын; D) орынбасар сөз табы;
E) қимылдың түрлі белгісі.

19. Өткен шақта тұрған сөзді тап:

A) бара жатыр; B) алды; C) тұрармын;
D) қатады; E) бармақ.

20. Сен кімсің?

A) оқушы; B) оқушысың; C) оқушымын;
D) оқушымыз; E) оқушылар.

21. Мақалды жалғастыр

Нан дастарқанға

A) ұшып келеді; B) еңбекпен келеді;
C) пісіп келеді; D) жиналып келеді;
E) тәтті болып келеді.

22. Етістіктің неше шағы бар?

A) 2; B) 3; C) 4; D) 5; E) 1.

23. «Еңбек» деген сөздің синонимін тап:

A) жұмыс; B) қызмет; C) мамандық;
D) іс; E) қауын.

24. Сан есімнің құрамына қарай қандай түрлері бар?

A) дара, күрделі; B) негізгі, туынды;
C) жалпы, жалқы; D) жуан, жіңішке;
E) қимылдың түрлі белгісін.

25. Үстеу нені білдіреді?

A) заттың қимылын; B) заттың санын;
C) заттың атын; D) орынбасар сөз табы;
E) қимылдың түрлі белгісін.

I нұсқа (IV тоқсан)

1. Мұсылманның Жаңа жылы қашан тойланады?

A) мамырда; B) ақпанда; C) шілдеде;
D) наурызда; E) сәуірде.

2. Сөйлемді аяқта

Мен ұшқыш болуды...

A) армандаймын; B) оқимын; C) боламын;
D) жүр; E) жатыр.

3. Көктем хабаршысы қандай құс?

A) бозторғай; B) бұлбұл; C) қараторғай;
D) шымшық; E) тоқылдақ.

4. Үстеу мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?

A) 2; B) 3; C) 4; D) 5; E) 1.

5. Бір аптада неше күн бар?

A) 12; B) 31; C) 4; D) 7; E) 3.

6. Күрделі сан есімді тап:

A) тоғызда; B) он; C) он екі; D) жиырма; E) жүз.

7. Сөйлемді толықтыр:

Мен мектептен ... үйге барамын.

A) шейін; B) арқылы; C) кейін; D) бірге; E) туралы.

8. Адам немен естиді?

A) көзбен; B) аяқпен; C) құлақпен; D) ауызбен; E) баспен.

9. Шылаудың қандай түрлері бар?

A) демеулік, септеулік, жалғаулық;
B) одағай, еліктеуіш; C) зат есім, сын есім;
D) етістік, үстеу; E) сұраулық, болымсыздық.

10. Адамның бас мүшелеріне не жатады?

A) бас, қол, аяқ; B) етік, бас, қол; C) шаш, киім, көз;
D) бет, мұрын, ауыз; E) тамақ, құлақ, иық.

11. Сөз үнді дыбысқа аяқталса, қосымша қандай дыбыстан басталады?

A) дауысты; B) үнді немесе ұяң; C) ұяң немесе қатаң;
D) қатаң; E) дауыссыз.

12. Сұраулы демеулікті тап:

A) Ол оны шақырды(ма); B) жарна(ма);
C) Мектепке бар(ма); D) Сурет сал(ма);
E) Сен одан ақша ал(ма).

13. Сан есім бар сөз тіркесін тап:

A) Менің ағам; B) Бес қыз; C) Анау бала;
D) Алтын адам; E) Сұлу әйел.

14. Қаратпа сөзі бар сөйлемді тап:

A) Алмас, мектепке бірге барайық.
B) Алмас мектептен келді. C) Алмас үйге келді.
D) Мен Алмасты көрдім. E) Алмас менің досым.

15. Реттік сан есімді тап:

A) үш; B) үшінші; C) үшеу; D) үштен; E) үшеуі.

16. Сілтеу есімдікті тап:

A) мен; B) кім; C) осы; D) өзі; E) біз.

17. Күрделі етістікті тап:

A) көп сөз; B) құлап қалды; C) сөйледі;
D) қозғалды; E) ойнады.

18. Дәрігер не істейді?

A) тігеді; B) оқиды; C) жазады;
D) емдейді; E) сатады.

19. Осы шақта тұрған сөзді тап:

A) бара жатыр; B) алды; C) тұрармын;
D) қатады; E) бармақ.

20. Қатаң дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшаны тап:

A) білімді; B) қонақтар; C) оқыған;
D) қойды; E) терезелер.

21. Сілтеу есімдікті тап:

A) бірнеше; B) өзін; C) сонау;
D) қашан; E) сіз.

22. Оқу жылы қай айда аяқталады?

A) қыркүйек; B) қаңтарда; C) мамырда;
D) тамызда; E) наурызда.

23. «Еңбек» деген сөздің синонимін тап:
А) жұмыс; Б) қызмет; С) мамандық;
D) іс; E) қауын.
24. Антонимдер қатарын тап:
А) оқушы, шәкірт; Б) халық, ел;
C) қара, ақ; D) әдемі, сұлу; E) кең, биік.
25. Сөйлемді толықтыр:
Дүкен ... ашылады?
А) ештеңе; Б) қашан; C) әрбір; D) өзі;
E) қандай.
- II нұсқа (IV тоқсан)**
1. Мұсылманның күнпарағы бойынша жыл басы қай айда басталады?
А) ақпанда; Б) қаңтарда; C) қарашада;
D) желтоқсанда; E) наурызда.
2. Көктемнің бірінші гүлі
А) раушангүл; Б) жауқазын; C) түймедақ;
D) бәйшешек; E) орамжапырақ.
3. Бір ғасырда неше жыл бар?
А) 4; Б) 100; C) 12; D) 365; E) 7.
4. Жазда қиетін киімді тап:
А) көйлек; Б) тон; C) шұлық; D) қолғап;
E) пима.
5. Үстеу мағынасына қарай неше түрге бөлінеді?
А) 2; Б) 3; C) 4; D) 5; E) 1.
6. Күрделі сан есімді тап:
А) тоғызда; Б) он; C) он екі; D) жиырма; E) жүз.
7. Сөйлемді толықтыр:
Ол Отан ... әңгімеледі.
А) сияқты; Б) туралы;
C) бірге; D) емес; E) ма.
8. Сұраулы демеулікті тап:
А) Ол оны шақырды(ма);
Б) жарна(ма);
C) Мектепке бар(ма);
D) Сурет сал(ма);
E) Сен одан ақша ал(ма).
9. Адамның дене мүшелеріне не жатады?
А) бас, қол, аяқ; Б) етік, бас, қол;
C) шаш, киім, көз; D) су, мұрын, ауыз;
E) тамақ, құлақ, иық.
10. Сөз қатаң дыбысқа аяқталса, қосымша қандай дыбыстан басталады?
А) дауысты; Б) үнді; C) ұяң; D) қатаң;
E) дауыссыз.
11. Жазда не піседі?

- А) астық; Б) жидектер; C) анар;
орамжапырақ; E) картоп.
12. Жазда күндер қандай болады?
А) ұзақ; Б) қысқа; C) суық; D) кең; E) тар.
13. Сын есімі бар сөз тіркесін тап:
А) Менің ағам; Б) Бес қыз; C) Анау бала;
D) Алты адам; E) Сұлу әйел.
14. Қаратпа сөзі бар сөйлемді тап:
А) Алмас, мектепке бірге барайық.
Б) Алмас мектептен келді. C) Алмас үйге келді.
D) Мен Алмасты көрдім. E) Алмас менің досым.
15. Сұраулы есімдікті тап:
А) мен; Б) кім; C) осы; D) өзі; E) біз.
16. Нанды қайда пісіреді?
А) элеваторда; Б) наубайханада; C) диірменде;
D) дүкенде; E) егістікте.
17. Тігінші не істейді?
А) тігеді; Б) оқиды; C) жазады;
D) емдейді; E) сатады.
18. Тек үнді дауыссыздан құралған сөзді тап:
Мейрам кешке жақын келуі қажет.
А) кешке; Б) келуі; C) жақын; D) Мейрам;
E) қажет.
19. Ашық-тұйық-бітеу буынды сөзді тап:
А) қатысқан; Б) бауырмал; C) туысқан;
D) жиналыс; E) қиылыс.
20. Сөйлемді толықтыр:
Дүкен ... ашылады?
А) ештеңе; Б) қашан; C) әрбір;
D) өзі; E) қандай.
21. Синонимдер қатарын тап:
А) оқушы, шәкірт; Б) халық, жер;
C) қара, ақ; D) әдемі, қыз; E) кең, биік.
22. Есептік сан есімді тап:
А) үш; Б) үшінші; C) үшеу; D) үштен;
E) үшеуі.
23. Берілген жұрнақ қай сөзге жалғанатынын тап: -дас
А) дос; Б) ақыл; C) пайда; D) сана; E) ой.
24. Оқу жылы қай айда басталады?
А) қыркүйекте; Б) қаңтарда; C) мамырда;
D) тамызда; E) наурызда.
25. Ұяң дауыссыз дыбыстан басталатын қосымшаны тап:
А) білім; Б) қонақтар; C) оқыған;
D) қойшы; E) терезесі.

В.СҰЛТАНҚЫЗЫ,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы

ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН

7-СЫНЫПҚА АРНАЛҒАН

МОДУЛЬДІК ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

Менің әуес ісім.

I нұсқа

I.Мақал -мәтелді аяқтау. Кітап -

- а) ортақ тақырып;
- ә) білім жұғысады;
- б) білім бұлағы;
- в) достын көңілі;
- г) білетін ғылым.

2.«Кітап» тақырыбына байланысты сөйлемді анықта.

- а) Кітап - көп ақылдың құйылған көлі.
- ә) Ол-анасының баласы.
- б) Ғарышкерлер күні.
- в) Әдемі гүлдің суреті.
- г) Көктем мезгілі.

3.Қазақ тілінде неше септік бар?

- а)9;
- ә)6;
- б)8;
- в)7;
- г)5.

4. Сөйлемді аяқта. Кітап -

- а) сатып алу үшін керек.
- ә) баланың арнайы ойнайтын ойыншықтарының түрі.
- б) тек әскери жұмысқа үйретеді.
- в) ортақ мүлік, халық қазынасы, сарқылмас білім бұлағы.
- г) оқушыларға арналған анықтама.

5. Ілік септігінде тұрған сөздерді көрсет.

- а) кітапқа,білімге, суретке;
- ә)кітаппен, біліммен, суретпен; б)кітапта,білімде, суретте;
- в)кітаптан,білімнен, суреттен;
- г)кітаптың,білімнің, суреттің.

6.«Артық білім - кітапта» кімнің сөзі?

- а) Н.Крупская;
- ә) Цицерон;
- б) Абай;
- в) М.Жұмабаев;
- г) Н.Назарбаев.

7.Жұмбақ шешу. Өрікте бар, алмада жоқ.
көкпарда бар, бәйгеде жоқ, бұл қай әріп?

- а) «О» әрпі;
- ә) «К» әрпі;
- б) «І» әрпі;
- в) «Р» әрпі;
- г) «Ө» әрпі.

8. «Тарихи шежіресі» сөз тіркесінің аудармасын табу:

- а) особое произведение;
- ә) летописьистории;
- б) авторское право;
- в) социальные условия;
- г) развитые страны.

9. Сөйлемді аяқтау. Фотоөнер -қас қағым сәттің

- а) қызығатын ойы; ә) ойнайтын тарауы;
- б)өмірлік шежіресі; в) демалатын сәті;
- г) арманның уақыты.

10.Фотоға, суретке - қай септікте тұрған сөздер?

- а) Атау септікте; ә) Барыс септікте;
- б)Табыс септікте; в)Шатыс септікте;
- г) Көмектес септікте.

11. Роза Рымбаева кім? а) суретші; ә) қолөнерші;

- б) әнші; в) биші; г) тоқымашы.

12. Дұрыс құралған сөйлемді көрсет.

- а) Менің ән айту - әуес ісім.
- ә) Ән айту -ісім әуес.
- б) Әуес менің ән -ісім айту.

- в) Менің айту - ісім әуес ән.
г) Менің әуес ісім -ән айту.

13.Көп нүктенің орнына тиісті еріндік дауыстыларды қойып жаз. К...ап,с...нау,...шқыш,т...рт

- а) ө,е,о,і;
ә) і,а,ұ,ө;
б) ы,ү,ұ,у;
в) і,а,ы,е;
г) е,і,ә,о.

14.Менің әуес ісім - ас дайындау. Сөйлем кім туралы?

- а) әнші;
ә) биші;
б) аспазшы;
в) кітапханашы;
г) өнерпазшы.

15.Кім?не? қай септіктің сұрақтары?

- а) Барыс септік;
ә) Шығыс септік;
б) Атау септік;
в) Жатыс септік;
г) Ілік септік.

16. Мақал-мәтелдің орыс тіліндегі баламасын тауып көрсет.

«Ерінбеген етікші болады.»

- а) Джигиту знать семь ремесел мало, знать семьдесят ремесел -немного.
ә) Не на силу надейся, а на мастерство.
б) У умельца десять рук.
в) Настоящий умелец по песку проводит корабль.
г) Ремеслом сапожника овладеет настойчивый.

17. Кімге? Неге? Қайда? қай септіктің сұрақтары?

- а) барыс; ә) шығыс; б) атау; в) жатыс; г) ілік.

18. Төменде берілген тұлғалардың қайсысы әнші емес?

- а) Роза Рымбаева; ә) Роза Бағланова; б) Дина Нұрпейісова;
в) Бибігүл Төлегенова; г) Нағима Есқалиева.

19. Төмендегілердің қайсысы ас үйдің затына жатпайды?

- а) ине; ә) табақ; б)пышақ; в) етартқыш; г) кесе.

20. Қай қатарды әуес іске жатқыза алмаймыз?

- а) кітап оқу; ә) жуыну; б) ән айту; в) би билеу; г) ас әзірлеу.

(Жалғасы бар.)

ҚАЗАҚ ТІЛІ – АЗАТ ТІЛ

Талай – талай ғұмыр өтті басыңнан,
Аман қалдың сан мыңдаған жасыңнан.
Қиындыққа мойымадың, Ана тіл,
Жаралғансың сен бейне бір асылдан.

Еркіндікке ап шығам деп өзінді,
Қара халық сарыққанда төзімді.
Ақыл айтты, халқыма көп дүмшелер,
Соларды да жеңдік десек кім сенер?!

Бодандықтың бұғауына байланып,
Кетті талай ұлыларың айдалып.
Тілі басқа, діні басқа немелер,
Сөз сөйледі зор тұлғаға айналып.

Деп ойладық: «Біздің де жай өзгелермен теңелер»
Сол уақытта ұрандатты Ахметтей кемеңгер.
«Тіл жоғалса, жоғаламыз бәріміз,
Жоғаламыз жасымыз бен кәріміз».

Деген ұран батқан болар арқасына халықтың,
Күресімен ұлылардың қайта туды жарық күн.
Құндақталып жатқан талай даналар,
Алыптары болып шықты, алыптың.

Міне, осылай қайта туды жарық күн,
Мәртебесі көтерілді халықтың.
Сен соны аңсап төзімінді сарықтың,
Қазақ тілі – азат тілі халықтың.

...Көк аспанда жарқырасын күніміз,
Кең әлемді алсын біздің үніміз.
Болашағы баянды боп халықтың,
Аман болсын біздің Ана тіліміз!

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 830. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№7, 2015 ж., 144 бет, Алматы.